

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

Д.Т. АЙТБАЕВ, А.К. НИСАНБАЕВА

АНА ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

1-бөлім



Д.Лутфуллаева—Ә.Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті профессоры, филология ғылымдарының докторы

Қолыңыздағы оқу қолданба жалпы орта білім беретін мектептерінің ана тілі оқытушыларына, жоғары оқу орындарының 5111700 - «Бастауыш білім және спорт-тәрбиелік жұмыс» бакалавриат білім бағыты талапкерлеріне арналған. Бұл оқу қолданба—ана тілінің лексика,фонетика,морфология,синтаксис тәрізді негізгі тарауларын тұтас қамтитын, қысқартылып жазылған ықшамды нұсқа. Сондай-ақ ғылыми-теориялық мәліметтерді іс жүзіне енгізудің де әдіс-тәсілдері көрсетілген.

Алғы сөз

«Адамның жүрегіне барар жол, ең алдымен, тәлім-тәрбиеден басталады» дейді Республикамыздың Бірінші Президенті И.А.Каримов өзінің «Жоғары руханият- жеңілмес күш» атты шығармасында. Қазіргі кезеңде мемлекетімізде білім мен руханиятқа терең мән беріліп келеді. Өзбекстан білім саласындағы жетістіктерімен әлемге танылып отыр.

Білім саласы Өзбекстан Республикасында жасайтын қазақ мектеп оқушылары үшін ана тілі сабақтары өмірді, ондағы адамдық қарым-қатынастарды түсінуге ашылған терезе іспеттес. Мұнда қайырымдылық, адалдық, бір-бірін түсіне білу, парыз және басқа да көптеген түсініктердің алғашқы бастамаларының негізі қаланады. Әрине, осындай маңызды ұғымдар оқушы санасында дайын күйінде қалыптаспайтындығы айдан анық. Міне, сондықтан ана тілі пәні мұғалімдері сабақ құрылымын құруда көркем сөздер арқылы тек оқушының санасына әсер етуді көздемей, алдымен, оқушының сезіміне әсер етуге, оларды жақсылыққа қарай итермелеуге жағдай жасап, шығарма арқылы шынайы өмірге көпір салуға ұмтылғаны жөн.

Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой-өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды факторлар болып саналады.

Дамыта оқыту технологиясы балаға өз бетінше ойланып қорытынды жасай білуге сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауды үйренуге машықтандырады, теориялық мәселелерді практикада қолдана білуге баулиды, шығармашылық ізденіс әдістерін игеруге көмектеседі.

Мұғалімнің инновациялық-дидактикалық іс-әрекеті жалпы әрекеттің реттілігімен, нақтылығымен сипатталады. Педагогтің инновациялық-дидактикалық іс-әрекетке қатысуы мұғалімнің жаңалыққа деген көзқарасы,

педагогикалық біліктілік деңгей, жеке педагогикалық іс-тәжірибесі, мұғалімнің теориялық педагогикалық дайындық деңгейлерімен сипатталады.

Шын мәнінде педагогикалық технологиялар тарихын, оның пайда болуын, мақсат-міндеттерін, қызмет ету үрдісін зерделеп талдау, олардың маңызды құрылымдық элементтерін айқындау, ой елегінен өткізу, оқытушыларға құнды педагогикалық біліммен қарулануға мүмкіндік береді.

Ана тілі – оқушыдан тек терең меңгеруді ғана қажет етіп қоймай, заман талабына сай болуды да қажет етеді. Әсіресе, ана тілінің фонетикалық жүйесін, лексикалық құрамын, грамматикалық құрылысын практикалық жақтан әрі тұжырымды, әрі нақты түсінікті етіп баяндап, талдап беретін оқу қолданба мен оқу құралдарының қажеттігі күмән тудырмаса керек. Өйткені қазақ орта мектебін бітірушілер де, өз ана тілі мен әдебиетінен маман боламын деген талапкерлер де, сол мамандықтың талапкерлері де өз ана тілінен емтихан тапсырады. Емтиханға сапалы дайындалу үшін, соған сай оқулық керек екені өзінен өзі белгілі. Ал қазіргі мектеп оқулықтары ол міндетті толық өтей алмай жүр. Себебі, ана тілінен мектеп оқулықтарының сапасы әлі де жақсарта түсуді қажет етеді. Сондықтан да мектепте алған білімін жинақтап қайталауға, практикалық дағдысын ұштай түсуге мүмкіндік бола бермейді.

Міне, осындай қажеттіліктерді өтеу мақсатында бұл оқу қолданбада ана тілінің фонетика, лексика, грамматика және орфография сияқты тараулар тұжырымдалып беріліп отыр. Оқу қолданбада тіл білімінің осы салаларына байланысты ұғымдар, грамматикалық құбылыстар жалаң баяндалмайды, яғни оқушының теориялық білімін, практикалық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беріп ұштастырады.

Сөйтіп, ана тілінің фонетикалық жүйесінен, лексикалық құрамы мен грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) құрылысынан - сөзжасам, сөз таптары, сөз тіркесі, сөйлем және оның құрылымы жүйесінен толық білім береді деп үміттеміз.

Ана тілінің маңызы мен қоғамдық қызметі

1-§Тіл- адамдар арасындағы қатынас құралы

Адамдар қоғамдық өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайды, түсініседі, пікір алысады, ойын жеткізеді. Тіл болмаса адам өз ойын екінші біреуге жеткізе алмас еді, айта алмас та еді,біреудің ойын түсініп, біле алмас та еді.Тіл арқылы оқып, білім аламыз, мамандықты игереміз. Өткен тарихымыз бен халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері, т.б тіл арқылы жетеді, тіл арқылы кейінгі ұрпаққа жалғасады.

Тіл –қоғамдық құбылыс.Тек қоғам бар жерде, ұжым бар жерде ғана тіл болады. Қоғамнан тыс жерде тіл болмайды, тіл халықпен байланысты, сол халықтың өкілдері арасындағы қатынас құралы болып табылады.Тіл өзі қызмет етіп отырған халықпен, қоғаммен бірге туады, бірге дамиды, өседі,өркендейді, тіпті, бірге құриды,өледі.

Тіл білімі деп аталатын ғылым қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар қатарынан орын алады да, адамдар тілі, яғни олардың сөйлесу құралы оның зерттеу нысаны болып табылады. “Тіл білімінің түсіндірме сөздігінде” бұл ғылымға төмендегіше түсініктеме береді: «Тіл білімі тіл туралы, оның қоғамдық табиғаты, қызметі, ішкі құрылымы, өзіндік ерекшеліктері туралы; белгілі бір тілдің ресми заңдылықтары мен тарихи дамуы туралы ғылым»¹.

Тіл-күрделі құбылыс.Ол бірнеше бөлімдерден тұрады.Тіл білімінде ол бөлімдер тілдік деңгей немесе тілдік қабат деп аталады.Тілдің фонетикалық немесе дыбыстық жүйесін фонетика, лексикалық (сөздік) құрамын лексикология, грамматикалық құрылысын грамматика (морфология және синтаксис) зерттейді. Сондай-ақ тілде жаңа ұғымдардың келуімен байланысты оның атаулары-жаңа сөздер де жасалып отырады.Оны қарастыратын сала сөзжасам деп аталады.Грамматиканың өзі үлкен екі бөлімнен тұрады: бірі – морфология, екіншісі - синтаксис.

¹ А. Ҳожиев. Тилшунослик терминларининг изоҳли луғати. “Ўзбекистон Миллий энциклопедияси” давлат илмий нашриёти . –Т.: 2002, 107-бет.

2-§Қазақ тілі- қазақ халқының ана тілі

*Сүйемін туған тілім-ана тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минәтімнен,
Құлағыма сіңірген таныс үнін.*
(С. Торайғыров)

Адам баласы дүниеге келген сәттен бастап айналадағы жаңа ұғымдарды, табиғат құбылыстарын ана тілінде ұғына бастайды. Бесік жырларынан бастап сан ғасырлар бойы халқымыз дәріптеп, дамытып келген қоғамдық, саяси-әлеуметтік,мәдени,рухани байлықтарды адам ана сүтімен бойына енген туған тіл арқылы игеріп, игілігіне айналдырады. Өткеніне көз жіберіп, ой елегінен өткізіп таразылайды,болашағына қол созып болжайды,ғылым көкжиегіне шығарып самғатады,келешегіне жол сілтейді.

Ана тілі арқылы адамдар бір-бірімен сөйлесіп, ойын жеткізеді, пікір алысады.Ана тілі арқылы оқып, білім алады, өз ортасында тәрбиеленеді.Ана тілі арқылы халқымыздың өресін көрсететін ұлы-ұлы әдеби, мәдени туындылар жасалады. Ана тілі- халқымыздың өмір сүріп, қоғамдық өмірде дамып отыруының әрі көрінісі, әрі кепілі. Өйткені, біріншіден, ана тілі халқымыздың, қазақ халқының дүниеге келіп, өмір сүруімен тікелей байланысты, екіншіден, ана тілін ұмытып,ана тілінде сөйлемеген, ана тілінде тәлім-тәрбие бере алмаған халықтың келешегі жоқ, тағдыры мүшкіл болып, тарих сахнасынан өшеді.

Өз ана тілін білмеген, қадірлемеген адам өзін дүниеге әкелген, мәпелеп өсірген анасын да, ел-жұртын да, Отанын да сүйе алмайды,қадірлей алмайды.

Жастайынан қиялыңды қияға өрлеткен қиял-ғажайып ертегілер,сүйіп тыңдайтын шыншыл да сыршыл аңыз-әңгімелер, ерлікті, елдікті ту еткен батырлар жырлары, шынайы махаббатты мұрат еткен әсем де әсерлі ғашықтық, лиро-эпикалық жырлар, бірлікті, берекетті мақсат еткен өткір де өміршең шешендік сөздер, халық даналығы мақал-мәтелдер ана тілінде дүниеге келіп, әрбір адамға сол ана тілінде жетіп отыр.Осындай ана тілінде

жырланған халық мұрасынан ғибрат аласың, өміріңе өнеге тұтасың, білім бұлағынан сусындайсың, сезіміңе әсер етіп, білім-ғылым әлеміне құлаш ұрасың. Абайдың даналығын, Махамбеттің батылдығын, Бұқардың ақылмандығы мен жанашырлығын, Абылайдың данышпандығын, Бөгенбай мен Қабанбайдың батырлығын түйсініп, рухани өміріңе азық етесің. Сондықтан да ана тіліңнің тағдыры үшін күйесің де, күйінесің де, шаттанасың да, шалдығасыңда. Ана тіліңнің келешегі, тағдыры үшін неге болса да дайын бол!

Кембридж университеті профессоры Жорж Юлдің пікірінше, тілдің пайда болуында төмендегі дереккөздер болған:

1. Көк тәңірі дереккөзі (The divine source).
2. Табиғи дыбыс дереккөзі (The natural sound).
3. Өзара қоғамдық әсер дереккөзі (The social interaction source).
4. Тұлғалық қалыптасу дереккөзі (The physical adaptation source).
5. Инструментал дереккөздер (The tool-making source).

6. Генетикалық дереккөздер (The genetic source).² (In the biblical tradition, as described in the book of Genesis, God created Adam and “whatsoever Adam called every living creature, that was the name thereof.” Alternatively, following a Hindu tradition, language came from Sarasvati, wife of Brahma, creator of the universe. In most religions, there appears to be a divine source who provides humans with language. In an attempt to rediscover this original divine language, a few experiments have been carried out, with rather conflicting results).

Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, әрқайсымыздың жетемізге жеткізіп, түйсігімізге түйіндіріп, түсіндіріп келеді. Сондықтан да халқымыз туған тілді, ана тілін, сөз өнерін бар өнердің басы деп саналады. “Өнер алды- қызыл тіл”, “Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады”, “Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болады”, “Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі”, “Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген” т.б халқымыздың

² George Yule. The Study of Language. CAMBRIDGE UNIVERSITY PRESS. 2010, 2-6-беттер.

орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. Біз де ана тілімізді, дінімізді қадірлей, қастерлей білейік. Таза болуына, дамуына, өрлей, өркендей түсуіне ат салысайық! Ол үшін бір-бірімізбен үйде де, далада да таза ана тілінде сөйлесейік, ана тілінде жазылған, айтылған ата-бабаларымыздың асыл мұраларын аялап, ардақтайық, жаттап ап айтып жүрейік, өмірімізге үлгі тұтайық. Өзіміз де ана тілімізде өлең, жыр, әңгіме жазайық. Ерінбейік, сәтсіздіктен мойымайық.

Елінің, халқының адал ұл-қызы болам деген адам имандылыққа толы игі қасиеттерді қалыптастыратын әдептілікті, ізгілік пен ізеттілікке толы халықтың нұрлы, асыл сөздерін, тілдің жан тербетер құдіретін ана тілінде ұғып үйренеді. Яғни ғасырлар бойы жинақталған саф күмістей тіл қазынасын, оның сөз байлығын адам жаны мен жадына мысқалдап енгізу анадан басталады. Ал ананың ақ сүтімен бойымызға қоса даритын тіл мұрасын бар байлығымен, көркемдік қуатымен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, сөз жасап, дамытушы, тілді мейлінше қастерлеуші халық-тіл анасы, тіл бұлағы. Сондықтан да халқымыз тілін басқаша емес, ана тілі деп атаған.

Ана тілінің маңызы мен қоғамдық қызметі аса зор. Біріншіден, ол қатынас құралы. Әр халық өкілдері бір-бірінің ойын, ең алдымен, ана тілі арқылы түсінеді, бір-бірімен ана тілінде сөйлеседі. Екіншіден, әр адам ана тілінде оқып, білім алады тәрбиеленеді, өнер үйренеді, халықтың тарихымен, әдет-ғұрпымен танысып, тұрмыс-тіршілігін танып біледі. Үшіншіден, ана тілі-халықтың рухани байлығының, экономикалық және тарихи дамуының құралы.

Қазақ тілі-қазақ халқы үшін әдебиет, мәдениет, ғылым мен білім тілі, оқу-ағарту тілі, түрлі іс қағаздарының тілі.

3-§ Қазақ тілінің туыстас тілдер ішінде алатын орны

Қазақ тілі түркі тілдер тобына енеді. Қазіргі кезде отызға жуық түркі тілі бар. Түркі тілінде сөйлейтін халықтардың көпшілігі бұрынғы КСРО-да, жеке-

жеке республикаларда, Ресейдің құрамындағы республикаларда, автономиялы облыстарда тұрады. Олар, қазақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, түркімен, чуваш, қарақалпақ, татар, башқұрт, якут, тува, хакас, алтай, құмық, қарашай-балқар, гагауз, түрк, ұйғыр, т.б. Түркі тілінде сөйлейтін халықтардың біразы Түркия, Иран, Ауғанстан, Қытай, Монғолхалық республикасында, т.б. жерлерде де тұрады.

Қазақ тілі - Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар, басқа туысқан республикаларда, сондай-ақ шетелдерде де тұратын қазақтардың ана тілі.

Қазақ тіліне тән мына сияқты ерекшеліктерді байқауға болады:

1) басқа түркі тілдерінде сөз басында *й* келетін жерде қазақ тілінде *ж* дыбысы айтылады: *йаш-жас, йол-жол, йаз-жаз, йыл-жыл*, т.б.:

2) басқа түркі тілдердегі *ш* дыбысы қазақ тілінді *с*, ал *ч* дыбысы *ш* дыбысына ауысады: *аш-ас, таш-тас, ич-іш, куч-күш*, т.б.:

3) дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпал заңдылығы бойынша қазақ тіліндегі қосымшалардың үяң, қатаң, үнді дыбыстардан басталатын бірнеше түрлері басқа түркі тілдерінде бола бермейді. Мысалы: қазақ тілінде сөзге *ат-тар, қыз-дар, жас-тың, қыз-дың, бала-лар, бала-ның, көш-тер, көш-тің* болып қосымша жалғанса, өзге түркі тілдерінде, негізінен, олар былай қолданылады: *ат-лар, йаш-ның, қыз-ның, бала-лар, бала-ның, көч-лер* т.б.

Белгілі бір тілді (оның жүйесі мен құрылымын) ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру үшін және оның даму заңдарын айқындау үшін, ол тілді және ондағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды туыстас тілдердегі бір тектес құбылыстармен салыстыру тұрғысынан зерттеу қажет. Яғни тілдің табиғатын, оның даму заңдарын айқындаудың басты шарты - тілдік құбылыстарды тарихи (өзгеру, даму) және салыстыру тұрғысынан зерттеу.

Дүние жүзіндегі тілдер өздерінің шығу тегінің бірлігіне, яғни туыстығына қарай әр түрлі семьяларға, топтарға бөлінді.

Шығу тегі, туыстығы жағынан топтастыру бойынша дүние жүзіндегі тілдер былайша жіктелінеді:

I. Индоевропа семьясы.

II. Семит-Хамит тілдері семьясы.

III. Кавказ тілдері семьясы. Бұларға жататын тілдер: грузин, абхаз, адыгей, кабардин, чечен, ингуш, дағыстан, авар, лезгин.

IV. Фин угор тілдері семьясы.

V. Түркі тілдері семьясы. Бұлар ең алдымен 1) Батыс хун бұтағы;
2) Шығыс хун бұтағы деп, екіге топтастырады:

1. Батыс хун бұтағы төртке бөлінеді:

1. Булгар тобы (чуваш);
2. Оғыз тобы (түрікмен, гагауз, азербайжан, түрік);
3. Қыпшақ тобы (қараим, құмық, қарачай, балқар, қырым татарлары, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қазақ);
4. Қарлуқ тобы (өзбек, ұйғыр).

2. Шығыс хун бұтағы екіге бөлінеді:

1. Ұйғыр-оғыз тобы (тува, якут, хакас, иор).
2. Қырғыз-қыпшақ тобы (қырғыз, алтай).

Жоғарыдағыдай аталған ерекшеліктерді аңғарту үшін 1- кестеге назар аударыңыз.

1- кесте

Тілдер				
қазақ	тістер	қолдар	отыз	отыр
ноғай	тислер	қоллар	отыз	олтыр
қарақалпақ	тислер	қоллар	отыз	отыр
құмық	тишлер	кьюллар	отуз	олтур
татар	тешләр	куллар	утыз	олтур
башқұрт	тештәр	кулдар	утыз	утыр
өзбек	тишлар	құллар	ұттыз	ултыр
ұйғыр	чишлар	қоллар	оттуз	олтар
хакас	тістер	холлар	отыс	одыр

түрік	дишлер	голлар	отуз	отур
әзірбайжан	дишләр	голлар	отуз	отур
қырғыз	тыштер	колдар	отуз	отур

«Тіл туралы мәлімет» тақырыбы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

- Өзбек тілі түркі тілдерінің қай тобына жатады?
 - Оғыз
 - Қарлұқ тобы
 - Қыпшақ тобы
 - Түркі тобы
- Қазақ тілі мемлекеттік статусқа қашан ие болды?
 - 1989 ж 21 қазанда
 - 1989 жыл 22 ақпанда
 - 1990 жыл 1 қыркүйекте
 - 1991 жыл 8 желтоқсанда
- Қазақ тілі түркі тілдерінің қай тобына жатады?
 - Оғыз тобына
 - Қарлұқ тобына
 - Қыпшақ тобына
 - Түркі тобына
- Өзбек тілі түркі тілдерінің қандай тобына жатады?
 - Қарлұқ тобына
 - Балқар тобына
 - Оғыз тобына
 - Түркі тобына
- Қазіргі түркі тілдері неше топқа бөлінген?
 - Бес топқа

В. Алты топқа

С. Жеті топқа

Д. Екі топқа

6. Қазақ тіл білімінің неше саласы бар?

А. 3саласы

В. 2 саласы

С. 5 саласы

Д. 4 саласы

7. Қазақ тілітүркі тілдерінің қай бұтағына жатады?

А. Қыпшақ тобы

В. Оғызтобы

С. Чуваштобы

Д. Қарлұқ тобы

8. Қазақ жазуы нешінші жылға дейін араб жазуы түрлерін қолданған?

А. 1914 жылға дейін.

В. 1945 жылға дейін.

С.1929 жылға дейін.

Д. 1940 жылға дейін.

9. Қазақ жазуы нешінші жылдары латын жазу түрлерін қолданған ?

А. 1914-1928 ж.ж

В. 1944-1945ж.ж

С. 1929-1940ж.ж

Д. 1939-1941ж.ж

10. Қазақ жазуы нешінші жылдан бастап кириллица (орыс)жазуынан қолданып келеді?

А. 1938 ж.

В. 1940ж.

С.1914ж.

Д. 1929 ж.

ФОНЕТИКА

1-§ Фонетика туралы түсінік

Фонетика (гректің *фоне* — дыбыс деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған) — тіл дыбыстарының жүйесін, жасалуы мен ерекшеліктерін, әр түрлі сипаты мен бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

Академик Щербаның айтқанындай: "Жалпы фонетиканы акустика, физиологиядан да басқаша, лингвистикалық жақтан айрықша пән ретінде бөліп қарау және оны тіл дыбыстарының, адамдардың тілдік қатынас жасау жағдаятындаатқаратын қызметіне орай әлеуметтік ғылымдардың қатарында қарау керек"³.

Жорж Юл артикуляция туралы өзінің пікірлер айтады: бір дыбыс айтуда екінші дыбысты қосып айту жағдаяты *коартикуляция* делінеді.⁴

The process of making one sound almost at the same time as the next sound is called coarticulation.

Дыбыстың сипаты әр қилы. Айналадағы заттардың әр түрлі қозғалысынан, қақтығысынан шығып, құлаққа естілетін үннің бәрі де **дыбыс** деп аталады. Мысалы, *желдің уілі, күннің күркіреуі, ағаштың шарт сынуы, бір заттың екінші бір затқа тарс етіп тиюі* т.б. әр түрлі үннің барлығы дыбыс болып саналады. Дегенменбұл сияқты дыбыстардан тіл дыбыстарының өзіндік ерекшеліктері бар. Тіл дыбыстары, біріншіден, адамның дыбыстау мүшелері арқылы пайда болып шығатын дыбыстар; екіншіден, белгілі бір жүйелік сипаты бар, саны шектеулі ғана дыбыстар, үшіншіден, белгілі ұғымды

³М.В.Щерба. Таңдамалы шығармалары, Л.Г.У. 1958, 162-163-беттер

⁴ George Yule. The Study of Language. CAMBRIDGE UNIVERSITY PRESS. 2010, 42-бет.

білдіретін сөз құрайтын ең кіші тілдік бөлшек болып табылады. Сөйтіп, тіл дыбыстары жеке тұрғанда ешбір мағына білдірмей, мәні болмаса да, белгілі бір жүйемен, тәртіппен тіркесуі арқылы бір ұғымның атауы болып табылатын, мағынасы бар сөзді құрайды.

2-§Дыбыс пен әріп

Фонология сөзін тәржіма жасағанда “*дыбыс туралы ғылым*” деген мағынаны білдіреді (*phone* – дыбыс, *logos* - ғылым). Жорж Юл “Фонология – тілдегі сөйлеу дыбыстары жүйесі мен моделдерін классификация жасау” – деп жазады.⁵ (Phonology is essentially the description of the systems and patterns of speech sounds in a language).

Тілдің дыбысталу мүшелері арқылы айтылып, құлақпен естілетін үн **дыбыс** деп аталады да, оны жазу тілінде белгілейтін шартты белгі **әріп** деп аталады. Демек, дыбысты айтамыз және естиміз, ал әріпті жазамыз және көреміз. **Әріп** — жазуда дыбысты белгілейтін шартты таңба.

Қазіргі қазақ тілінде 38 дыбыс көрсетіліп жүр. Олар: **а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у** (дауысты), **у** (дауыссыз), **ү, ұ, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ы, і, э**. Бұл жерде мына бір нәрселерді ескерту керек. 1. Жазуымызда қолданылып жүрген **е, ю,я** таңбалары білдіретін дыбыстар қосар (дифтонг) болып келеді, олар жеке-жеке саналатын **й+о** (ё), **й+у** (ю), **й+а** (я) дыбыстарының қосындысы, сондықтан олар жеке дыбыс деп қаралмайды. 2. Бірақ орыс тілінен енген сөздерде ғана кездесетін **ц(т+с), ч(т+ш), щ(ш+ш)** дыбыстары жеке дыбыс деп беріліп жүр, соңғы дыбыс (**щ**) *ащы, тұщы, кеңсе* тәрізді қазақ тілінің өз сөздерінде қос **щ(ш+ш)** дыбысының орнына да қолданылады. 3. Әдетте, **у** дыбысы бір-ақ дыбыс деп саналып жүр. Шындығында дауыссыз **у** бір дыбыс та (мысалы, *тауда, қарауында* дегендегі), дауысты **у**

⁵Жоғарыдағы еңбек. Сол жыл, сол бет.

одан бөлек, соңғысы **ұу, үу** болып, құранды (дифонгтік) сипатта айтылады. Осындай **и** дыбысы — **ый** және **ій** болып (мысалы, *сиыр, оқиды* дегенде) құранды сипатта айтылады. Сондықтан **и** дыбысы жеке дыбыс десек, дауысты **у** да жеке дыбыс бола алады.

Тілде әріптің саны дыбыстан көбірек, өйткені жеке дыбыс емес, қосар дыбыстан құралған немесе басқа да шартты белгілердің жазудағы таңбасы да әріпке жатады.

Әріптердің белгілі бір ретпен тізілген жинағын **алфавит** дейді. Қазақ тіліндегі алфавит тәртіппен тізілген әріптер: **а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ұ, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ъ, э, ю, я**. Барлығы 42.

Жорж Юл артикуляция туралы төмендегіше пікір білдіреді: бір дыбысты айтқан кездің өзінде-ақ екіншідыбыстың айтылуы коартикуляция деп аталады.⁶(The process of making one sound almost at the same time as the next sound is called coarticulation)

Қазақтіліндедыбыстардауысқатысынақарайүлкенекітопқабөлінеді:
дауыстыдыбыстаржәнедауыссыздыбыстар.

3-§ Дауысты дыбыстар

Айтылғанда, өкпеден ауа ешбір кедергісіз, еркін шығатын дыбыстар **дауысты дыбыстар** деп аталады. Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар. Олар: **а, ә, е, э, о, ө, ү, ұ, ы, і, и, у**. Бұлардың ішінде **э** тек орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады (*электр, элеватор* т.б.) және **и** мен **у** екеуі қосынды (дифтонгоид) деп аталады: **и -ы+й**немесе **і+й**және **у - ұ+у**немесе **ұ+у**.Дауысты дыбыстар буын құрайды, дауыссыздар буын құрай алмайды.

Қазақ тілінде дауысты дыбыстар үш жақта жіктеледі.

⁶ George Yule. The Study of Language. CAMBRIDGE UNIVERSITY PRESS. 2010, 42-бет.

1. Тіл қатысына (жасалу жолына) қарай *жуан* және *жіңішке* болып бөлінеді. Жуан дауыстылар: *а, о, ұ, ы* және бірде жуан, бірде жіңішке *и, у*. Жіңішке дауыстылар *ә, е, (ә), ө, ү, і* және бірде жуан, бірде жіңішке *и, у*.

2. Иек (жақ) қатысына немесе жасалу орнына қарай *ашық* және *қысаң* болып бөлінеді. Ашық дауыстылар: *а, ә, е, (ә), о, ө*. Қысаң дауыстылар: *ы, і, и, ұ, ү, у*.

3. Ерін қатысына қарай *езулік* және *еріндік* болып бөлінеді. Езулік дауыстылар: *а, ә, е, (ә), ы, і, и*; Еріндік дауыстылар: *о, ө, ұ, ү, у*.

Жорж Юл өзінің ғылыми жұмыстарында фонема санамыздағы дерексіз түсінік сыпатында пайда болған кезеңде, реал сөйлеу жағдаятында түрлі варианттарда пайда болады деген пікірді айтқан⁷

4-§ Дауысты дыбыстар әріптерінің емлесі

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың сөз құрамында қолданылу тәртібі бірдей емес.

1. *А* әрпі *ж, ш* мен *й* әріптерінің ортасында келгенде, *ә* болып оқылады, бірақ *а* әрпі жазылады. Мысалы: *шай, шайнау, жай, жайлап, мән-жайы* т.б.

2. *А* әрпі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің соңғы буынында келгенде, *ә* болып естіледі, бірақ *а* болып жазылады. Мысалы: *Жәмила, рәсуа, Ләззат* т.б.

3. *О, ө, ұ, ү* әріптері қазақтың байырғы сөздерінде бірінші буында ғана жазылады. Мысалы: *ор, көрші, құлын, ұлық, үлкен, тұлкі, сәкіде, әңгіме* т.б.

Бұл әріптер біріккен сөздермен қос сөздердің екінші сыңарларының бірінші буындарында жазылады: *Қараөткел, Қаратөбе, Айманкүл, Есенәлі, бүрсігүні, басқұр, той-топыр* т.б.

4. *Ы, і* әріптері сөздің барлық буындарында жазылады. Мысалы: *тыныштық, іс, кісілік*.

⁷Жоғарыдағы еңбек. Сол жыл. 43-бет.

5. **Ы**, *і*сөздің барлық буындарында жазыла тұра, төмендегідей жағдайларда сөздің соңғы буынында түсіп қалады:

а) Кейбір сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанса: *халық-халқым, орын-орның, көрік-көркі, әріп-әрпі т.б.*

6. **Ы**, *і* дыбыстары сөз басында **р**, ләріптерінің алдында көмескі естіліп, оны жазбағанда, сөздің лексикалық мағынасы бұзылмаса, ол дыбыстардың әріптері жазылмайды. *Рас (ырас емес), рет (ірет емес), рахат (ырахат емес), лай (ылай емес), лезде (ілезде емес), лақтыру (ылақтыру емес) т.б.*

7. **Ы**, *і* дыбысына аяқталған етістіктерге көсемшенің –*й* жұрнағы жалғанса, **ый**, *ій* дыбыстарының таңбасы ретінде жалғыз ғана **и** әрпі жазылады (ы+й-и, і+й-и). Мысалы: *оқы-й+ды-оқиды, есті-й+ды-естиді т.б.*

Ескерту: Қосарлы **ый** дыбыстары *сый, тый* түбірлерінен жасалған сөздерде ғана жазылады. Мысалы: *сыйлық, сыйлау, сыйымды, сыймайды, тыйым, тыйылу, тыйылдыр, тыйылмайды т.б.*

8. **У** дыбысы дауыссыздан кейін келсе, *дауысты дыбыс (ту)* болады, ал мынадай жағдайларда *дауыссыз дыбыс* болады:

1) *у* дыбысынан басқа дауыстыдан кейін келсе (*тау*);

2) сөз басында дауыстының алдында келсе (*уақ*);

9. **И**, *у* дыбыстары сөздің жуан-жіңішкелігіне қарай бірде жуан, бірде жіңішке болады, яғни сөздегі басқа дауыстылар жуан болса, **и**, *у* дыбыстары жуан оқылады, сөздегі басқа дауыстылар жіңішке болса, **и**, *у* дыбыстары жіңішке оқылады.

Жуан дауысты болуы: *бару, тиын;*

Жіңішке дауысты болуы: *жүру, киін т.б.*

10. **У** дыбысына аяқталған етістікке тұйық етістіктің –*у* жұрнағы жалғанса, екі *у* әрпі қатар жазылады: *қуу, жуу, жауу, сауу т.б.*

11. Тұйық етістіктің –*у* жұрнағы **и** дыбысына біткен етістікке жалғанғанда, **ю** әрпіне өзгеріп жазылады. **Мысалы:** *ти+у-тию, ки+у-кию, жи+у-жию, қи+у-қию.*

12. **Я, ю** әріптерінен бұрын **ы, і** дыбыстары естілген сөздің бәрінде де олардың орнына **и** әрпі жазылады: *қияқ, дария, қия, зиян, қию, ақию* т.б.

13. **Ю, я** әріптері **йу, йа** болып оқылғанмен, **ю, я** ретінде жазылады. (*аю, жою, қоян*)

5-§ Дауыссыз дыбыс

Айтқанда ауа кедергіге ұшырап шығатын дыбыстар дауыссыз дыбыстар деп аталады. Сөйтіп, дауыссыз дыбыстарда дауыс болмайды, олар үн мен салдырдан немесе тек салдырдан тұрады. Қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар. Олар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ.**

Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай **ұяң, үнді** және **қатаң** болып 3-ке бөлінеді. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

1.	Ұяң	Үн мен салдырдан тұрады, салдыр басым	Б, в, г, ғ, д, ж, з, һ
2.	Үнді	Салдырдан үн басым	Й, л, м, н, ң, р, (у)
3.	Қатаң	Тек салдырдан тұрады	К, қ, п, с, т, ф, х, ч, ц, ш, щ

Дауыссыз фонемалар жүйесі тіл білімінде **консонантизм** (*ағыл. дауыссыз* деген мағынаны береді⁸) деп те аталады.

Дауыссыздыбыстар айтылуына қарай дауыссыздар **шұғыл** және **ызың** болып екіге бөлінеді.

Шұғыл дауыссыздар: **б, п, д, т, ц, г, к, қ, ч.**

Ызың дауыссыздар: **в, ф, з, с, ж, ш, г, х, һ, щ.**

⁸Англо-русский словарь. Составитель В.К.Мюллер. Москва, 1971, стр. 166.

6-§ Дауыссыз дыбыстардың емлесі

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың да сөз ішінде қолдануында өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, қазақтың төл сөздері **б, в, г, ғ, д, ш** дыбыстарына аяқталмайды **ң, й** дыбыстарынан сөз басталмайды, ал **з, қ, к, л, м, н, п, р, с, т, ш** дауыссыз дыбыстары сөздің барлық буындарында кездесе береді. Мысалы: *қазақ, заң, момын, мол, күрек, наным, рас, мұрап, шам, сот, нан* т.б.

Й, ң, һ әріптері сөздің басында қолданылмайды (*йод* сөзінен басқасы), тек сөздің ортасында және аяғында қолданылады. Мысалы: *жаңа, аң, жай, қайрат, қаһар* т.б.

В, ф, ч, ц әріптері қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, тек орыс тілінен енген сөздердің барлық буындарында қолданылады. Мысалы: *автор, дифтонг, диспечер, концерт, цех, матрац* т.б.

Щ әрпі қазақтың *ащы, тұщы, кеңсе* деген байырғы сөздерінде ғана жазылады.

Х әрпі *хат, хан, хабар, халық* сияқты араб-парсы тілдері мен кейбір орыс тілінен енген жалпы есімдер мен кісі аттарында жазылады (*техника, А.Хон*)

Б, в, г, д дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды, тек орыс тілінен енген сөздердің аяғында қолданылады. Мысалы: *актив, отряд, устав, клуб, округ* т.б.

Й әрпіне біткен сөзге тұйық етістіктің **–у** жұрнағы жалғанса, бұл екі әріп бірігіп, **ю** болып жазылады. Мысалы: *сой+у-сою, жай+у-жаю*.

Й әрпіне біткен етістікке көсемшенің **–а** жұрнағы жалғанғанда, бұл екі әріп **я** әрпіне өзгереді. Мысалы: *жой+а-жоя, жай+а-жая*.

Орыс тілінен енген **нд, мп, кт, мб, ск, фт** дыбыстарына біткен сөздерге қосымша жалғанғанда, түбір мен қосымшаның аралығына дәнекер **ы, і** әріптерінің бірі жазылады. Мысалы: *шрифт+і+ге, штамп+ы+лау, факт+і+ге, киоск+і+лер* т.б.

Орыс тілінен енген қосарлы **сс, лл, мм, тт** дыбыстарына біткен сөздерге қосымша жалғанғанда, қосарлы дауыссыз дыбыстың соңғысы түсіп қалып отырады. Мысалы: *прогресс – прогрестік, металл – металдар, грамм – грамнан* т.б.

Орыс тілінен енген қосарлы **ст, сть, зд** дыбыстар тізбегіне біткен сөздерге қосымша жалғанғанда, соңғы **т, ть, д** дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *трест+ке-треске, ведомость + қа-ведомосқа, подъезд+ге-подъезге* т.б.

Орыс тілінен енген **ог, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, нкт, кль, брь, бль** сияқты тіркес дыбыстарға біткен сөздерге қосымша жіңішке жалғанады. Мысалы: *геологі, педагогтер, парктен, ансамбльге, пункті* т.б.

7-§Буынжәне оның түрлері

Сөздегі бір дауысты немесе дауысты мен дауыссыз дыбыстар дауыс толқынымен бөлшектеніп, топталып айтылады. Мысалы:*бала, әке, жақсылық* сияқты сөздер *ба-ла, ә-ке, жақ-сы-лық* болып, дауыс толқыны бөлшектеніп айтыла алады. Міне, осындай сөздегі фонациялық (дыбыс жасайтын) ауаның қарқынымен кілт үзіліп, бөлшектеніп шығатын бір дауысты немесе бірнеше дыбыс тобы **буын**деп аталады.

Қазақ тілінде тек дауысты дыбыс буын құрай алады, ал дауыссыз дыбыстар өз беттерімен буын құрай алмайды, тек дауысты дыбыстармен тізбектеліп келгенде ғана буын құралады. Сондықтан сөздің құрамында неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Мысалы:*көк, жер, ал, ел, от* деген сөздерде бір ғана дауысты бар, олар бір ғана буын құрайды: *жа-са, о-рын, қы-зыл*, деген сөздер екі дауыстыдан тұрады, олар екі буыннан құралған; *жол-дас-тық, ба-зар-лық, бас-қар-ма* деген сөздер үш дауыстыдан тұрады, бұлар — үш буынды сөздер т.б.

Дауысты дыбыстар жасалу орындарына қарай, дыбысталуына, еріннің қатысуына қарай және дыбысталу процесінде тілдің көтерілу дәрежесіне қарай жіктеледі⁹.

Өзбек тілінде буын төмендегіше болып келеді: буын бір ауаның қарқынымен (күшімен) айтылатын дыбыс немесе дыбыстар жиынтығы. Мысалы: *o + na, o-ta, bo+la*, сияқты. Буын сөйлеу ағымының дыбыстан үлкен, сөзден кіші (кейде бір сөзге тең) *сегмент бірлігі* болып табылады. Фонологиялық жақтан буын **силлабема** деп аталады да, оны зерттейтін сала **силлабика** деп аталады, яғни фонологияда буын силлабема (*ingl. syllable – буын* деген мағынаны аңғартады¹⁰) деп аталады.

Қазақ тіліндегі сөздер бір буынды, екі буынды және көп буынды бола береді. Әдетте, түбір сөз бір буынды, екі буынды болады да, көп буынды сөздер туынды түбір не сөз формалары болып келеді.

Буын құрайтын дауысты дыбыс болғандықтан, буын ішінде дауысты және дауыссыз дыбыстардың орнына байланысты қазақ тілінде буынның үш түрі көрсетіліп жүр: 1) ашық буын; 2) тұйық буық; 3) бітеу буын.

1. Ашық буын бір ғана дауысты дыбыстан тұрады немесе дауыссыз дыбыстан басталып, дауыстыға бітеді. Мысалы: *а-ға, ба-ла, ке-ле* деген буындар ашық буын болып табылады.

2. Тұйық буын дауысты дыбыстан басталып, дауыссызға бітеді. Мысалы: *от, ар-ба, өрт, ант, ас-тық* деген сөздердегі *от, ар, өрт, ант, ас* тәрізді буындар тұйық буын болып табылады.

3. Бітеу буын дауыссыздан басталып, дауыссызға бітеді. Бітеу буында кем дегенде үш дыбыс болады: *дауыссыз+ дауысты + дауыссыз*. Кейде ортасында бір дауысты, басында я соңында екі дауыссыз болады. Мысалы: *қант, мек-теп, жас-тық, сұрт, көз, тақ-тай* т.б.

⁹ Томанов. М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы. «Қазақ университеті». 1992. 15-16-беттер.

¹⁰ Англо-русский словарь. Составитель В.К.Мюллер. Москва, 1971, стр.765.

8-§Тасымал және екпін

Тасымал – сөзді жазған кездегі оның жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға көшіру.

Жазып келе жатқанда, сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір буынды немесе көп буынды екінші жолға көшіруді **тасымал** дейді. Сөздің соңғы буындары дефис (-) арқылы төмендегі тәртіп бойынша тасымалданады.

Екі я одан көп буынды сөздер буын жігімен тасымалданады. Мысалы: *рес-пуб-ли-ка-мыз-да, құр-мет-ті, әке-лік* т.б.

Бір ғана дауысты дыбыстан тұратын буынды жол соңына қалдыруға да, жаңа жолға тасымалдауға да болмайды. Мысалы: *өзі-міз-ге (ө-зімізге емес), ара (а-ра емес), аю (а-ю емес)* т.б.

Екі дауысты дыбыстың ортасында **й, у** дауыссыз дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде, бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: *жа-уап, (жау-ап емес), қа-йың (қай-ың емес), са-уын (сау-ын емес), ке-йін (кей-ін емес)* т.б.

Сөздерді айтқанда, сөздегі буындардың (дауысты дыбыстардың бәрі бірдей бір қалыпта айтылмай, біреуі басқалардан ерекше қарқынмен, күшпен айтылады. Мысалы: *жұмысшы* деген сөз үш буыннан тұрады да, соңғы үшінші буыны (*шы*), *жұмысшылар* дегенде төртінші буыны (*лар*) күшті айтылады. Осындай сөз ішінде бір буынның (дауысты дыбыстың) басқа буындардан ерекшеленіп күшті айтылуын **екпін** дейді.

Әдетте, қазақ тіліндегі екпін біршама тұрақты, сөздің соңғы буынында болады. Мысалы: *бала, әкімшілік, терезе* сияқты сөздерде екпін соңғы *-ла, -лік, -зе* буындарына түсіп тұр. Сөзге қосымша (жалғау, жұрнақ) жалғанғанда да, әдетте, екпін соңғы қосымшаға түседі. Мысалы: *қала — қалалардың — қалаларымыз, жақсы — жақсылық — жақсылықтар — жақсылықтарың* т.б.

Бірақ қазақ тілінде барлық қосымшаларға екпін түсе бермейді. Екпін түспейтін (қабылдамайтын) қосымшалар:

1)жіктік жалғауларына екпін түспейді. Мысалы: *жақсы-сың, бара-мыз, жүре-ді, үлкен-сіз* т.б.

2)етістіктің болымсыздық мағынасын туғызатын *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -не* қосымшасына екпін түспейді. Мысалы: *айтқыз-ба, көрмей-сің-дер, жаздыр-ма-ған, айтыңқыра-ма-ды* т.б.

3) есім сөздерге және етістіктің есімше тұлғасына жалғанып, теңеу, ұқсату мәнін білдіретін *-дай, -дей, -тай -тей, -лай, -лей* және *-ша, -ше* жұрнақтарына екпін түспейді. Мысалы: *үй-дей, бала-ша, келген-дей, айтқан-ша* т.б.

4) етістік тұлғаларына жалғанып, тілек, өтініш мәнін білдіретін *-шы, -ші* қосымшасына екпін түспейді. Мысалы: *көр-ші, айтыңқыра-шы, көрсең-ші, барайық-шы* т.б. Екпіннің түрлері: ***сөз екпіні, ой екпіні, дыбыс екпіні, тіркес екпіні.***

Сөз екпіні – сөздегі бір буынның көтеріңкі дауыспен айтылуы. Қазақ тілінде бұл екпіннің орны тұрақты, көбінесе, сөздің соңғы буынына түседі. Сөзге қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға ауысып отырады. Мысалы: *еңбек, еңбекші, еңбекшілер, еңбекшілерді.*

Ой екпіні – сөйлемдегі бір сөздің көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Дыбыс екпіні – сөздегі бір дыбыстың көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Тіркес екпіні - сөйлемдегі бір тіркестің көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Үндестік заңы - сөз ішіндегі дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, біркелкі болып қолданылуы.

9-§Үндестік заңы

Буын және дыбыс үндестігі

Әдетте қазақ тілінің сөздері бірыңғай жуан буынды я жіңішке буынды болып келеді. Қосымша ол сөзге соған үндесіп жалғанады.

Сөздің соңғы буынының жуан-жіңішке болуына қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан не жіңішке түрде жалғануын *буын үндестігі* немесе

сингармонизм дейміз. Яғни буын үндестігі дауысты дыбыстың дауысты дыбысқа әсері болып табылады.

Мысалы: *қой, ән* сөздеріне қосымшалар жалғап көрейік:

шы-лар-ы-мыз-дың

Қой ~~лар-ы-мыз-ға~~

ды

ші-лер-ге

Ән ~~дер-ім-ді~~

ге

Бұл екі сөздің біріншісі (*қой*) — жуан буынды сөз, оған жалғанған қосымшалар да жуан буынды *-шы,-лар, -ы, -мыз, -дың,-ға, -ды*; ал екінші (*ән*) — жіңішке буынды сөз, оған жалғанған қосымшалар да жіңішке буынды: *-ші, -лер, -ге, -дер, -ім, -ді* т.б.

Түбір мен қосымшаның жігіндегі, сөз бен сөздің арасындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың көршілес дауыссыз дыбыстарға ілгерінді-кейінді ықпал етіп өзгертуін **дыбыс үндестігі (ассимиляция)** дейді.

Қазақ тілінде дыбыс үндестігінің үш түрі бар: **ілгерінді ықпал, кейінді ықпал** және **тоғыспалы ықпал**.

10-§ Орфография және орфоэпия

Жазудың өмірде атқаратын рөлі зор. Оның да шығу, даму тарихы бар. Жазу адамдардың кең түрде қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Ал ауызекі тіл туралы мұны айта алмайсың. Өйкені сөйлесу жүзбе-жүз кездескенде ғана болатын нәрсе. Жазу арқылы алыста жатып та, жақын тұрып та «сөйлесе» беруге болады. Жазусыз мәдениет атаулыны, өркениет атаулыны көзге елестету қиын. Олай болса, жазудың шығуын өткен замандарда ашылған ұлы жаңалықтардың бірі деп есептеу керек.

Жазудың тарихы өте ерте заманандарда басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар.

Графика (грекше – *grapho* – жазу деген мағынада) тіл білімінің бір бөлімі болып саналады да, онда фонетикалық және фонологиялық, лексика-морфологиялық бірліктерін бейнелеу үшін қолданылатын оптика-графикалық (ағыл. *қарайтын, көретін* деген мағынада¹¹) белгілер туралы айтылады.

Тілдегі сөздердің дұрыс жазу ережелерінің жиынтығы **орфография** (гректің *орфос* — дұрыс, түзу және *графия* — жазудеген сөздерінен алынған) деп аталады. Тіл жүйелі, қоғамдық құбылыс болғандықтан, жұрттың бәріне ортақ оның жазу ережелері болады. Әркім өзінше әр түрлі жаза беретін болса, ол жүйелі тіл болмақ емес. Кейде дұрыс жазу ережелерін **емле** деп те атайды.

Тілде жазу үш принципке сүйенеді:

1.Морфологиялық принцип. Бұл принцип бойынша сөздер айтылуынша емес, бастапқы түбір тұлғасы сақталып жазылады. Мысалы: *бас-шы* (айтылуындай *баишы* емес), *түн-гі* (*түңгі* емес), *Жан-пейіс* (*Жәмпейіс* емес) болып сөздің түбірі де, қосымша да өз тұлғаларын сақтап жазылады.

2. Дәстүрлі (тарихи) принцип бойынша сөздер әуелгі тұлғасында емес, тілде қалыптасқан тұлғасы бойынша жазылады. Мысалы: *хал, хат, хабар* т.б. сөздер *қал, қат, қабар* болып жазылмайды, дәстүр бойынша қалыптасқан тұлғасында жазылады.

3. Фонетикалық принцип бойынша сөздер дыбыстық заңдарға сүйеніліп, айтылуы және естілуі бойынша жазылады. Мысалы: *жаздыкүні, сексен, бүгін, жауып қойды, белбеу* сияқты сөздер осылай айтылуынша, естілуінше жазылады, ал бұл сөздердің тарихи тұлғалары — *жаздың күні, сегіз он, бұл күн, жап+ып қойды, белбау*.

Қазақ тіліндегі сөздер бір ғана принцип бойынша жазылмайды. Сөздердің көпшілігі морфологиялық принцип бойынша жазылса да, фонетикалықжәне

¹¹Англо-русский словарь. Составитель В.К.Мюллер. Москва, 1971, стр.528.

дәстүрлі принциптер бойынша да жазылатын сөздер аз емес. Оны қазақтілінің ресми бекітілген "Орфографиялық (емле) ережелері" мен орфографиялық сөздіктері белгілеп отырады.

Тілдегі сөздердің, сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелері **орфоэпия** (*орфос* — гректің дұрыс, **түзу** және **энос** — *сөйлеу, сөз* дегендерінен алынған) деп аталады. Сөздер мен сөз тіркесінің айтылуы мен жазылуы әрдайым бірдей бола бермейді. Мысалы: *барған, балалар, алтын сағат, жастар бригадасы* сияқты сөздер мен сөз тіркестері бірдей айтылады және жазылады. Ал, *ішсе, сенбе, ақ ешкі, сақ бол, құлын, өрік, көз салды* сияқты сөздер мен тіркестер осылай жазылса да, *іш-ше, сем-бе, ағ ешкі, сақ пол, құлұн, өрүк, көс салды* болып айтылады. Сөздердің орфоэпиялық нормалары орфоэпиялық сөздіктерде көрсетіліп отырады.

Ана тілінің фонетика бөлімі бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Фонетика нені зерттейді?

А. Тіл дыбыстарын.

В. Сөз мағыналарын.

С. Сөз тұлғасын.

Д. Сөз тіркесін

2. Жуан дауыстылар қайсы қатарда берілген?

А. А, э, о, у, і.

В. О, у, ы, і, е.

С. А, о, ы, ұ, у.

Д. І, е, и, о, а.

3. Қандай дауыстыларды айтқанда жақ сәл ғана ашылып, ауа қысылып шығады?

А. Қысаң дауыстыларды.

В. Ашық дауыстыларды.

С. Жуан дауыстыларды.

Д. Езулік дауыстыларды.

4. Еріндік дауыстылар қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. А, ә, е, и, ы, і.

В. О, а, ә, ө, и, у, е.

С. О, ө, у, ү, ұ.

Д. Р, л, й, у, м, н, ғ.

5. Сөздердің қайсысында у дыбысы дауыссыз болып тұр?

А. Қуаныш, жабу.

В. Балуан, жалғау.

С. Куәлік, жуа.

Д. Өсіру, езу.

6. Үнді дауыссыздар қайсылар?

А. П, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ч, ц.

В. Б, в, г, ғ, ж, з, һ.

С. Р, л, й, у, м, н, ң.

Д. А, ә, б, в, г, д, ж, н, м.

7. Қазақ тілінде буынның неше түрі бар?

А. Үш.

В. Бес

С. Төрт.

Д. Екі

8. Ортасы дауысты болып, екі жағы дауыссыз дыбыстан құралған буын қандай буын және қайсы қатарда дұрыс жауап берілген?

А. Ашық буын.

В. Бітеу буын.

С. Тұйық буын.

Д. Аралас буын.

9. Тасымалдауға болмайтын сөздер қайсы қатарда дұрыс көрсетілген?

А. Жаз, ар, қарт ой.

В. Бала, ата, еңбек.

С. Талап, әже, түбір.

Д. Қала, білгір, бөлме.

10. Қазақ тілінде екпіннің неше түрі бар?

А. Екі.

В. Үш.

С. Төрт.

Д. Бес.

ЛЕКСИКА

1-§ Лексика туралы жалпы түсінік

Лексика (грекше *лексикос* — *сөз* дегенді білдіреді) тілдегі сөздердің жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Кейде лексика жеке ақын-жазушылардың шығармаларында қолданылған сөздер жиынтығы деген ұғыммен де жұмсалады. Мысалы, Абай шығармаларының лексикасы дегенде Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде қолданылған сөздер жиынтығы дегенді, ал қазақ тілінің лексикасы дегенде қазақ тілінде қолданылатын барлық сөздің жиынтығы деген ұғымды түсінеміз.

Лексика *лексикология, семасиология, этимология және лексикография* деген салалардан тұрады.

1.Лексикология — сөз туралы ілім (*лексикос* — *сөз* және *логос* — *ілім*), тілдің сөздік құрамын, байлығын зерттейді.

2.Семасиология (гректің *семантикос* — *білдіру, мән* және *логос* — *ілім* деген сөздерінен алынған) сөз мағынасын, сөздің ішкі мәнін, сөздің мағыналық ерекшеліктерін қарастырады.

3.Этимология — сөздер мен жекеленген тұлғаларының тарихын, шығуын, дамуын зерттейтін тіл білімінің саласы. Мысалы, қазіргі ана тілімізде

қолданылып жүрген *кітап, дос, бөкебай, биыл, сексен* сияқты сөздердің мағынасы бізге түсінікті, бірақ ол сөздердің қалай шыққандығына көз жүгіртіп, мән бере бермейміз. *Кітап* — *китабун* деген араб сөзі, *дос* — *дост* деген парсы сөзі, *бөкебай* — *пуховый* деген орыс сөзі, ал *биыл* — *бул+йыл (жыл)*, *сексен* — *сегіз он* деген түбірден құралған біріккен сөздер.

4.Лексикография (гректің *лексикос* — *сөз* және *графос* — *жазу* деген сөздерінен алынған) тілдегі сөздерді жинастырып, сөздік жасау деген ұғымды білдіреді. Сөздік мақсаты мен мәні жағынан түрлі-түрлі болып келеді. Сөздіктегі сөздер алфавит тәртібімен беріледі.

Сөздіктердің негізгі түрлері мынадай:

Түсіндірме сөздік тілдегі барлық сөздерді қамтып, білдіретін мағыналарды мысалдар арқылы талдап, саралап береді. Қазақ тілінде 1956—1961 жылдары екі томдық, кейін 1974—86 жылдары он томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" жарық көрді.

Аударма сөздік бір тілдің сөздерін екінші тілге аударып береді. Қазақ тіліне қатысты аударма сөздіктер; "Орысша-қазақша сөздік", "Қазақша-орысша сөздік", "Парсыша-қазақша сөздік", "Ағылшынша-қазақша сөздік", т.б. Сондай-ақ көне түркі ғалымы Махмуд Қашғаридың "Дивану лұғат-ит түрік" (Түркі тілдері сөздігі, яғни түрікше-арабша, 1072 ж.), "Кодекс Куманикус" (қыпшақша-немісше, 1303 ж.), академик В. В. Радловтың төрт томдық "Опыт словаря тюркских наречий" (түркі тілдерінің сөздері орыс және неміс тілдеріне аударылып беріледі, демек көп тілді сөздік, 1897—1911 ж.) осы сөздіктер қатарына жатады.

Терминологиялық сөздік — тілдегі әр түрлі ғылым мен техника саласы бойынша қолданылып жүрген арнайы термин сөздердің мәнін ашып беретін немесе екінші тілге аударып көрсететін сөздіктің түрі болып табылады. Қазақ тілінде әр түрлі терминологиялық сөздіктер бар.

Этимологиялық сөздік — тілдегі сөздердің шығу төркіні мен тарихын, қалай пайда болғанын көрсететін сөздік. Қазақ тілінде алғаш рет 1965 жылы "Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі" жарық көрді.

Орфографиялық сөздік — тілдегі сөздердің дұрыс жазылу қалпын, емлесін көрсетіп береді. Қазақ тілінде бірнеше рет басылып шыққан үлкен орфографиялық сөздіктерден басқа мектепке арналған да орфографиялық сөздік бар.

Орфоэпиялық сөздік — тілдегі сөздердің дұрыс айтылуын көрсетеді, өйткені тілдегі сөздер бірдей жазылып, бірдей айтыла бермейді.

Сөздіктің басқа да түрлері бар. Олар: *энциклопедиялық сөздік, жиілік сөздік, синонимдер сөздігі, фразеологиялық сөздік*, белгілі бір ақын-жазушының сөздігі, мысалы, *Абай тілі сөздігі*, т.б.

2-§Қазақ тілінің сөз байлығы туралы түсінік

Ғасырлар бойы дамып жетілген, қолдану аясы кең, бай тілдердің бірі — қазақ тілі. Өйткені қазақ тілінің құрамындағы сөздердің саны ұлан ғайыр көп. Әсіресе, халықтың байырғы (*адам, әке, ана, аға, туыс, бауыр, жолдас, ақыл, мінез, жер, су, орман, үй, еңбек, шаруа, жігіт, батыр*) сөздері өте мол. Сонымен қатар байырғы сөздерден қосымша арқылы жасалған (*ағарту-шы, жазу-шы, адам-гершілік, кісі-лік, мейірім-ділік, оқу-лық, аялда-ма, өнер-паз, шабан-доз, тіл-ші*) сөздер немесе сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалғандардың (*үлкенді-кішілі, оңды-солды, ағалы-інілі, жұмысшы-шаруа, ақ көңіл, ақ иық, ақ пейіл, қарға адым, жылан бауыр, жеті қарақшы, күйтабақ, кәсіп-одақ, баспасөз, еңбеккүн, кемпірқосақ, өнеркәсіп*) есебі жоқ. Осылардың барлығына негізгі қор, тірек болатын - халықтың байырғы сөздері. Соңдықтан байырғы сөздерді **сөздік қор** деп атайды. Сөздік қор тілімізде жаңа сөздер жасауға негіз болады. Қазақ тілінің құрамында басқа тілден енген сөздер де мол. Орыс тілінен: *машина, трактор, институт, техникум, фабрика, парта, актёр, кино т.б.*, ал араб парсы тілдерінен: *мектеп, қалам, дәптер, ұстаз, мұғалім, бала, медресе, әдебиет, кітап т.б.* сөздер халықтың өз сөзіндей болып кеткен. Басқа тілден енген сөздер болғанмен, бұлар байырғы сөздермен бірге қазақ тілінің сөздік құрамына енеді. Қазақша сөйлеуге және жазуға қатысатын

барлық сөздердің жалпы жиынтығы қазақ тілінің *сөздік құрамы* немесе *лексикасы* деп аталады.

3-§ Сөз және оның мағынасы

Адамдар бір-бірін тіл арқылы түсінісетін болса, сол тілдің басты құралы — сөз. Сөз - заттың, түрлі құбылыстың, қимыл-әрекеттердің атауы. Әрбір сөздің білдіретін жеке ұғымы болады. Мысалы: *қар* деген сөздің білдіретін ұғымы — *түсі ақ, салқын, еріп суға айналатын зат. Парта* — *ағаштан жасалған оқушының мектептегі құралы, отыратын орны*. Әр сөздің білдіретін осындай ұғымы оның мағынасы делінеді.

Сөздің білдіретін мағынасы бірдей, біркелкі бола бермейді. Әдетте, сөз мағынасы екі тұрғыдан екіге бөлініп қаралады: *лексикалық мағына* және *грамматикалық мағына*.

Сөздің жеке тұрғанда немесе сөйлемде *білдіретін негізгі ұғымы* -оның *лексикалық мағынасы* болады. Мысалы: *тау, тас, орман*. Ал осы сөздерді сөз тұлғасы, сөз таптары және сөйлемдегі қызметі тұрғысынан қарастырғанда, олардың білдіретін мағыналары грамматикалық мағыналар болады. Мысалы: *Тау мен тасты жел бұзар; Орман — ел байлығы* деп сөйлем құрастырсақ, *тау, тас, орман, ел, байлық* деген сөздер, бір жағынан, жеке-жеке ұғымның атауы болып, лексикалық мағынаны білдіреді, екінші жағынан, ол сөздердің барлығы да жалпы зат атауы мәнін білдіріп; зат есім болып тұр.

Бұл - сол сөздердің *грамматикалық мағынасы*. Егер бұларға грамматикалық талдау (грамматикалық тұлғалары мен атқаратын қызметтеріне қарай) жасасақ, олардың әр қайсысы бірнеше грамматикалық мағынаны білдіріп тұрғанын байқаған болар едік. Мысалы: *тау* және *тасты* деген сөздер әрқайсысы белгілі бір ұғымды білдірсе (бұл — лексикалық мағынасы), оның үстіне бұл екі сөз де жалпы жансыз зат атауы және табыс септік жалғауы арқылы *бұзу* қимылының тура нысаны мәнін (*нені бұзар?*) білдіріп тұр. Сондай-ақ *жел* - әрі жалпы жансыз зат атауы, әрі қимылды атқарушы (бастауыш) - *не бұзар?, бұзар* — жалпы қимылды білдіреді және *-ар*

қосымшасы арқылы шақтық (болжалды келер шақ), 3-жақта тұруы арқылы жақтық, баяндауыштық мәнде тұр. Бұлардың барлығы грамматикалық мағыналар. Сондықтан сөзде бір лексикалық және бір я бірнеше грамматикалық мағынаболады дейміз.

Сөздер толық (лексикалық) мағынасы бар *негізгі сөздер* және лексикалық мағынаны білдіре алмайтын *көмекші сөздер* болып та бөлінеді. Мысалы: *Жұмыстан кейін киноға бардым* десек, сөйлемдегі *жұмыстан, киноға, бардым* дегендер — толық мағыналы сөздер, өйткені олардың әрқайсысы өздігінен тұрып белгілі бір ұғымды білдіре алады. Ал сөйлемдегі *кейін* сөзі өздігінен тұрып ешбір ұғым білдіре алмайды, өзінің алдындағы сөзге тіркесіп барып мезгілді, уақытты білдіреді. Сондықтан *кейін* сөзін көмекші сөз дейміз. *Асқар келгенде, Ботагөз ұйықтап қалып еді* деген сөйлемде *Асқар келгенде, Ботагөз, ұйықтап* негізгі толық мағынаны, ал *қалып еді* сөздері көмекші мағынаны білдіріп тұр. *Қалып еді* етістіктері өздігінен толық мағынаны білдіре алмай, *ұйықтап* көсемшесіне тіркесіп барып бір істі, әрекетті (бір мағынаны) білдіреді.

Сонымен, сөздер толық негізгі, көмекші, қосымша мағыналарды да білдіре алады. Сөз бір мағынаны да, бірнеше мағынаны да білдіреді.

4-§Сөздердің тура және ауыспалы мағыналары

Сөздің бастапқы (негізгі) білдіретін тура ұғымы — оның *тура мағынасы* болып есептеледі. *Цирктерден қолға үйретілген арыстанды көруге болады* дегенде *арыстан* сөзі — *жыртқыш, қайсар аң* ұғымын береді, сол аңды көз алдымызға елестетеді. Ал *"Арыстан еді-ау, Исатай, бұл пәнидің жүзінде."* (М) дегендегі *арыстан* аң ұғымын емес, асқан ерлік пен күшжігердің, намыс пен өжеттіліктің батыр тұлғасы ұғымын береді. Яғни тура мағынасы ауысып, келтірінді басқа мағынаға айналады. Сондықтан сөздің мұндай мағынасын *ауыспалы (келтірінді) мағына* дейді. *Зауыт* деген сөз жеке тұрып та, сөйлемде келсе де, бір-ақ мағынаны — *зауытты* білдіреді.

Сондықтан мұндай сөздерді *бір мағына білдіретін сөздер* дейміз. Ал *бассөзі* бірнеше мағынаны білдіреді: 1. *Адамның басы*; 2. *Таудың басы*; 3. *Жұмыстың басы*; 4. *Сөздің басы*; 5. *Бұлақтың басы* т.б.

Сөздің зат, құбылыс, ұғым, түсінік, болмыс, амал, әрекеттерге тағылған атау түріндегі бастапқы мағынасын сөздің тура мағынасы дейді де, бастапқы мағынасынан ауыстырылып, өзге мағынада қолданылуын сөздің ауыспалы мағынасы дейді. Мысалы: *Қол* - адамның дене мүшесі. Бұл — осы сөздің тура мағынасы.

Сен менің оң қолымсың деген сөйлемде *оң қолымсың* деген сөз *көмекшімсің* деген мағынаны білдіріп тұр. Ал *қол ұшын береді* дегентіркес *жәрдемдесті* деген ұғымды, *қолы жеңіл* — *ісі сәтті* деген ұғымды білдіреді. Бұлар — *қол* сөзінің ауыспалы мағыналары. Кейде бір сөз бірнеше мағынада да қолданыла береді. Мысалы: *Ақ* сөзі бірде түсті білдіріп, *ақ көйлек* деген тіркесте қолданылса, бірде *сүт*, *айран* дегенді білдіреді.

5-§Көп мағыналы сөз

Сөздер өзінің негізгі мағынасынан басқа да мағынада қолданыла береді. Бірнеше мағынада қолданылатын сөздерді көп мағыналы сөздер дейді. Көп мағыналы сөздер көркем шығармаларда жиі қолданылады. Өздерінің шығармаларында ақын-жазушылар кейбір сөзді екі не үш мағынасында қатар алып жұмсай береді.

Екі күймек бір жанға әділет не,

Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Ашиды жаның, қайнайды қаның,

Мінездерін көргенде...

(Абай)

Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді шатастыруға болмайды. Көп мағыналы сөздердің әр мағынасы бір-біріне жақын, бір-бірімен байланысты

болса, омоним сөздердің мағыналары бір-бірімен байланысты емес, мағыналары бүтіндей бөлек болады.

6-§Омонимдер және паронимдер

1) Айтылуы бірдей болғанмен, мағыналары бөлек-бөлек сөздерді **омоним** дейді. Мысалы: *аяқ* деген сөз әрі ыдыстың бір түрі және адамның дене мүшесі мағыналарын білдіреді. Бұл мағыналардың арасында байланыс жоқ. Демек, *аяқ* деген сөз бірдей айтылғанмен, әр мағынасы бөлек-бөлек сөз болып табылады. Сондай-ақ **сыр**— *біреудің құпия ойы* және **сыр**— *бояу*, **жас** — *адамның нешеге келуі*, **жас** — *көзден ағатын су* және **жас** — *жастық кез* т.б. Омоним сөздерді көп мағыналы сөздермен шатастыруға болмайды. **Омоним**-дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер. Мысалы: «**Жақ**» омоним сөзінің мағыналары: *Адамның жағғы/От жақ/Оң жақ/Мен жақ бол/Қара бояу жақ.*

Омонимдердің жасалу жолдары:

- 1.Жұрнақ арқылы: *шығыс (шық-ыс), жастық (жас-тық);*
- 2.Кірме сөз арқылы: *бақ (парыс. «бақт»), сап (араб. «саф»);*
- 3.Сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы: *біз (бігіз);*

Көп мағыналы сөз бен омоним сөздің айырмашылығы:

Омоним сөз жеке тұрып, бірнеше мағынаны білдіреді, ал көп мағыналы сөз екінші сөзбен тіркескенде ғана бірнеше мағынаны білдіре алады.

2) **Паронимдер** орыс. **паронимы** (грек, **para-** *жақын*, **опута** -*ат*) — дыбысталуы жақын, бір түбірлес, жалпы грамматикалық белгілері ортақ, қолданылуында мағыналық ерекшеліктері бар сөздер. Мысалы: *рәсім — ресім, жарғы — жарлық, бастық — басшы.*

Пароним сөздігі - сөйлеу тәжірибесінде араласа беретін бір түбірлі және әр түбірлі ұқсас естілетін сөздердің қосарлары (тобы) бар лингвистикалық сөздік.

Паронимдер: а) бір түбірден өрбіген, бірақ мағынасы басқа сөздер; ә) біркелкі дыбысталатын әр түрлі мағыналы ойнақы сөздер; б) әдеби кейіпкерге әзілдей еліктеу; в) сөйлеудің ең қысқа, әрі бүтін бір бірлігі. Тілдегі паронимдер экспрессивтік-стилистикалық қызметті жүзеге асыруда белсенді түрде жұмсалады. Паронимдердің жасалу тәсіліне қарай мынадай топтарды көрсетуге болады:

- **жұрнақтар арқылы ажыратылатын паронимдер:** жамандық – жаманишылық, адамдық – адамишылық т.б.;
- **түбіріне қарай ажыратылатын паронимдер:** түбірлес және әртүбірлі болады.
- **түбірлес паронимдер:** егін – егіс, еліктегіш – еліктеуіш т.б.
- **әртүбірлі, сырттай дыбыстық жағынан ғана ұқсастықтары бар сөздер:** эскалатор – экскаватор, білім – бөлім т.б.;

Паронимдердің семантикалық ерекшелігіне қарай екі тобы анықталады: 1) **өзара мағыналық реңкі бойынша ажыратылатын паронимдер** (дүниелік – дүнияуи, қазақшыл – қазақы т.б.); 2) **мағынасы бойынша ажыратылатын паронимдер** (қазақша – қазақы). Мағынасы бойынша ерекшеленетін паронимдер өте аз кездеседі. Паронимдер функционалдық-стилистикалық сипатына қарай ерекшеліктері бар топ құрайды. Мысалы, *тірлік ету* – ауызекі сөйлеу стиліне тән сөз қолданысы болса, *тіршілік ету* – ғылыми тілге жақын қолданыс.

7-§Синонимдер мен антонимдер

1) Мағыналары бір-біріне жақын, мәндес сөздерді *синоним* дейді. Мысалы: *әдемі, сұлу, келбетті* немесе *қысқа, шолақ, келте*. Сол сияқты *күшті, мықты, берік* т.б. сөздердің мағыналары бір-біріне жақын, сондықтан да көбіне-көп оларды бірінің орнына екіншісін қолдана беруге болады: *әдемі қыз* — *сұлу қыз, келбетті қыз* немесе *күшті жігіт, мықты жігіт, берік жігіт* т.б.

Белгілі бір ұғымды білдіретін мәндес сөздер тобы синонимдік қатар жасайды. Мысалы: *абырой, бедел, қадір* немесе *мықты, берік, күшті, бекем*

дегендер синонимдік қатар құрайды. Бірақ жалпы ұғымды білдіретін сөздер мен жеке ұғымды білдіретін сөздер немесе бір заттың әр жақты түрін білдіретін сөздер синонимдік қатар жасай алмайды. Мысалы: *киім* деген сөзге *шалбар* немесе *көйлек* синоним бола алмайды, өйткені шалбар да, көйлек те киімнің жеке-жеке түрлері.

2)Тіліміздегі мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді *антонимдер* деп атайды. Мұнда да кемінде екі сөз қатысып,мағыналары бір-біріне қарсы мәндес болуы қажет. *Ащы-тұщы, жақсы-жаман, аз-көп, алыс-жақын* т.б. Болымсыздық мағынаны білдіретін қосымшалар арқылы жасалған сөздер антоним бола алмайды. Мысалы: *Қарлы — қарсыз, желді — желсіз*, т.б.

Сонда антоним дегеніміз жасалуы әр түрлі, мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер болып шығады. Антоним болу үшін сөздердің тұлғалары бөлек, мағыналары бір-біріне қарама-қайшы болуы шарт. Кейде антоним сөздер жалпылық мағыналы қос сөз түрінде де қолданылады.Мысалы: ***Жоғары-төмен****үйрек-қаз, ұшып тұрса сымпылдап.*

Қазақ тілінде антонимдер көбіне-көп сын есімдерден болады,онан соң етістіктерде,зат есімдерде,үстеулерде азды-көпті кездеседі. Мысалы: *ақ-қара, жақсы-жаман, биік-аласа, ұзын-қысқа, келді-кетті, алды-берді, шықты-түсті, ашты-жапты, қараңғыда-жарықта, алыста-жақында, түнде-күнде, күн-түн, алым-салым*, т.б.

8-§Жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер

Сөздік құрамдағы сөздердің қолданылу аясы бірдей емес. Кейбір сөздер кісінің мамандығына, кәсібіне, біліміне қарай қолданылса, енді бір сөздер ғылым түріне не жергілікті жер ерекшелігіне байланысты қолданылады.

Мысалы: *оқулық, шәкірт, көрнекілік, ұстаз, үлгірім* — мектеп ісіне байланысты сөздер, ал *ринг, гонг, раунд, төреші, қарсылас, секундант* сөздері спорт ойындарына қатысты. Мұндай сөздер кез келген жерде айтыла бермейді, әркімнің аузынан естіле бермейді. Осылармен қатар адамдардың мамандығына,

кәсібіне, біліміне қарамай-ақ күнделікті өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде, қызметте жиі қолданылатын, кез келген орында айтыла беретін сөздер бар.

Мысалы: *ас, су, ауа, жер, күн, киім, ауыл, ел, қала, көрші, туыс, орын, үй-жай, отыр, жүр, кел, бер, ал, сөйле, жақын-алыс, жақсы, әдеп, үлкен-кіші, ақыл, тәртіп*, т.б. Мұндай сөздердің көптігі қазақ тілінің сөздік қорының бай екендігін көрсетеді. Жалпыға бірдей жиі қолданылатын сөздер болғандықтан, оларды жалпылама қолданылатын сөздер деп атайды. Мамандыққа және ғылым мен техниканың әр түрлі салаларына ғана қатысты арнаулы сөздерді терминдер дейді. Мысалы: тіл біліміне қатысты *сөз табы, септеу, сын есім, зат есім, жалғау, жұрнақ, түбір, тасымал, екпін, үндестік заңы, шылау, одағай* сияқты терминдер бар. Әдебиетте *кейіпкер, сюжет, бейне, теңеу, композиция, идея, шумақ, ұйқас, эпитет, поэзия, мысал, әңгіме, роман* т.б. сияқты терминдер қолданылады.

9-§ Басқа тілдерден енген сөздер

Қай тілдің болса да, сөздік құрамы өзінің даму барысында басқа тілдерден енген сөздермен де толысып отырады. Бір тілден екінші тілге сөз ену тарихи жағдай және экономикалық, сауда, мәдени қатынастарға байланысты болады. Мұндай мемлекетаралық қатынастар халықтардың бір-біріне зат алмастыруымен қатар, олардың атауларын да ауыстыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік жағдайға және мемлекетаралық қатынастарға байланысты, мысалы, орыс тілі мен қазақ тіліне енген сөздер өте көп. Мысалы: ескі грек, рим мәдениетінен келе жатқан *республика, диктатура, милиция, грамматика, механика, лаборатория, формула, газет, почта, кабинет, бюллетень, симфония, касса, кассир, балкон, опера*; грек, латынша: *геометрия, физика, экономика, термометр, телеграф, телефон, телевизор*; ағылшын тілінен: *чемпион, руль, рельс, клуб, вокзал*; француз тілінен: *бюро, депо, партизан, авангард, метр*; неміс тілінен: *штраф, мундир, офицер, штаб, матрас* т.б. Бұл сөздердің барлығы қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген. Сонымен қатар, қазақ тілінің қанына сіңіп, тіліміздің байлығына

айналған, жалпыхалықтық сипат алып кеткен араб, парсы тілдерінің сөздері де бар: *алгебра, нашатырь, әдебиет, дәптер, кітап, қалам, сәлем, сағат, мектеп, өмір, бала, ұстаз, мұғалім* т.б.

10-§Диалект және кәсіби (профессионалдык) сөздер

Жалпы халықтық тілде қолданылып, сөздік құрамға енетін сөздер сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне түсінікті болып келеді. Сондай-ақ, жалпылама қолданыла бермейтін, тек белгілі бір аймақ шеңберінде ғана жұмсалатын сөздер бар. Мысалы: Шымкент, Арыс маңында *шайнекті* — *чәугім, жұмыртқаны* — *тұқым* дейді.Орал өңірінде *таразыны* — *шеккі, бәкіні* — *шаппа, қауғаны* — *бөрлек* десе,Гурьев,Маңғыстауда: *көрт, кердері, жанпоз, жарбай* сияқты түйе атауының неше түрі бар. Осындай жергілікті халық тілінде ғана қолданылатын, белгілі аймақ келемінде ғана айтылатын сөздерді *диалектизмдер*дейді.

Әр түрлі шаруашылыққа, кәсіпке байланысты сөздер болады. Мысалы: *балық аулау кәсібіне байланысты:таутан, асман, қызылқанат, табан, бекіре, шортан* (балық атаулары), *аламан, тоспай, итерқұл, морда* (ау түрі) т.б.; *егін бау-бақша шаруашылығына байланысты:өнер, атыз, жан арық, қол арық, оман арық, ата жап, жер суы, желке суы, орақ суы, құлақ суы* (арық түрлері), *кешір, пісте, шекілдеуік, бәдірең, қауыншек, әңгелек, пісте* (диалект сөздер)т.б. сөздер бар. Мұндай белгілі бір мамандық пен кәсіп түріне байланысты ғана қолданылатын сөздерді *кәсіби (профессионалдык) сөздер* деп атайды.

11-§Көнерген сөздер мен неологизмдер

Ғылым мен техника, өнер мен мәдениет, қоғамдық-әлеуметтік өмір мен әдебиет саласындағы жаңалықтар лексикаға да үнемі ықпалын тигізіп отырады. Өткен дәуірлерде болған кейбір наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар, ескі ұғымдар,

үй мүлкі, шаруашылық бұйымдары халық тұрмысының дамуына байланысты азайып, қолданудан шығып қалады. Соларға қатысты сөздер мен атаулар да ескіреді, яғни қолданудан шыға бастайды. Мысалы: *шоқпар, соқа, сойыл, найза, айбалта, күрзі, қорамса, кіреуке, малта, ояз, зындан, күң, құл, әмеңгер, болыс, жүзбасы, сарбаз, дуан, пері, періште, ысқат, азан, барымта, дабыл* тәрізді сөздер бүгінгі өмірде көп қолданыла бермейді. Бұлар белгілі бір дәуірдің, тарихи кезеңнің тілдік көрсеткіші ретінде жұмсалуды мүмкін.

Олар **көнерген сөздер** деп аталады және олардың кейбірі жаңа ұғымдардың келуімен байланысты жаңарып қолданылуы да мүмкін.

Тіл-тілде көнерген сөздердің *историзмдер* және *архаизмдер* деп аталатын екі түрі бар. Кейбір заттар мен құбылыстар күнделікті өмірден шығып қалып, сол ұғымдарды білдіретін олардың атаулары- сөздер де көнеріп, тілде қолданбайды. Мысалы: *сұлтан, атиабар, ояз, барымта, дуан басы, дүре, малай, күң, құл, бай, болыс* т.б. Мұндай сөздерді *историзмдер* дейді. Бұрынғы атаулары ескіріп, кейін басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстар бар. Мысалы: *жасақ* немесе *қол* — *әскер*, *қол басы* — *әскер басы*, *почтабай* — *хат тасушы*, *жатақ* — *отырықшы*, *серіктік* — *бірлесу*, *қосын* — *ұйым*, *желек* — *орамал* т.б. Қазірде осындай басқа атаулармен беріліп жүрген заттар мен құбылыстардың бұрынғы атаулары *архаизмдер* деп аталады.

Қоғамның дамуына сай тіліміз де дамып, жетіліп отырады. Әр қоғамда халықтың санасына, түрліше жағдайына, рухани өсуіне, экономика мен техниканың дамуына байланысты жаңа сөздер пайда болады. Мұндай жаңа сөздерді *неологизм* деп атайды. Мысалы: *амиян, жағдаят, терминал, эволюция, ұшақ, ғарышкер, тәлімгер* т.б. Қазақ тіліндегі неологизмдер бес түрлі тәсілмен жасалады.

- 1.Сөз мағыналарының жаңаруы арқылы: *мұра, шем, талқылау*.
- 2.Қосымша жалғану арқылы: *мұздат-қыш, құра-м, наград-тау, оқу-лық*.
- 3.Сөздердің бірігуі арқылы: *өнеркәсіп, бесжылдық, қолөнер*.
- 4.Басқа тілдерден ауысу, ену арқылы: *парашют, химия, телефон, телеграмм, фонограмма*.

5.Басқа тілден сөзбе-сөз аудару арқылы:*үшбұрыш, жазушы.*

12-§Тұрақты тіркестер

Тіл арқылы қатынас жасағанда,сөздер дара күйінде емес,бір-бірімен тіркесіп қолданылады.Тіркес екі түрі болады:

1.Құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге немесе басқа сөздермен алмастыруға бола беретін еркін тіркес.Мысалы:*үлгілі бала* дегеннің орнына *үлгілі қыз* деуге болады,*диктант жазу* дегеннің орнына *шығарма жазу,хат жазу,мазмұндама жазу* десе де болады.Мұндай еркін тіркестер **сөз тіркесі** деп аталады.Еркін сөз тіркесінің беретін мағынасы сол тіркесті құрайтын сөздердің мағыналарымен байланысты болады.

2.Мағынасы біртұтас,құрамын өзгертуге,басқа сөзбен алмастыруға болмайтын,бір сөздің орнына ғана жұмсалатын да тіркестер бар.Мысалы:*қой аузынан шөп алмас,ит жанды,таяқ тастам жер,мұзға отырғызып кету,жұмған аузын ашпау,көзді ашып жұмғаниша* т.б.*Қой аузынан шөп алмас* дегеннің орнына *түйе аузынан шөп алмас,ит жанды* дегеннің орнына *мысықжанды* деп өзгертіп айтуға болмайды.

Сондай-ақ, мұндай тіркес көркем,бейнелі бір ұғымды білдіреді: *қой аузынан шөп алмас-жуас,ит жанды-көнбіс,таяқ тастам-жақын,мұзға отырғызып кету-алдау,жұмған аузын ашпау-үндемеу,көзді ашып-жұмғаниша-лезде* деген мағыналарды білдіріп,бір сөздің орнына қолданылады.Сондықтан мұндай тіркестерді *тұрақты тіркестер* дейді.Тұрақты тіркестің мағынасы оның құрамындағы сөздердің мағыналарынан тумайды,басқа бір мағынаны білдіреді. Мысалы:*қабырғаңмен кеңес-ойлан,бесіктен белі шықпай – ерте,қас пен көздің арасында-шапшаң* мағыналарын білдіреді.

Еркін сөз тіркесі мен тұрақты тіркесті салыстырып көрейік.

<i>Сөз тіркесі</i>	<i>Тұрақты тіркес</i>
--------------------	-----------------------

1.Таза дәптер,таза киім,әдемі дәптер,әдемі киім.	Тайға таңба басқандай(анық),біреудің ала жібін аттамау(ұрламау).
2.Әдепті оқушы,әдепті кісі, баланың ісі, үлкеннің ісі.	Жүрек жұтқан(батыр),қоян жүрек(қорқақ),таяқ тастам(жақын),тіс жармау(үндемеу).

Неше сөзден құралса да,тұрақты тіркес бір ғана ұғымды білдіреді.Сөйлем ішінде бір ғана мүшенің қызметін атқарады.Мысалы:*Көзі ашық,көкірегі ояу азаматтар елге қызмет етеді.*Осы сөйлемдегі *көзі ашық,көкірегі ояу* тұрақты тіркестің сұрағы қандай?, яғни *саналы* деген бір мағынаны білдіреді,анықтауыштық қызмет атқарады.

Орын жағынан әбден қалыптасқан,құрамын өзгертуге келмейтін,бәрі тұтасып бір мағынаны білдіретін,бір ғана сөйлем мүшесі ретінде қолданылатын тіркесті *тұрақты тіркес* дейміз.Тұрақты тіркестер ғылым тілінде **фразеология**, яғни**фразеологизм** деп те аталады.

«Лексикология»бөлімі бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.Лексиканың зерттейтін нысаны не?

А. Сөз мағынасын.

В. Дыбыстарды.

С. Сөз тіркестерін.

Д. Түбір сөзді.

2. Сөздің мағына беретін бөлшегі не деп аталады?

А.Қос сөз.

В. Жалғау.

С.Түбір сөз.

Д.Туынды сөз.

3. Сөздердің жасалуын тіл білімінің қай саласы қарастырады?
- А. Фонетика.
 - В. Лексика.
 - С. Морфология.
 - Д. Синтаксис.
4. Төмендегі жауаптардың қайсысында тура мағыналы сөздер берілген?
- А. Ауыр сөз.
 - В. Ауыр жүк.
 - С. Терең адам.
 - Д. Терең сезім.
5. Дыбысталуы бірдей, мағыналары басқа-басқа сөздерді не деп атаймыз?
- А. Антоним.
 - В. Синоним.
 - С. Омоним.
 - Д. Диалог.
6. *Тез, жылдам, шапшаң*-деген сөздер мағынасы жағынан қандай сөздер?
- А. Антоним.
 - В. Омоним.
 - С. Синоним.
 - Д. Диалог.
7. «Тұр» сөзінің синонимі қайсы қатарда берілген?
- А. Өң, түс, бет,
 - Б. Әдемі, сұлу, көркем.
 - С. Сұлу, салмақты, батыл.
 - Д. Көркем, күшті, келбетті.
8. «Жомарт» сөзінің антонимі қайсы қатарда дұрыс берілген?
- А. Мырза.
 - Б. Сараң.
 - С. Кедей.
 - Д. Сынып.

9. «Ерлік» сөзінің антонимі қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Батырлық.

Б. Қорқақтық .

С. Өжеттік.

Д. Салмақты.

10. Төмендегі тіркестердің қайсысы тұрақты тіркес?

А. Орта мектеп.

Б. Алтыншы сынып.

С. Тайға таңба басқандай.

Д. Жарық бөлме.

СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ

1-§ Сөзжасам туралы түсінік

Қоғамдық өмірдің дамуымен байланысты жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер пайда болады. Сөздердің пайда болуы мен жасалуының белгілі заңдылықтары бар. Мысалы: *оқушы, оқулық, аялдама, тоқсан, жеті, өнеркәсіп, бүгін, аяқ-табақ* т.б. сөздер әр түрлі тәсілдермен жасалған: *оқу-шы, оқу-лық, аялда-ма* дегендер сөзге (түбірге) *-шы, -лық, -ма* қосымшалары жалғану арқылы, *тоқсан, жеті* дегендердің мағынасы өзгеру арқылы, яғни **тоқсан** саны үш айлық мерзім (*квартал*), **жеті** — *жеті күн*, яғни *апта* деген мәндерде, **өнеркәсіп** — *өнер+кәсіп*, **бүгін** — *бұл+күндеген* сөздердің бірігуі арқылы, *ыдыс-аяқ* екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған. Тілдің сөздік құрамының

дамып, осылай жаңа сөздердің пайда болуын ғылым тілінде *сөзжасам* деп атайды.

Кембриж университетінің профессоры Ж.Юлдің оқулығында морфемалар екіге бөлінген: 1. Еркін морфемалар. 2. Тәуелді морфемалар.¹²

From these examples, we can make a broad distinction between two types of morphemes. There are free morphemes, that is, morphemes that can stand by themselves as single words, for example, open and tour. There are also bound morphemes, which are those forms that cannot normally stand alone and are typically attached to another form, exemplified as re-, -ist, -ed.

2-§ Сөздердің жасалу жолдары мен сөздік құрамы

Сөздердің жасалуының бірнеше жолы болады. Олар: 1) түбірге қосымша (сөз тудырушы жұрнақ) жалғану арқылы, мысалы: *бала-лық, кітап-ша, ақыл-шы, айт-ыс, жас-ар т.б.*; 2) сөздердің бірігуі арқылы. Мысалы: *түрегелді (тұра-келді), ашудас (ашу-тас), белбеу (бел-бау), сексен (сегіз-он) т.б.*; 3) сөздердің қосарлануы арқылы. Мысалы: *жақсы-жаман, күні-түні, жата-жастана, құрт-құмырсқа, дос-жаран т.б.*

Түбірге қосымша жалғану арқылы жасалған сөздер *туынды түбір* деп аталады. Сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздер *біріккен сөздер* деп аталады. Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған сөздер *қос сөздер* деп аталады.

Қазақ тілінің сөздік құрамы қысқарған сөздер арқылы да, сөздердің мағына өзгерісі арқылы да, басқа тілден енген сөздер арқылы да толығып, байып отырады.

Сөз түрлі бөлшектерден тұрады. Сөз бөлшектерінің өзіне тән белгілі мағынасы және қызметі болады. Мысалы, *жолдастыққа* деген сөз мынадай төрт бөлшектен тұрады: *жол+дас+тық+қа*. Бірінші *жол* бөлшегі *салған із*

¹² George Yule. The Study of Language. CAMBRIDGE UNIVERSITY PRESS. 2010, 67-бет.

немесе *сапар* мағынасын білдірсе, оған *-дас* қосымшасы қосылып, *жолдас* сөзі *серік* мағынасы беріп тұр. Бұл сөзге *-тық* қосымшасы жалғанып, *адамдар арасындағы қатынас* мағынасын білдіретін сөз жасалған. Соңғы *-қа* бөлшегі бұл сөзге жаңа мағына үстеп тұрған жоқ.

Сөйтіп, сөздің құрамы деген ұғымға түбір және қосымша деп аталатын бөлшектер кіреді. Сөз жалғыз бір түбірден де (мысалы, *үй, әке, бала* т.б.), түбір мен қосымшадан да (мысалы, *маңдай-ша, өнер-паз, біл-ім* т.б.), түбір мен түбірден де (мысалы, *некен-саяқ, жақсы-жаман, аққу, Марқакөл* т.б.) құралады.

3-§ Түбір мен қосымша

Түбір - сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі. Бұл түпкі негіз сөздің құрылысының да, мағынасының да негізгі ұйытқысы болып есептеледі

Қосымша деп түбірге қосылып, оған қосымша мағыналар үстейтін морфемаларды айтамыз.

Қосымша морфемалар өз ішінде жұрнақтар, жалғаулар және қосалқы сөздер деген үш топқа бөлінеді.

Сөздің бастапқы мағыналы бөлшегін *түбір* дейді. Мысалы: *жолдастық, сауыншылар, мектептердің, көрінген* т.б. сөздердің түбірлері — *жол, сау, мектеп, көр*. Себебі бұлар қосымшасыз тұрып та белгілі бір мағынаны білдіреді: *жол* — із немесе сапар, *сау* — сүт алу, *мектеп* — оқитын орын, *көр* — көзбен байқау. Осы түбірлерге жалғанған *-дас, -тық* (*жолдастық* деген сөзде) *-ын, -шы* (*сауыншы* деген сөзде), *-тер, -дің* (*мектептердің* деген сөзде) *-ін, -ген* (*көрінген* деген сөзде) бөлшектері *қосымша* деп аталады. Қосымша жеке тұрғанда ешбір мағына білдіре алмайды. Жоғарыдағы *-дас, -тық, -ын* т.б. дегендерде ешбір мән жоқ. Түбірге қосылғанда, оған бүтіндей жаңа мағына қосады, мысалы, *жол* — із я сапар болса, *жолдас* — жолға бірге шығатын адам я серік; не қосымша мән үстейді: *мектеп* — оқу оқитын орын болса, *-тер*

деген қосымша сол мектептің біреу емес көп екенін ғана білдіреді. Сөйтіп, қосымша түбірсіз қоданылмайды және оның мәні тек түбір арқылы айқындалады.

4-§ Дара сөздер мен күрделі сөздер

Сөздер құрамы жағынан дара және күрделі сөздер болып екіге бөлінеді. Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді *дара сөз* дейді. Мысалы: *әке, жолдас, ауыл, аялдамасияқты* сөздер дара сөз болып табылады. Себебі бұл сөздер жалаң бір ғана негізгі түбірден (*әке, ауыл*) немесе бір ғана туынды түбірден (*жолдас, түбірі жол, -дас — жұрнақ, аялда-ма, түбірі — аялда, -ма — жұрнақ*) тұрады.

Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді *күрделі сөз* дейді. Мысалы: *әке-шеше, ауыл-аймақ, ашудас, бесжылдық, боз торғай, қара торы, он үш* сияқты сөздер күрделі сөздер болып табылады. Себебі бұлар кемінде екі түбірден құралған: *әке-шеше* (*әке* және *шеше*), *ауыл-аймақ*, (*ауыл* және *аймақ*), *ашудас* (*ашу* немесе *ащы* және *тас*), *бесжылдық*, (*бес* және *жылдық*), *бозторғай* (*боз* және *торғай*), *қара торы* (*қара* және *торы*), *он үш* (*он* және *үш*).

Күрделі сөздер жасалу жолына қарай біріккен сөздер (*бүгін, жаздыгүні, алғысөз*), қос сөздер (*үлкен-кіші, ыдыс-аяқ*), қысқарған сөздер (*АҚШ, БҰҰ, ГүлМУ*), тіркесті сөздер (*қара торғай, қара көк, жүз бес*) болып бөлінеді.

Сөйтіп, күрделі сөздер, бір жағынан сөз тудырудың (сөзжасамның) белгілі жолдары (біріктіру, қосарлау, тіркестіру) арқылы жасалған жаңа сөздер болса, екінші жағынан күрделі түбір, сөйтіп, түбірдің бір түрі болып табылады.

5-§ Біріккен сөздер

Екі я одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер *біріккен сөз* деп аталады. Мысалы: *алғысөз, белбеу, баспасөз, ашудас,*

өнеркәсіп, тоқсан екі сөзден құралып (*алғы және сөз, бел және беу, яғни бау, баспа және сөз, ашу я ащы және тас*, кейінгі ықпал заңы бойынша *т* дыбысы *д*-ға айналып *тас* сөзі *дас* болған; *өнер және кәсіп, тоғыз — тоқс және он — ан*), бір ұғымның ғана атауы болып тұр.

Қазақ тілінде біріккен сөз екі түрлі болады. Бірі — құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақталып отырады. Мысалы: *түйеқұс (түйе-құс), бұзаубас (бұзау-бас), қарақұрт (қара-құрт), басмақала (бас-мақала)* т.б. Екіншісі, құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақталмай, кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Мысалы: *биыл (бұл және жыл, бірінші сөздегі л дыбысы түсіп қалған, екінші сөздің басындағы ж дыбысы й-ға айналған), жаздыгүні (жаздың және күні, бірінші сөздегі соңғы ң дыбысы түсіп қалған, екінші сөздің басындағы к дыбысы ілгерінді ықпал заңы бойынша г-ге айналған), түрегелді (тұра және келді, бірінші сөздегі дауысты дыбыстар екінші сөздің әсерінен жіңішкеріп ұ—ү-ге, а—е-ге айналған, екінші сөздің басындағы к дыбысы г-ге айналған)*. Бұлар ғылым тілінде *кіріккен сөздер* деп аталады.

Біріккен сөздерге, көбіне, мынадай атаулар жатады.

1. Аң, құс, жәндік, өсімдік атаулары:*қосаяқ, тасбақа, егеуқұйрық, жолбарыс, көкқұтан, текесақал, алабота, аққу, қарақұрт, итмұрын, саңырауқұлақ, бәйтерек, бәйшешек* т.б.

2. Географиялық атаулар (жер, су, планета аттары):*Жетіқарақшы, Темірқазық, Ақбозат, Көкбозат, Сарысу, Қызылорда, Әулиеата, Алакөл* т.б.

3. Кісі аттары:*Орынбасар, Сейілбек, Мұхамеджан, Қойбағар, Жаңбырбай, Есенәлі, Бейсенбай* т.б.

4. Дене мүшелері атаулары:*анатомиялық атаулар - асқазан, тоқішек, ұлтабар, мойыномыртқа, кәріжілік, сегізкөз, тазқарын* т.б.

5. Ауру атаулары:*алаөкпе, көкжөтел, қылтамақ, қарасан* т.б.

6. Ойын атаулары:*алтыбақан, ақсүйек, балтамтап, доптаяқ, орынсатпақ* т.б.

7. Ән, күй, өлең аттары:*Саржсайлау, Сарыарқа, Қараторғай, Кісенашқан, Сегізаяқ* т.б.

8.Қоғамдық өмірге, күнделікті тұрмысқа байланысты әр түрлі атаулар:*баспасөз, қолбасшы, кәсіпорын, шекара, еңбеккүн, отағасы, ақсақал* т.б.

9. Мезгілге байланысты атаулар:*биыл, бүгін, қыстыгүні, жазғытұрым, күздігүні, аңуегүні* т.б.

10. Белгісіздік, болымсыздық мәндегі атаулар:*ешкім, ештеңе, қайсыбіреу, әлдекім, әрқайсысы, ешқашан, кейбір, әрбіреу, әлдеқашан* т.б.

7-§ Қос сөздер

Қос сөздердің құрамдарындағы компоненттер я бір сөздің өзінің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, я оның бір сыңарының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріліп жамалуынан құралады немесе морфологиялық жағынан бір тектес я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады. Негізгі осы ерекшеліктеріне қарай қос сөздердің компоненттері семантикалық жағынан я бірдей, я пара-пар болады да, синтаксистік жағынан я ұқсас, я тепе-тең келеді.

Сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөздерді қос сөз деп атайды. Сөздерді қосарлап немесе қайталап қолдану — жаңа сөз жасаудың бір жолы болып табылады. Мысалы: *Жан-жануар, адамзат антала, Ата-анадай елжірер күннің көзі*. (Абай) Бұл сөйлемде *жан-жануар, ата-анадай* деген — қос сөздер, олар жаңа ұғым, жаңа мағына білдіріп тұр: *жан-жануар* — бүкіл айналадағы, табиғаттағы жанды заттар, *ата-анадай* — ең жақын туғандар ата мен анадай деген мағынада, яғни ең күшті мейірімділік деген мәнде қолданылған. Қос сөздер екі түрлі болады: **қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер**.

Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің я қосымшалы түрінің екі рет қайталануы арқылы, я сол сөздің не бір (я бірнеше) дыбысының немесе буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: *қора-қора, мая-мая, үлкен-үлкен, ұсақ-ұсақ, бара-бара, келе-келе, айтып-айтып, сөйлеп-*

сөйлеп, үйдей-үйдей, таудай-таудай; үй-үйге, үй-үйден; өзді-өзі, өзді-өзіне, он-оннан, бес-бестен; қолма-қол, көзбе-көз; ат-мат, іс-міс; сарт-сұрт, қалт-құлт; ап-ашық, қап-қара т.б.

Қосарлама қос сөздер лексикалық мағынасы басқа-басқа екі түрлі сөзден құралады. Мысалы: *ата-ана, үлкен-кіші, ертелі-кешті, жиырма-отыз, ол-пұл, қарғап-сілеп, сүріне-жығыла, туған-өскен, аума-төкпе, жаста-тұрса, ілгері-кейін, алды-арты, іші-сырты* т.б.

8-§ Қысқарған сөздер

Қазіргі тіліміздегі күрделі сөздердің белгілі бір тобы — қысқарған сөздер. Күрделі атау сөздердің бір алуандарының әрі қысқартылып, әрі біріктіріліп жұмсалып жолу кейінгі дәуірде орыс тілінің әсірінен келіп туды деуге болады.

Кейбір күрделі атаулар, мемлекет, мекеме, ұйым аттары бірнеше сөздің тіркестерінен құралып, кейде қысқартылып та қолданыла береді. Мысалы: *Машина-трактор станциясы* деген *МТС* болып, *Америка Құрама Штаттары* деген *АҚШ* болып, *Біріккен Ұлттар Ұйымы* деген *БҰҰ* болып, *Ташкент мемлекеттік педагогика университеті* деген *ТМПУ* болып қысқарып та жұмсалады. Осындай күрделі атаулардың белгілі тәсілдермен қысқартылып алынуын қысқарған сөздер дейді.

Күрделі атаулар әр түрлі жолдармен қысқартылады.

1. Күрделі атау құрамындағы сөздердің бас әріптерінен құралады. Мысалы: *БҰҰ* — Біріккен ұлттар ұйымы, *ҒА* - Ғылым академиясы, *ХШЖК* — Халық шаруашылық жетістіктерінің көрмесі т.б.

Бұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылады да оларға қосымша дефис (-) арқылы жалғанады. Мысалы: *АҚШ-тың* (Америка Құрама Штаттарының).

2. Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің бас буыны мен кейінгі сөздердің бас әріптерінен құралады. Мысалы: ГүлМУ—*Гүлістан мемлекеттік университеті*.

3. Күрделі атау құрамындағы сөздердің бірінші буындарынан немесе бірінші сөздің бірінші буыны мен келесі сөз тұтасымен бірігіп құралады. Бұндай қысқарған сөздер кіші әріппен жазылады да, қосымша әдеттегі сөздей (дефис арқылы емес) жалғанады, яғни қосылып жазылады. Мысалы: *обкомға* (облыстықкомитетке) барды, *ауаткомда* (аудандық атқару комитетінде) болды, *медпункттің* (медициналық пункттің) алдында т.б.

4. ГАЗ-51, ТУ-154, ИЛ-86, АН-24 тәрізді техника түрлерінің (ұшақ, машина, трактор т.б.) маркаларын көрсету үшін алынған шартты белгілер де қысқарған сөздер болып табылады. Бұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылады да, қосымша дефис арқылы жалғанады. Мысалы: *ТУ-154-пен* ұшып келді.

Әр түрлі өлшемнің атауы болып табылатын *м (метр), см(сантиметр), кг (киллограмм), т (тонна), га (гектар), ц (центнер), т.б. (тағы басқа)* тәрізді белгілер де қысқарған сөздер болып табылады. Бұлар кіші әріппен жазылады да, қосымша жалғанбайды.

9-§ Тіркесті сөздер

Екі я одан да көп сөздер тіркесіп келіп бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер *тіркесті сөздер* деп аталады. Бұлар мағынасы жағынан біріккен сөздер сияқты бір ұғымның атауы болып келеді, бірақ бөлек жазылады. Мысалы: *қара торғай, сөз таптары, қара торы, үш жүз* т.б.

Тіркесті сөздерге күрделі зат есімдер (*мәдениет сарайы, Ташкент қаласы, ауыл шаруашылығы* т.б.), күрделі сын есімдер (*қара кер, бидай өңді, ат жақты, ұзын бойлы* т.б.), күрделі сан есімдер (*он үш, екі мың он жеті* т.б.), күрделі үстеулер (*күні бойы, ала жаздай, ертеден қара кешке дейін* т.б.) жатады.

«Сөздердің жасалуы» бөлімі бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.Төменде қайсысы біріккен сөзге мысал бола алады?

А. Ата-ана.

В. Қара торы.

С. Ақсүйек.

Д. АлМУ.

2. Қайсы қатарда кіріккен сөз берілген?

А. Биыл.

В. Баспасөз.

С. Еңбеккүн.

Д. Орман.

3. Қайсы қатарда қос сөздердұрыс берілген?

А. Әркім,бала-шаға.

В. Әке-шеше,тау мен тас.

С. Ел-жұрт,оқу.

Д. Биыл.

4. Қайсы қатарда қосарлама қос сөз берілген?

А. Ата-ана.

В. Орынды-орынсыз.

С. Тарс-тұрс.

Д.Деректі-дерексіз.

5. Төменде қайсы қатарда қайталама қос сөз берілген?

А. Қысы-жазы.

В. Жалт-жұлт.

С. Аға-іні.

Д. Әке-шеше.

6. Қайсы жауапта қос сөз дұрыс берілген?

А. Фотосурет.

В. Оқу-тәрбие.

С. Беташар.

Д. Ақсүйек.

7.Күрделі атаулардың белгілі тәсілдермен қысқартылып алынуын қандай сөз дейміз?

А. Қос сөз.

В. Біріккен сөз.

С. Түбір сөз.

Д. Қысқарған сөз.

8.Қысқарған сөз қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. ҚарМУ.

В. Ән-күй

С.Алтыбақан.

Д. Өнерлі.

9. Құрама, құранды, тіркесті сөздер қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Қолбасшы.

В.Ақсақал.

С. Ұзын бойлы.

Д. Тап-таза.

10.Бір сыңары мағыналы,бір сыңары мағынасыз қос сөздер қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Құрт-құмырсқа.

В. Жақсы- жаман.

С. Бала-шаға.

Д. Әке-шеше.


СӨЗ ТАПТАРЫ

Сөз таптары туралы түсінік

Қазақ тіліндегі барлық сөздер семантикалық және морфологиялық (формальдік) белгілеріне қарай, ең алдымен, үш үлкен топқа бөлінеді. Олар — атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер.

Сөз таптары жөніндегі мәселені бағдарлау әрі тілдік құрылымның теориялық та, практикалық та мәселелерін терең зерттеу, жете білу үшін керек.

Сөздердің білдіретін мағынасына, түрлену тұлғасына, қойылатын сұрағына, сөйлемде атқаратын қызметіне қарай топталуын **сөз таптары** деп атайды. Қазақ тілінде 9 түрлі сөз табы бар. Олар: **зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау, одағай**.



ЗАТ ЕСІМ

1-§ Зат есім туралы түсінік

Заттың атын білдіріп, кім?, не? деген сұраққа жауап беретін сөздер **зат есім** деп аталады. Мысалы: *әке (кім?), оқушы(кім?), әнші (кім?), іні (кім?), тау (не?), ауыл(не?), ақыл (не?), мая (не?), құс(не?)* т.б. Адамға байланысты зат есімге *кім?* деген адамнан басқа зат атауларына (*жансыз және мал, құс, аң, балық* т.б.) *не?* деген сұрақ қойылады.

Зат есім **жалпы есім** және **жалқы есім** болып екіге бөлінеді. Біркелкі заттардың жалпы атауы **жалпы есім** деп аталады. Заттардың даралап, жекелеген түріне ғана қойылатын ерекше аты **жалқы есім** деп аталады. Мысалы: *кісі, адам* деген жалпы адам атаулыға тән ат болса, *Байжан, Гүлнар*

десек, бұл адам атаулының бәріне емес, тек жеке кісілерге тән ат. **Жалқы есім**, әдетте, кісі аттары, әкесінің аты мен фамилиясы, мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, көше, ұйым, мекеме, зауыт, фабрика аттары, географиялық(жер, су, т.б.) атаулар, әр түрлі шығарма (газет, журнал, кітап, ән-күй,би т.б.) аттары, мал, құс, хайуанаттарға арнап қойылған (Тайбурыл, Құлагер, т.б) аттар болып келеді. Жалқы есімдер бас әріппен басталып жазылады.

2-§Зат есімнің жасалуы

Зат есімдер негізгі және туынды зат есім, дара және күрделі зат есімдер болады. Туынды зат есімдер жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы: *қой-шы, күй-ші, ай-лық, жақсы-лық, біл-ім* т.б.

Зат есімдер бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы да жасалады. Олар **күрделі зат есім** деп аталады. Мысалы: *өнеркәсіп, белбеу, ашудас, Көкшетау, Сарысу, ыдыс-аяқ* т.б.

Зат есім тудыратын жұрнақтар. Қазақ тілінде зат есім болып саналатын сөздердің көпшілігі қосымша арқылы жасалған туынды сөздер болып табылады. Ондай жұрнақтар үлкен екі топқа бөлінеді:

1.Есімдерден (зат есім, сын есім, сан есім т.б) зат есім тудыратын жұрнақтар:

-шы, -ші:*етік-ші, ән-ші, балық-шы, аң-шы* т.б. Бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер, көбіне, кәсіп, мамандық, бірдеңеге икемділікті білдіреді.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік:*жақсы-лық, шебер-лік, шын-дық, дос-тық* т.б. Ондай сөздер жалпылық, қалыптық,қатыстық мән білдіреді.

–шылық, -шілік құранды (*-шы+лық, -ші+лік*) жұрнағы: *егін-шілік, кем-шілік, тір-шілік* т.б.

-ша, -ше:*бөлім-ше, кітап-ша* т.б.

-шық, -шік:*ойын-шық, үй-шік, қап-шық* т.б.

-ыл, -іл, -л:*тарс-ыл, гүрс-іл, дір-іл* т.б.

Бұл жұрнақ, көбінесе, еліктеу сөздерге жалғанып, сол құбылыстың атын білдіреді.

-хана, -стан, -кеш сияқты араб-парсы тілдерінен енген қосымшалар: *дәрі-хана, кітап-хана, Өзбек-стан, арба-кеш* т.б.

2. Етістіктен зат есім сөздерден тудыратын жұрнақтар:

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: бөл-ме, мін-бе, тоқы-ма, кес-пе, т.б.

-ым, -ім, -м: бөлім, білім, өнім, т.б.

-қы, -кі, -ғы, -гі: шап-қы, бұр-ғы, сүз-гі, ашып-қы, т.б.

-ыс, -іс, -с: жең-іс, айт-ыс, бөл-іс, тала-с, тойтар-ыс, т.б.

-ық, -ік, -қ, -к: қазы-қ, көр-ік, түкір-ік, тоз-ық, сұра-қ, тіле-к, т.б.

-ақ, -ек, -қ, -к: қон-ақ, тіре-к, жат-ақ, т.б.

-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш: бас-қыш, сүз-гіш, қыр-ғыш, т.б.

-ын, -ін: жау-ын, ег-ін, жи-ын, т.б.

-ыш, -іш, -ш: қуан-ыш, сүйен-іш, т.б.

-уыш, -уіш: тырна-уыш, еле-уіш, т.б.

-ман, -мен: оқыр-ман, көрер-мент, т.б.

3-§ Зат есімнің жалғаулары

Зат есімнің түрлену тұлғалары оның жалғаулары болып табылады. Жалғаулар бір жағынан, өзі жалғанған сөзге белгілі бір грамматикалық мағына үстесе, сөйтіп зат есімнің сөз түрлендіру жүйесінің бір көрінісі болып табылса, екінші жағынан өзі жалғанған сөздің екінші бір сөзбен байланыстырылады. Қазақ тілінде жалғау төрт түрлі: *көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау және жіктік жалғау*. Зат есім, негізінен, көптеледі, тәуелденеді және септеледі. Тек адамға байланысты не адамға байланысты зат есімдер ғана жіктеле алады. Мысалы: *мен бала-мын, сен бала-сың, сіз бала-сыз, ол бала*. Кейде адам мәнін де салыстыру үшін қолданылған зат есімдер жіктелінеді. Мысалы: *мен асқар тау-мын, сен төбе-сің, сен темір-сің, мен көмір-мін, еріткелі келгенмін* т.б.

Зат есімнің жіктелуі. Зат есімдер сөйлемде баяндауыш қызметінде жұмсалғанда жіктеліп қолданылады. Жіктік жалғаудың үш жағы және жекеше, көпше түрлері бар.

Әдетте, 1-2-жақтарда адамға байланысты зат есімдер жіктеледі де, 3-жақ кез келген зат есім бола береді: жіктік жалғаулары буын (1-2-жақ) және дыбыс (1-жақ) үндестіктері бойынша жалғанады:

1-жақ, жекеше — *-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін*; көпше — *-мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз*;

2-жақ, жекеше, анайы — *-сың, -сің*; сыпайы — *-сыз, -сіз*; көпше, анайы — *-сыңдар, -сіңдер*; сыпайы — *-сыздар, -сіздер*;

3-жақта оның арнайы жалғауы болмайды.

Оны мына төмендегі кестеде көруге болады. Бұл кестеде 1, 2, 3-жақтарда сөздердің жіктелу үлгісі берілген.

Жақ жекеше		Жақ көпше	
М ен	<i>бала-мын, әнші-мін.</i>	Біз	<i>бала-мыз, әнші-міз.</i>
Се н	<i>бала-сың, әнші-сің.</i>	Сендер	<i>бала-сыңдар, әнші-сіңдер.</i>
Сі з	<i>бала-сыз, әнші-сіз.</i>	Сіздер	<i>бала-сыздар, әнші-сіздер.</i>
Ол	<i>бала-, әнші-</i>	Олар	<i>бала-, әнші-</i>

4-§ Зат есімнің сөйлемдегі қызметі

Зат есімнің сөйлемдегі қызметі оның қай септік жалғауында жұмсалыуымен байланысты.

1. Зат есім атау септікте тұрып, кім?, не? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бастауышы болады. Мысалы: *Таулардан өзен ағар сарқыраған.*(Ы. А). Бұл сөйлемде *өзен* сөзі атау септікте тұрып (*не ағар?*), бастауыш қызметін атқарып тұр.

2. Зат есім жіктеліп келіп, сөйлемнің баяндауышы да болады. Үшінші жақта жіктелген сөздің жіктік жалғауы болмайды. Мысалы: *Ақ басты Алатаудың Жамбылымын .. Ынтымақ – оқ өтпес сауыт.* Бұл сөйлемдерде *Жамбылмын* (мен кіммін?), *сауыт*(ынтымақ не?) деген сөздер 1- және 3- жақта жіктеліп келіп баяндауыш болып тұр.

3. Зат есім ілік септікте немесе түбір тұлғада тұрып анықтауыш болады. Мысалы: *Абайдың қонақтары ымырт жабылар кезде ғана көрінді.Дайрабай әрі күйші,әрі әнші,әрі ақын болған.*Бұл сөйлемдерде *Абайдың*(кімнің қонақтары?)ілік септікте тұрып,күйші,әнші,ақын(қандай адам болған?)туынды және негізгі түбір тұлғада тұрып,анықтауыш қызметін атқарып тұр.

4. Зат есім табыс септікте және барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде тұрып, толықтауыш та болады. Мысалы: *Көкторғын Көкшетауды мұнар басқан, Бастары көкке бойлап бұлттан асқан.*Бұл сөйлемде *Көкшетаудың* (нені мұнар басқан?)табыс септікте,*бұлттан*(неден асқан?)шығыс септікте келіп толықтауыш болып тұр.

5. Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде тұрып немесе түбір тұлғадан мезгілдік мекен-бағыттық, себеп-мақсаттық мәндегі шылаулармен тіркесіп келіп пысықтауыш та болады. Мысалы: *Орманның оңтүстік жақ бүйірінен, жол шықты айдаһардай иірілген.Көкке қарай қанат қағып,Аққу кетті бұлдырап.*Бұл сөйлемдерде *бүйірінен*(қайжол шықты?)шығыс септікте,*көкке қарай*(қайда қанат қағып?)барыс септіктің үстіне қарай шылауы тікесіп,пысықтауыш болып тұр.

Көмекші есімдер. Зат есімдердің көпшілігі сөздердің лексикалық мағыналарында жұмсалып, өздеріне тән түрлену жүйелерін және сөйлемде өз алдарына дербес мүше болу қасиеттерін сақтап отырады. Ал, кейбір зат

есімдер өздеріне тән байырғы қызметтерінен жартылай айрылып, көбінесе, көмекші сөздер, яғни көмекші есімдересебінде жұмсалады.

Көмекші есімдер деп лексикалық мағыналары бірде бүтіндей сақталып, бірде солғындап, өзге сөздермен тіркесу ерекшеліктеріне қарай, синтаксистік жағынан кейде жеке-дара мүше есебінде, кейде күрделі мүшенің құрамындағы дәнекер элемент есебінде қолданылып, морфологиялық жағынан зат есімдерше түрленіп отыратын жәрдемші сөздерді айтамыз.

Көмекші сөздердің негізгі (атаушы) сөздерге үстейтін қосымша мағыналары, көбінесе, көлемдік қатынастарды, әрегідік, мезгілдік қатынастарды білдіреді. Осындай семантикалық ерекшеліктеріне орай, көмекші есімдер, көбінесе, көлемдік және мезгілдік мағыналарды білдіретін барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік формаларында қолданылады. Бұдан, әрине, көмекші есімдер, атау, ілік, табыс септік формаларында жұмсалмайды екен деген қорытынды шықпасақ тиіс, өйткені олар ретіне қарай, қажетті болған жағдайда, бұл грамматикалық септік жалғаулардың формаларына да қолданыла береді.

Лексикалық мағынасынан айрыла бастап, сөйлемде екінші бір сөздің жетегінде ғана қолданылатын зат есімдер бар. Мысалы: *сырт, іш, маң, түс, қас, жан* т.б. сияқты сөздер сөйлемде екінші зат атуының жетегінде жұмсалады. *Ауылдың жаны терең сай.* (Абай). Осындай сөздер көмекші есім деп аталады. Әдетте, көмекші есім тәуелдік жалғауында тұрып негізгі зат есіммен тіркесіп, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

«Зат есім» сөз табы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қайсы қатарда дара зат есім дұрыс берілген?

А. Тұрған.

В. Оқу.

С. Тасбақа.

Д. Ауыл шаруашылығы.

2. Қайсы қатарда күрделі зат есім берілген?

А. Зейін.

В. Білгіш.

С.Әдет-ғұрып.

Д. Самғау.

3. Жалпы есім қайсы қатарда берілген?

А. «Абай жолы».

В.Тау.

С. Балқаш.

Д.«Жас Алаш».

4. Негізгі зат есім қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Күнделік.

В. Көркем.

С. Ұлық.

Д. Қол.

5. Сөйлемдегі толықтауыш қай сөз табынан жасалып тұр? *Мен кеше күрегімді жоғалтып алдым.*

А.Сын есім.

В. Зат есім.

С. Үстеу.

Д. Етістік.

6. Деректі зат есім дұрыс берілген қатар қайда?

А. Тас.

В.Шабуыл.

С. Дәулет.

Д.Азап.

7. Дерексіз зат есім қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Алтыбақан.

В. Жер.

С. Даңқ.

Д.Дария.

8 . Зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнақтар қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. – лық, - дық.

В. – жан, - еке.

С. – ғы, - гі.

Д. – ым , - ім.

9 . Жанама толықтауыш қызметіндегі зат есім қайсы қатарда?

А. Олар найманды шүйелемей қоймас.

В. Су ағуын, жел соғуын тоқтатып, даланың қайғылы мұңын талай тыңдағаны рас.

С. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің бастауы - одақтың ыдырауында.

Д. Ол өзінің ағасына хат жазды.

10. Жалқы есімі бар сөйлем қайсы қатарда берілген?

А. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым.

В. Мен сені Алатаудың аясында қарсы аламын.

С. Адам ұлы адамша өмір сүрсін.

Д. Үстінде шетін кестелейтін ақ көйлек, қызыл пүліш камзол.

Сын есім

1-§ Сын есім туралы түсінік

Қазақ тілі - өте бай тіл. Оның құрамында мыңдаған сөздер бар. Ол сөздер мағынасына, сұрағына, атқаратын қызметіне қарай тоғыз топқа бөлінетіні белгілі. Соның бір тобы – зат есім деп аталса, келесі бір тобы – сын есім деп аталады. Сын есім заттың, құбылыстың сын-сипатын, көлемін, түр-түсін, сапасын білдіреді. Сын есімнің мынадай маңызды белгілері болады: 1. Заттың түрін, түсін білдіреді: *ақ (қағаз), көк (сия), қара (костюм), сұр (бұлт), құла (бие), күрең (ат), қызыл (сиыр), жасыл (желек)* т.б .

2. Заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді: *биік (үй), кіші (інісі), тар (бөлме), ұзын (жіп), жеңіл (жүк)* т.б.

3. Заттың сапалық белгісін, сипатын білдіреді: *жақсы (сөз), жаман (ырым), сараң (адам), тентек (бала), алғыр (оқушы), зерек (оқушы), жалқау (кісі)* т.б.

4. Заттың дәміне, иісіне және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді: *ащы (сөз), тұщы (ас), қышқыл (қымыз), тәтті (су), жұмсақ (төсек)* т.б.

5. Затқа, қимыл іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді: *тасты (жер), балалы (үй), білімді (жігіт), көтеріңкі (көңіл), сусыз (арна), қысқы (демалыс), аспалы (шам), жазғы (демалыс), төменгі (ағыс)* т.б.

6. Сын есім қандай?, қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Жақсы (қандай ?) бала , таза (қандай ?) бөлме , қызыл (қандай ?) орамал .*

Сөйтіп, заттың, сынын, сипатын, сапасын, түр-түсін, көлемін білдіріп, қандай?, қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы *сын есім* деп аталады.

2-§ Сын есімнің жасалуы

Сын есім құрамы жағынан негізгі сын есім және туынды сын есім болып бөлінеді. Ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйінде жұмсалатын сын есімді *негізгі сын есім* дейді. Мысалы: *қара, көк, биік, таза, жақсы, сары, терең* т.б. Бұл сияқты сөздер - әрі қарай бөлшектеуге келмейтін негізгі түбірлер.

Басқа сөздерден жұрнақ арқылы жасалған сын есімді туынды сын есім дейді. Мысалы: *көш – пелі (ел)* , *кеш – кі (ауа)* , *өнер – лі (жігіт)*, *аудан – дық (комитет)*, *азамат – тық, (борыш)*, *тарих – и (оқиға)*, *үрк – ек (ат)* т.б. Құрамы жағынан туынды сын есім негізгі түбір мен қосымшадан (жұрнақтан) тұрады. Демек, туынды сын есімдер жұрнақтар арқылы жасалған сын есімдер болып табылады. Туынды сын есімдер жұрнақтар арқылы есім сөздерден де, етістіктен де жасалады. Мысалы: *қыс+қы (күн)* , *су+сыз (жер)*, *сөз+шең (адам)* т.б. сын есімдердің түбірі зат есім болса, *тол+ық, (адам)*, *көтер+іңкі (көңіл)*, *ауыс+палы (егіс)*, *үсте+ме (ақы)* т.б. сын есімдер түбірі – етістік. Сондықтан да сын есім тудыратын жұрнақтар және етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар болып екі топқа жіктеледі. Сын есім, сондай-ақ, қосарлану және тіркесу арқылы жасалады. Мысалы: *үлкен-кіші*, *апалы-сіңлілі*, *биік-биік*, *жақсы-жаман*, *балалы-шағалы* және *шұбар ала*, *қара көк*, *ақ сақалды*, *жирен қасқа* т.б. Бұлар құрамына қарай *күрделі сын есімдер* деп аталады. Бір ғана түбірден негізгі немесе туынды түбірден тұратын сын есімдер *дара сын есімдер* деп аталады .

3-§ Сын есімнің мағыналық түрлері

Мағынасына қарай сын есім *сапалық сын есім* және *қатыстық сын есім* болып екіге бөлінеді. Сапалық сын есім мен қатыстық сын есімнің айырмасы, ең алдымен, білдіретін мағынасына байланысты болады.

Негізгі түбір сын есімнің өзінен болып, заттың сынын, түр-түсін тікелей анықтайтын болса, ол сапалық сын есім болғаны.

Мысалы: *көк (шөп)*, *қызыл (бояу)*, *жақсы (сөз)*, *ащы (су)*, *көкшіл (мата)*, *қызғылт (орамал)*, *жақсырақ (орын)*, *ащылау (қымыз)*, *жап-жасыл (орман)*, *тұп-тұщы (өзен)*.

Сын есім басқа сөз табынан да жасала береді. Зат есім, есімдік, етістік, үстеуге сын есім тудыратын жұрнақтар жалғанып, туынды сын есім жасалады.

Оны қатыстық сын есім дейді. Қатыстық сын есімнің мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздің мағынасымен байланысты, соған қатысты болады.

Мысалы: *өнерлі жігіт* - өнердің неше түрін білетін жігіт екенін немесе жігіттің өнерінің молдығын, *орманды алқап* – орманның байлығын, ағашының молдығын көрсетеді. Сонымен, заттың түр-түсін, сын-сапасын тікелей анықтайтын сын есімді сапалық сын есім дейміз. Сапалық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғана алады. Ал заттың сын-сипатын, әр түрлі белгісін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіретін сын есімді қатыстық сын есім дейміз.

4-§ Сын есімнің шырайлары

Заттың сапалық сыны әр кез бір дәрежеде бола бермейді. Сапалық сынның белгілері бірде тым басым, артық болса, бірде бәсең болуы мүмкін. Мысалы: *сары* деген түстің *сарғыш, сарырақ, сарылау, тым сары, сап-сары* сияқты бір-біріне жақын түстері бар. Сол сияқты *үлкен, жақсы* сияқты сапалық сындардың *үлкенірек, үлкендеу, үп-үлкен, өте үлкен* және *жақсырақ, жақсылау, тым жақсы, жап-жақсы* сияқты жақын белгілері бар. Міне, осындай біртектес сапалық сынның бірінен екіншісінің артық я кемдігін, әр түрлі дәрежеде болатынын білдіруді сын есімнің шырайы деп атайды.

Сын есімнің екі түрлі шырайы бар: салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай. Шырайдың жасалуынын екі түрлі ерекшелігі бар. Біріншіден, сын есімнің шырайлары сапалық сын есімдерден ғана жасалады. Себебі біртектес сынның әр түрлі дәрежеде болуы тек сапалық сындарға тән, ал қатыстық сындарда ондай қасиет болмайды. Мысалы: *тау-лы, үй-сіз, көшпелі, тау-дай* т.б. сындар бір заттың екінші затқа, қимылға (*тау, үй, көшу*) қатысты сипатын ғана білдіреді, сынның әр түрлі дәрежесі болатын шырай мәні жоқ: *таулы-рақ, үйсіз-деу, көп-көшпелі, өте таудай* сияқты етіп айтуға болмайды. Екіншіден, шырай түрлері сапалық сын есімге белгілі қосымшалар жалғану арқылы және күшейткіш буын үстелуі немесе күшейткіш үстеулер

тіркесу арқылы жасалады. Сөйтіп, шырай жасауға негіз болатын тұлғасапалық сын есім.

5-§ Сын есімнің емлесі мен сөйлемдегі қызметі

1. Қосарлану, қайталану арқылы жасалған күрделі сын есімдер дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *жақсы-жаман, ұзынды-қысқалы, балалы-шағалы, үлкен-үлкен, ұзын-ұзын, кішкене-кішкене* т.б.

2. Күшейткіш буын арқылы жасалатын күшейтпелі шырай сын есімдер де дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *жап-жасыл, сұп-сұр, кіп-кішкентай, әп- әдемі* т.б. Тек *ақ, көк* сөздері ғана күшейтпелі шырай тұлғасында *аппақ, көкпеңбек* түрінде біріктіріліп жазылады.

3. Бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалған күрделі сын есімдер бөлек жазылады. Мысалы: *қызыл ала, ұзын бойлы, қара торы, ал қара көк* т.б.

4. Күшейткіш үстеу арқылы жасалатын күшейтпелі шырай тұлғалы күрделі сын есімдер де бөлек-бөлек жазылады. Мысалы: *өте әдемі, тым жақсы, нағыз адал, т.б.*

Сын есімнің сөйлемдегі қызметі. 1. Сын есім, әдетте, сөйлемде анықтауыш болып тұрады. Мысалы: *Сұр бұлт түсі суық қатпайды* аспандеген сөйлемде сын есімдер (*қандай?*) *бұлт* деген зат есімді анықтап тұр. Сөйлемде анықтауыш болу –сын есімнің негізгі қызметі. Өйткені сын есім заттың әр түрлі сыр-сипатын, сапалық, қатыстық белгілерін білдіреді. Сын есім ілік септікте тұрып заттанып келіп те, анықтауыш болады. Мысалы: *Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын* (мақал) дегенде, *жақсының* (яғни жақсы адамның) кімнің? (жақсылығын) деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр.

2. Сын есім жіктік тұлғада тұрып сөйлемнің баяндауышы да болады. Мысалы: *Сен бір артық көркемсің. Әлсіз адам сүріншек* (Мақал). Бұл сөйлемдерде *көркемсің* (II жақ), *сүріншек* (III жақ) сөздері жіктік тұлғада баяндауыш қызметін атқарып тұр.

3. Сын есім сөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің сынын білдіріп, қалай? деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш та болады. Мысалы: *Өлеңмен сөзді желдей құйындатқан. Гүлнар бөлмесін таза ұстайды* деген сөйлемдерде *желдей* (қалай құйындатқан?), *таза* (қалай ұстайды?) деген сын есімдер пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

4. Сын есім, әдетте, көптелмейді, тәуелденбейді, септелмейді. Егер сын есімге көптік, я тәуелдік, я септік жалғауы жалғанса, онда сын есім зат есімнің орнына жүреді. Осындай сын есімнің сөйлемде зат есімнің орнына жұмсалып, зат есімнің қызметін атқаруын *сын есімнің заттануы* дейді. Мысалы: *Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат* (мақал) деген сөйлемде *жақсыдан, жаманнан* деген сын есімдер шығыс септік жалғауында тұрып, зат есімнің орнына, яғни *адамнан* дегеннің орнына (*жақсы адамнан, жаман адамнан*) заттанып қолданылған. Заттанған сын есім атау септік тұлғасында тұрып бастауыш болады. Мысалы: *Ұялиақ сыбағасынан құр қалар* (Мәтел). *Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік* деген сөйлемдерде *ұялиақ* (адам кім?), *жақсысы* (бала кімі?), *жаманы* (бала кімі?) атау септікте тұрып, заттанып, бастауыш қызметін атқарып тұр.

5. Сын есім табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп, заттанып толықтауыш та болады. Мысалы: *Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез.* Сөйлемде *білімдіден* (кімнен шыққан ?), *талаптыға* (кімге болсын кез?) деген сын есімдер заттанып келіп (адамға деген мәнде) толықтауыш қызметін атқарып тұр .

6. Сын есімдерге негізінде көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанбайды, бірақ сөйлемде жүктелген міндетке қарай сын есімдер зат есімнің қызметіне де ие бола алады. Мұндай жағдайларда сын есімдерге не көптік, не тәуелдік, не септік жалғауы (я олар қабаттасып) жалғанады да, зат есім орнына жұмсалады. Мұны, әдетте, сын есімнің субстантивтенуі (заттануы я заттық мағынада қолданылуы) деп атаймыз.

Сын есімдерге көптік, тәуелдік, септік жалғаулары жалғанып заттанғанда (субстантивтенгенде), сын есім өзінің негізгі сындық мағынасының үстіне заттық мағынаны жамап алады.

«Сын есім» сөз табы бойынша ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Заттанған сын есімнен жасалған толықтауыш қайсы қатарда дұрыс берілген?

- А. Ілім – дария көл, надандық – сусыз шөл.
- В. Жаманға сөз айтсаң, ақыл таппас жауап айтады.
- С. Ақымақ бұзуға бар, түзеуге жоқ.
- Д. Ердің атын еңбек шығарады.

2. Анықтауыш қызметін атқарып тұрған қатыстық сын есім қайсы қатарда берілген?

- А. Сәтжанның қабағы қатулы.
- В. Омар сабақты жақсы оқиды.
- С. Қоңыр шашының арасынан бас құйқасы көрінеді.
- Д. Адам – тастай берік, гүлдей нәзік жаратылыс.

3. Күрделі сын есімнен жасалған анықтауыш қайсы қатарда берілген?

- А. Керегетастың азу-азу, ирек-ирек тас биіктеріне күн сәулесі ілінді.
- В. Күздің әдемі күні туып келеді.
- С. Ақшыл бұлттан аспан ашылды.
- Д. Зейнеп – көргенді, тәрбиелі қыз.

4 . Негізгі сын есімнен жасалған бастауышты табыңыз .

- А. Арман – адам қанаты.
- В. Көрмес – түйені көрмес.
- С. Айла – алтау, ақыл – жетеу.
- Д. Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер.

5. Салыстырмалы шырай қатысқан сөйлемді анықтаңыз .

А. Өуе тұп-тұнық, жібектей жұмсақ.

В. Көкшенің қыр арқасы көкшіл гауһар тас сияқтанып тұр.

С. Күнге шағылысқан аппақ қар көзіңді аштырмайды.

Д. Жуас торы ат үріккен жоқ.

6 . «Көкпеңбек», «аппақ» сөздері қай шырайда қолданылып тұр?

А. Жай шырай.

В. Асырмалы шырай.

С. Күшейтпелі шырай.

Д. Шырайы жоқ.

7. Төмендегі жауаптардың қайсысында сапалық сын есімнен жасалған баяндауыш бар?

А. Өнерлі бала сүйкімді.

В. Көп сөз – күміс.

С. Ел жасымен көрікті.

Д. Халық сөзі – қаһарлы.

8 . Туынды сын есімді табыңыз .

А. Жылтыр.

В. Биік.

С. Момын.

Д. Кенді.

9. Дара сын есімді тіркес қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Хош иісті зат.

В. Аппақ қар.

С. Киім тазаланды.

Д. Көгілдір аспан.

10 . Негізгі сын есімді табыңыз .

А. Түртіншек.

В. Батыл.

С. Шыдамды.

Д. Адам.

САН ЕСІМ

1-§ Сан есім туралы түсінік

«*Алтыс бестен асқанда, Жетпіске қадам басқанда. Атадан – алтау, анадан – төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ*» деген сөйлемдердегі *алтыс бестен, жетпіске, алтау, төртеу* деген сөздер белгілі бір заттардың (*жас, біз я адам*) мөлшерін, санын білдіріп тұр. Осындай заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша?, неше?, нешеу?, нешінші? тәрізді сұрақтарға жауап беретін сөз табын **сан есім** дейді.

Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, тікелей зат есіммен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *Бұл Жамбыл жасап отыр тоқсан жасты* деген сөйлемде *тоқсан* деген сан есім (*неше?*) *жас* деген зат атауының санын білдіріп тұр. Кейде сан есімдер зат есімсіз-ақ жұмсала береді. Ондайда сан есім әрі заттық мағынаны (ол алғашқы сөйлемнен белгілі болады), әрі сол заттың санын, мөлшерін білдіріп тұрады. Мысалы: *Тоқсаннан әрі кетті, жүзге де асты* деген сөйлемде *тоқсаннан, жүзге* деген сан есімдер әрі заттық ұғымды (*тоқсан жастан және жүз жасқа*), әрі оның мөлшерін, санын білдіріп тұр.

Сан есімдер құрамына қарай **дара сан есім** және **күрделі сан есім** болып екіге бөлінеді. Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер **дара сан есім** деп аталады. Мысалы: *он, үш, бес, мың, жүз* т.б. Екі я одан да көп түбірдің тіркесінен, я қосарлануынан жасалған сан есімдер **күрделі сан есімдер** деп аталады. Мысалы: *екі жүз, үш мың тоғыз жүз елу алты, жүз қаралы, оннан бір* т.б. Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған күрделі сан есімдер дефис (-) арқылы жасалады. Мысалы: *қырық-елу, жетпіс- сексендей, бес-бестен* т.б.

2-§ Сан есімнің түрлері және оның емлесі

Сан есімдер мағынасына (нені білдіруіне) қарай алты түрге бөлінеді: *есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, бөлішектік сан есім, топтау сан есім, болжалды сан есім.*

1. Күрделі сан есімнің әр сыңары бөлек жазылады. Мысалы: *жүз бір, жиырма бесінші* т.б.

2. Цифрмен таңбаланатын дара және күрделі сан есімдерге жалғанатын жалғаулар дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *Ол 25-кетолды, мен 6-дан 7-ге көштім* т.б.

3. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, - *ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнағының орнына дефис(-) жазылады, рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды. Мысалы: *5-сынып, 23-қатар 105-мектеп, бірақ X сынып, XX ғасырдағы әдебиет, III том*, т.б.

4. Күн, жыл аттарымен тіркесіп келген реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе де дефис жазылмайды. Мысалы: *1992 жыл, 7 қазан, 8 наурыз, 1945 жыл* т.б.

5. *Екі, алты, жеті* деген сандарға болжалдық сан есімнің- *ау, - еу* жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңғы қысаң *ы, і* дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *екі-екеу, алты-алтау, жеті-жетеу*.

6. Болжалдық сан есімдер цифрмен жазылғанды, оларға жалғанатын қосымшалар дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *100-деген, 1000-дан, сағат 5-терде* т.б.

7. Болжалдық сан есімдердің қосарлану арқылы жасалған түрлері сөзбен жазылса да, цифрмен жазылса да арасына дефис қойылады. Мысалы: *қырық-елу үй, 40-50 үй* т.б.

8. Болжалдық сан есім жасайтын *шамалы, шақты, қаралы, тарта, жуық, таман, жақын*, сондай-ақ бөлшектік сан есім жасайтын *жарты, жарым, ширек* сөздері өздері тіркескен сандардан сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де бөлек жазылады. Мысалы: *мың қаралы, 100 шамалы, елуге тарта, 40-қа таман, он бір жарым, 2 жарты, бір ширек* т.б.

9. Қосарланып айтылған топтау сан есімдері сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: *он-оннан, 10-15-тен, 20-20-дан* т.б.

Есептік сан есім,реттік сан есім,жинақтық сан есімдер зат есімше септеледі.

3-§ Сан есімнің сөйлемдегі қызметі

1.Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретіндіктен, сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы: *Екі достың бірі ыңғайлы, біреуінің ебі жоқ (жұмбақ)* деген сөйлемде *екі* сан есім (*неше?*) *достық* деген сөзді, *біреуінің(кімнің?) ебі* дегенді анықтап тұр.Сан есім ілік септікте заттанып тұрыпта анықтауыш бола береді.

2.Сан есім жіктеліп келіп немесе көмекші етістіктермен тіркесіп келіп баяндауыш та болады. Мысалы: *Атадан –алтау, анадан - төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ; Біз екеу едік* деген сөйлемдерде*алтау(біз алтаумыз), төртеу(біз төртеуіміз)* сөздері *нешеу? (нешеуіміз?)* деген сұраққа,*екеу едік* деген (*нешеу едік?*)деген сұраққа жауап беріп, жіктеліп келіп (*алтау, төртеу* дегендердің I-жақ жіктік жалғауы өлең сөздің ерекшелігіне байланысты түсіп қалған), баяндауыш қызметін атқарып тұр.

3.Сан есім атау септікте тұрып, бастауыш болады. Мысалы:*Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгел болса, төбедегі келеді* (мақал) дегенде *алтау, төртеу* сөздері *кім? (ала болса, түгел болса)* деген сұраққа жауап беріп, атау септікте тұрып бастауыш болып тұр.

4.Сан есімдер септік тұлғасында да, септелмей де етістіктің алдында келіп пысықтауыш та болады. Мысалы: *Кездесіп жетпіс үште іздегенім.Біз екі-екіденбөліндік* деген сөйлемдерде *жетпіс үште (қашан кедесін?),екі-екіден (қалай бөліндік?)*пысықтауыш болып тұр.

5.Сан есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес, табыс септіктерінің бірінде келіп, толықтауыш қызметінде атқарады. Мысалы: *Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар* (мақал) деген сөйлемде *бірді, мыңды* деген сан есімдер табыс септікте тұрып, *кімді жығар?* деген сұраққа жауап беріп, толықтауыш болып тұр.

6. Сан есім зат есіммен я қатыстық сан есіммен тіркесіп келіп сөйлемнің күрделі мүшесі қызметін де атқарады. Мысалы: *Біз үш түрлі кедергіден өттік. Гектарынан 75 центнер бидай орылды* деген сөйлемдерде үш түрлі (қандай кедергі?) 75 центнер (қанша бидай?) күрделі анықтауыш болып тұр.

«Сан есім» бойынша ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Төмендегі жауаптардан күрделі сан есімді табыңыз .
 - А. Мыңдап.
 - В. Қырық-елулерде.
 - С. Жүз.
 - Д. Екеу.
2. Қай қатардағы сан есімдер арасына дефис қойылмайды ?
 - А. Ононнан.
 - В. Отыз қырықтарда.
 - С. Екеу үшеу.
 - Д. Төрт мың.
3. Сан есімнің сөйлемде атқаратын негізгі қызметі не ?
 - А. Бастауыш.
 - В. Баяндауыш.
 - С. Толықтауыш.
 - Д. Анықтауыш.
4. Шығыс септігіне тұрып пысықтауыш болатын сан есім түрі қайсы қатарда дұрыс берілген?
 - А. Есептік.
 - В. Реттік.
 - С. Топтау.
 - Д. Бөлшектік.
5. Төменнен «- *нишы*» жұрнағы жалғанатын сан есімді көрсетіңіз .

- А. Екі.
- В. Он сегіз.
- С. Жиырма алты.
- Д. Он.
6. Реттік сан есім қай қатарда дұрыс жазылған?
- А. Х – сынып.
- В. 2004 – жылы.
- С. 24 - қараша.
- Д. 1-інші үй.
7. Баяндауыш қызметіндегі сан есім қайсы қатарда дұрыс берілген?
- А. Той өтті үшеуімізді күрсіндіріп.
- В. Екі жастың қуанышы тойланды.
- С. Сіз бірінші орынға адамзаттың қара күшін қойдыңыз.
- Д. Ән айтатын өнерпаздар – осы үшеуіміз .
8. Қай сөйлемде сан есім емлеге сай жазылған?
- А. 1845 – жылы ұлы Абай дүниеге келген.
- В. Жолдастарымның кеткеніне екі үш күн болды.
- С. Сағат 6 ға 10 минут қалғанда Азамат пәтерінен шықты.
- Д. 30-40-тай адам жиналған екен
9. Есептік сан есім қатысқан сөйлемді табыңыз.
- А. Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын төрт нәрсе бар.
- В. Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген.
- С. Арада жыл жарым өтті.
- Д. Бір үйден он бес-жиырмадан мал өреді.
10. Сан есім қандай жағдайда пысықтауыш қызметін атқарады?
- А. Етістіктің алдында келіп.
- В. Заттанып, ілік септік жалғауы тұлғасында.
- С. Заттанып, атау септік тұлғасында.
- Д. Жіктеліп не көмекші етістікпен тіркесіп.

Есімдік

Есімдік, оның емлесі және сөйлемдегі қызметі

Есімдер тобына жататын сөз табының бірі — есімдіктер. Есімдіктер заттың атын, сынын, санын, я олардың аттарын білдірмейді, бірақ солардың (зат есім, сын есім, сан есімдердің) орнына жұмсалады. Есімдіктер белгілі бір түсінікті я ойды жалпылама түрде мегзеу арқылы білдіреді. Есімдіктердің нақтылы мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлемге немесе жалпы сөйлеу аңғарына қарай айқындалады

Есімдіктердің дәлді мағыналары, егер екі я онан да көп адам сөйлесіп отырған жағдайда (диалогта) қолданылса, сол сөйлемдерден бұрын айтылып, я аталып өткен сөйлемдермен байланысты аңғарылады. Ал егер ондай есімдіктер монолог түрінде айтылған я жазылған сөйлемдерде қолданылса, олардың дәлді мағыналары, яғни олар туралы мәлімет, сол сөйлемдерден бұрын айтылған я жазылған сөйлемдермен байланысты тыңдаушы мен айтушыға (оқушыға) ғана белгілі болады.

Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын білдірмейді, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдікті *орынбасар сөздер* деп те атайды.

Морфологиялық жағынан есімдіктер түрленетін сөздердің тобына қосылады. Ал олардың түрленуінде, жалпы алғанда, есімдерге ұқсастықтар болмағанымен, өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, субстантивтік есімдіктер қолданылу ретіне қарай зат есімдер сияқты көптеліп те, септеліп те, жіктеліп те қолданыла беретін болса, атрибутивтік есімдіктер дәл өз мағынасында, нағыз сын есімдер ретінде қолданылып тұрғанда грамматикалық формаларының ешбірін де қабылдамайды.

Есімдіктердің бәріне де тән, бәріне де ортақ деп есептерліктей я танырлықтай белгілі бір жүйелі формалары немесе өзгеру тәсілдері жоқ. Бұл ерекшелік негізінде есімдіктердің іштей **субстантивтік** және **аттрибутивтік** болып мағыналық екі жікке бөлінуімен байланысты.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді: **1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) өздік есімдігі; 5) жалпылау есімдігі; 6) болымсыздық есімдігі ; 7) белгісіздік есімдігі .**

Жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау есімдіктері негізгі түбір сөздер болғандықтан, дара есімдіктер болып саналады. Мысалы: *мен, сен, сіз, ол, ана, сол , қанша ? , қалай ? , бәрі ? , түгел, өзім* т.б.

Еш,әлде, кей, қайсы, бір сөздері мен басқа есімдіктердің бірігуі арқылы жасалған болымсыздық, белгісіздік есімдіктері күрделі есімдіктер болып саналады да, олар бірге жазылады. Мысалы: *ешкім, ешқашан, ешбір, әлдекім, әрбір, кейбір, әрқалай, әрқашан*, т.б.

Еш, әлде, әр, кей, бір, қай сөздері басқа сөз таптарымен (зат есім, кейде қатыстық сын есімдермен) тіркесіп қолданылады да, бөлек жазылады. Мысалы: *еш уақытта, әр адам, кей шақта, бір мезгілде, әр түрлі* т.б.

Есімдіктер әр түрлі сөз табының орнына жүретіндіктен сөйлемде әр түрлі мүшенің қызметін атқарады.

1. Есімдіктер, әсіресе жіктеу есімдіктері, атау септікте тұрып бастауыш болады. Мысалы: ***Мен*** жазбаймын өленді ермек үшін (А.). *Кино үстінде бұлар* бір-біріне бір ауыз сөз айтқан жоқ (Ж.Молдағалиев) .

2. Есімдіктер барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде тұрып толықтауыш болады. Мысалы: *Кеудемде жаным тұрғанда, Гауһарды ешкімге бермеспін* (С.Мыңжасарова). *Жалғыз сенен айырылып, артыңа қарап аһ ұрдым.*

3. Есімдіктер ілік септікте немесе сын есім мен сан есімнің орнына қолданылып, анықтауыш болады. Мысалы: ***Ешбір*** дарынды ақын, ***ешбір*** дарынды жазушы орыс әдебиетін, орыс әдебиеті арқылы дүние жүзілік озық әдебиеттің көрнекті үлгілерін аттап өте алмауы керек.

4.Есімдіктер мезгіл, мекен мағыналарында үстеудін орнына қолданылса, пысықтауыш болады. Мысалы: *Бүгін ешқайда бармайсыңдар, маған бір кешті қимайсыңдар ма?.Бірен-сараң шыққан астықтарын жұрт әлдеқашан жинап алған.*

5. Есімдіктер жіктеліп қолданылса, баяндауыш болады. Мысалы: *Менің іздегенім – сенсің. Әнеугі келген бала – осы . Сен нешіншісің?*

«Есімдік» тақырыбы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Күрделі есімдіктер қатары қайсы жауапта дұрыс берілген?
 - A. Күллі, барша, тегіс.
 - B. Өзім, өзді - өзі, өздеріңіз.
 - C. Қашаннан?, қайсысы?, неңіз?
 - D. Әркім, қайсыбыр, ешқашан.
2. Пысықтауыш қызметіндегі есімдік қайсы қатарда берілген?
 - A. Олар жиналысқа түгел қатысты.
 - B. Мұны ертеңге қалдыруға болмайды.
 - C. Оның ағасы ешкімге тиіспейді.
 - D. Бұлардың ойы іске аспады.
3. Жалпылау есімдігі қатысқан сөйлем қайсы қатарда берілген?
 - A. Ешкімге тіл қатушы болма.
 - B. Саған тай сатып әперемін.
 - C. Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға.
 - D. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.
4. Тәуелденген тұлғадағы сілтеу есімдігі қайсы қатарда?
 - A. Кіміңіз ?, несі?
 - B. Бұнысы, мынауымыз.
 - C. Соның, анаған.
 - D. Өздерің, өзіңіз.
5. Қай қатар есімдіктің бір мағыналық түріне жатпайды?
 - A. Әркім, кейбіреу, әлденеше.
 - B. Олар, мен, біз.
 - C. Кім, қашан, неше.

Д. Біреу, ешбір, қайсыбір.

6. Емлеге сай жазылған есімдіктер қатары қайсы жауапта дұрыс берілген?

А. Еш уақытта, еш қашан.

В. Әлде кім, әр адам.

С. Әркім, ешқайда.

Д. Кей ағаң, кей біреу.

7. «*Батырлар есімі ешқашан ұмытылмайды*» - деген сөйлемде есімдік қандай қызмет атқарып тұр?

А. Толықтауыш.

В. Баяндауыш.

С. Пысықтауыш.

Д. Бастауыш.

8. Болымсыздық есімдігі қайсы қатарда берілген?

А. Бірнеше.

В. Саған.

С. Дәнеңе.

Д. Әлдекім.

9. Тұлғасы өзгеріліп септелген есімдік қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Осынау.

В. Оған.

С. Әрне.

Д. Кейбіреулер.

10. Төмендегі жауаптардың қайсысында дұрыс септелген есімдік кездеседі?

А. Менге.

В. Сенмен

С. Сода.

Д. Бұдан.

ЕТІСТІК

1-§ Етістік туралы түсінік

Етістік - тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы ең кең грамматикалық категория. Етістіктің күрделілігі мен қарымдылығы оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен, көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Етістіктің лексика-семантикалық сипатының мейлінше өрісті болатын себебі - ол семантика тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес, табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракты ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал, әрекет, іс-қимыл, қозғалыс, жай-күй сияқты жағдаяттарға қатысты ұғымдарды түгел қамтиды. Етістіктің осы бай семантикасы, оның түр-түрі, қашан да болсын, мезгіл я шақ ұғымымен ұштас болады.

Етістіктің лексикалық құрамында қанша сөз болса, солардың әрқайсысының өзіне тән лексикалық мағынасы болады. Солай бола тұра лексикалық мағыналары қаншалықты басқа-басқа болғандарымен, сол етістіктердің бәрі де, ең алдымен, өздерінің мазмұнындағы барлығына да ортақ сипат есебінде танылатын семантикалық ерекшеліктеріне қарай бір сөз тобына телінеді. Дегенмен де, лексика-грамматикалық белгілері бірыңғай жеке сөз табы саналатын етістіктердің өздерін іштей бір-біріне мағына жағынан жақындықтарына, өзара функция жағынан орайластықтарына қарай топ-топқа бөлуге болады. Мысалы, оларды осы тұрғыдан алып, іштей: **амал-әрекет етістіктері**(*босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше, т.б.*), **қимыл-қозғалыс етістіктері**(*ауна, аудар, домала, жыт, қаш, секір, т.б.*), **қалып-сапа етістіктері**(*жат, жантай, секір, т.б.*), **өсу-өну етістіктері** (*балала, жапырақта, гүлде, өс, өн, т.б.*), **бағыт-бағдар етістіктері** (*бар, кел, кет, қайт, әпер, әкет, т.б.*), **бейнелеу-еліктеу етістіктері** (*жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра, т.б.*), **дыбыс-сес етістіктері, көру-есту етістіктері; мінез-құлық етістіктері** деген сияқты әлденеше топқа

бөліп, саралауға болады. Сондай-ақ, сыртқы түр-тұрпат ұқсастықтарына немесе мазмұн-мағынасы жақын, алшақ, қашықтықтарына қарай оларды **омониметістіктер**, **синониметістіктер**, **антониметістіктер** деген тәрізді топтарға да жіктеуге болады.

Етістік құрамына қарай **негізгі түбір етістік** және **туынды түбір етістік** болып бөлінеді. Сөздің негізгі түбірі етістік болса, ол негізгі етістік деп аталады. Мысалы: *кел, бар, жүр, көр, бер, ал, қойды, айтты, жайды, үйіп, көріп, алған, салған*, т.б.

Басқа сөз таптарынан сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған етістіктер *туынды түбір* немесе *туынды етістік* деп аталады. Мысалы: *ойна, шегеледі, қарайып, көгерген, басқарса, күшейіп* т.б. етістіктері *ойын, шеге, қара, көк, бас, күш* деген түбірлерге (есім сөздерге) *-а, -ле, -й, -ер, -қар, -ей* жұрнақтары жалғану арқылы етістік жасалған.

Туынды етістіктер басқа сөз таптарынан (есімдер мен еліктеуіш сөздерден) белгілі жұрнақтар арқылы жасалады. Ол жұрнақтар мыналар:

1.-**ла, -ле, -да, -де, -та, -те**; *шеге-ле, таза-ла, бас-та*, т.б.

2.-**а, -е**: *ойн-а, бос-а, мін-е*, т.б.

3.-**ай, -ей, -й**: *мол-ай, аз-ай, көб-ей, қара-й*, т.б.

4.-**ар, -ер, -р**: *аз-ар, көг-ер, қысқа-р*, т.б.

5.-**ар, -гер, -қар, -кер**: *бас-қар, ес-кер, тең-гер*, т.б.

6.-**ыра, -іре**: *сарқ-ыра, жарқ-ыра, желб-іре*, т.б.

Етістік грамматикалық тұлғаларға бай сөз табы болып табылады. Қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі мәнді болуымен бірге етістік сөйлемде сол қимылды атқарушы субъектімен және объектімен әр қилы қатынасына байланысты (шақтық, жақтық, райға қатысты), болу-болмауына байланысты т.б. мәндік ерекшеліктерді білдіріп отырады. Олардың әрқайсысы белгілі тұлғалар арқылы жасалады. Етістіктің ондай ерекшеліктері негізгі және көмекші етістік, дара және күрделі етістік, болымды және болымсыз етістік, сабақты және салт етістік болып бөлінуімен, сондай-ақ етіс, шақ, рай

категорияларынан, көсемше, есімше, тұйық етістік сияқты ерекше тұлғаларынан жіктелуінен көрінеді.

Кейде етістіктің болымды және болымсыз, сабақты және салт етістік, сол сияқты етіс түрлері, лексика-грамматикалық категориялары - шақ, рай, жак (жіктелу) түрлері **грамматикалық категориялар** деп те аталады.

2-§ Негізгі етістік пен көмекші етістік

Етістіктер білдіретін мағынасына,соған сәйкес сөйлемде атқаратын қызметіне қарай екі түрлі:**негізгі етістік** және **көмекші етістік** болып бөлінеді.Мысалы:*Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып баласынан сұрады.Әсемпаз болмаәрнеге,Өнерпаз болсаң,арқалан.Сен де бір кірпіш дүниеге,кетігін тап та, бар, қалан.* Берілген екі сөйлемде бірнеше етістік қолданылған: *келе* және *жатып,сұрады,болма,болсаң,арқалан, тап, бар, қалан.* Білдіретін мағынасы жағынанжәне соған(мағынасына)байланысты атқаратын қызметі жағынан бұл етістіктер бірдей емес.*Келе, сұрады,арқалан, тап,бар,қалан* деген етістіктер - лексикалық мағынасы бар сөздер,сондықтан олар тікелей сұраққа жауап бере алады және сөйлем мүшесінің қызметін де атқара алады:басты қимыл *келу,сұрау,арқалану,табу,бару,қалану*:не істеп?– *келе(жатып)*,не істеді?-*сұрады*, не істе?-*арқалан,тап,бар,қалан*– бәріде баяндауыш.Ал *жатыр,болма,болсаң* деген етістіктердің лексикалық мағынасы толық сақталған:әрі *келіп*,әрі *жатуға* болмайды ғой,бұл жерде әңгіме *жатуда емес*,сондай-ақ *болма,болсаң* дегенде де *бір жерде тұру емес*.Бұлар жеке тұрып сұраққа да жауап бере алмайды, сөйлем мүшесі де бола алмайды.Сөйтіп,бұл сөздер лексикалық мағынасынан айырылып,екінші сөздің жетегінде ғана қолданылады:*жатып-келе жатып,болма-әсемпаз болма,болсаң-өнерпаз болсаң* болып қолданылған.

Сөйтіп,жеке тұрып сұраққа жауап бере алатын және өз алдына сөйлем мүшесі бола алатын толық мағыналы етістіктер **негізгі етістік** деп аталады.Өз алдына жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, толық мағынасы жоқ,тек

негізгі етістіктер мен есім сөздер тіркесіп қана қолданылатын етістіктер **көмекші етістіктер** деп аталады.

3-§ Дара және күрделі етістіктер

Етістіктер құрамына қарай дара етістік және күрделі етістік болып екіге бөлінеді.

Бір ғана сөзден тұратын негізгі етістік **дара етістік** деп аталады. Мысалы: *Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды. Қозының жамырағанын Байторының сақ құлағы бағана сезген.* Бұл сөйлемдегі *салғызды, жамырағанын, сезген* деген етістіктер дара етістіктер болып табылады. Өйткені бұлар – бір ғана сөзден тұратын етістіктер. Әрқайсысының өз алдына мағынасы бар, сұраққа жауап беріп, сөйлем мүшесі қызметін атқарады: *Жұрттар не істеді? – салғызды* (баяндауыш), *нені сезген? – жамырағанын* (толықтауыш), *құлағы қайткен? – сезген* (баяндауыш).

Екі я одан да көп сөзден құралып, бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер күрделі етістіктер деп аталады. Мысалы: *Ауылда қосақтағы қойлар да маңырап жатыр екен. Бір кішкентай қыз әкесінің шапанын жамап отыр екен. Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай.* Берілген сөйлемдердегі *маңырап жатыр екен* (қойлар қайткен?), *жамап отыр екен* (қыз не істеген?), *жеп қоямын деп* (не себепті отыр?) дегендер – күрделі етістіктер. Олар бір ғана лексикалық мағынаны (*маңырау, жамалу, жеу*) білдіреді, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады.

4-§ Болымды және болымсыз етістіктер

Етістіктер қазақ тілінде болымды және болымсыз болып, бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі мағынада топталады. Мысалы: *хабарла-хабарлама, толтыр-толтырма, бар-барма, сал-салма, тарт-тартпа, кет-кетпе, толтыр-толтырма, қаз-қазба.*

Етістіктің болымды түрі әрқашан алғашқы формада келіп, болымсыз түрі оған *–ма, –ме, –ба, –бе, –па, –не* жұрнақтары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: *кел-ме, бар-ма, бол-ма, бол-ма-й-ды*. Ал *келе ме?, бола ма?, болмай ма?* түрінде келгенде *ма/ме* бөлек жазылып, етістіктерді сұрау мағынасына айналдырады. Сонымен *–ма /-ме, –ба/-бе, –па/-не* жұрнақтары етістіктерге қосылып жазылып, болымсыз мағынаны білдіреді, ал *ма/ме, ба/бе, па/не* (сұраулық шылау) етістіктерден бөлек жазылып, оларды сұрау мағынасына айналдырады.

Болымсыз етістік кейде өткен шақтық етістіктегі есімше түріне *жоқ, емес* сөздері тіркесіп келу арқылы да жасалады. Мысалы: *алған жоқпын, алған емеспін, білгенім жоқ, көргенім жоқ*.

Сөйлеу тілінде және ауыз әдебиетінде бұл формалардың басқа да түрлері бар. Мысалы: 1. *Қалман, бермен, алман*; 2. *Көрген емес, берген емес, алған емес*.

5-§ Сабақты және салт етістіктер

Етістіктер мағынасына қарай сабақты етістік және салт етістік болып бөлінеді. Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұратын етістіктер **сабақты етістіктер** деп аталады. Сабақты етістіктер *кімді?, нені?* (кейде табыс септіктің жасырын түрі) деген сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысады. Мысалы: *Сөзді сен баста. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін. Баламды медресеге біл деп бердім. Бетті бастым, қатты састым*. Бұл сөйлемдердегі *баста, жазбаймын, бердім, бастым, састым* деген етістіктер *сөз, өлең, балам, бет* деген сөздердің табыс септікте тұруын талап етіп тұр. Кейде ондай сөздер табыс септіктің жасырын түрінде тұруы мүмкін. Мысалы: *өлең айт-өлеңді сен айт, кітап оқыды-кітапты бала оқыды, хат жаздым-жолдасыма хатты жаздым* т.б. Ондайда, мысалда көрсетілгендей, ол екі сөздің (табыс септікті сөз бен етістіктің) арасына басқа сөз келтіріп қолдану керек. Кейде тура объект мәнін білдіріп тұратын табыс

септіктегі сөз сөйлемде қолданылмауы да мүмкін. Ондайда етістіктен сұрақ қою керек. Етістіктен кімді?, нені? деген сұрақ қоюға болса, онда ол-**сабақты етістік** болады. Мысылы: *айт, көр, оқы, бер, сайла*, т.б. етістіктердің *кімді(нені) айт?, кімді(нені) көр?, нені оқы?, нені бер?, кімді(нені) сайла?* деп сұрақ қоюға болады.

Мағынасы жағынан тура объектіні, табыс септіктегі сөзді қажет етпейтін етістіктер **салт етістіктер** деп аталады. Салт етістіктер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркесе беруі мүмкін, бірақ табыс септіктегі сөзбен байланыспайды. Мысалы, *қаладан қайт, ауылға қайт, жолдасыңмен қайт* немесе *түсінде келді, үйден келді, баламен келді, үйге келді* т.б. болып қолданылса да, *нені(ауылда, т.б.) қайт?, нені(қаланы, т.б.) келді?* деп айтуға болмайды. Сондықтан бұлар-салт етістіктер.

«Етістік» тақырыбы бойынша ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. *-ма, -ме, -ба, -бе...* жұрнақтары арқылы қандай етістік жасалады?
 - А. Болымды.
 - В. Салттық.
 - С. Сабақты.
 - Д. Болымсыз.
2. Табыс септіктегі сөзді қажет етіп тұрған етістік қайсы қатарда берілген?
 - А. Сабақты.
 - В. Салттық.
 - С. Көсемше.
 - Д. Етіс .
3. Салт етістіктегі сөз тіркесі қайсы қатарда берілген?
 - А. Кітапты оқы.
 - В. Досыңа көмектес.
 - С. Тапсырманы орында.

Д. Еденді тазала.

4. Сабақты етістіктегі сөз тіркесі қайсы қатарда берілген?

А. Жақсы сөз.

В. Алтыншы сынып.

С. Анаңды ренжітпе.

Д. Сабақтан қалма.

5. Қай етістік табыс септігіндегі сөз арқылы анықталады?

А.Сабақты.

В.Салтты.

С. Болымды.

Д. Есімше.

6. Зат есім, сын есім және сан есімдердің орнына жүретін сөз табын не деп атаймыз?

А. Етістік.

В. Үстеу.

С. Есімдік.

Д. Шылау.

7. «у»–жұрнағыжалғану арқылы етістіктің қай түрі жасалады?

А. Болымсыз етістік.

В. Тұйық етістік.

С. Көсемше.

Д. Есімше.

8. Қимыл іс-әрекеттің орындалмағандығын етістіктің қай түрі білдіреді?

А. Болымсыз етістік.

В. Болымды етістік.

С. Сабақты етістік .

Д. Салт етістік.

9. «Балалар далада футбол ойнады» деген сөйлемнен етістікті тап .

А. Балалар.

В. Ойнады.

С. Футбол.

Д. Далада.

10. *Шегеле, тазала, ойна* деген етістіктер құрамына қарай қандай етістік?

А. Туынды етістік.

В. Негізгі етістік.

С. Күрделі етістік.

Д. Тұйық етістік.

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚТАРЫ

1-§ Етістіктің шақтары туралы түсінік

Етістіктің қимыл, іс-әрекетті білдіретіндігі белгілі, ал іс-әрекеттің, қимылдың орындалу, жүзеге асу мезгілі, уақыты болады. Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтімен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың өту мезгілін білдіру **етістіктің шағы** деп аталады. Шақ, кез, сәт, уақыт, мерзім сөздері-мезгілдің синонимдері. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың мезгілі, шақтық мағынасы мынадай болуы мүмкін: 1) үнемі қайталанатын, дағдыға айналған іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекет; 2) сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, іс-әрекет; 3) сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін, әйтеуір болуға тиісті қимыл, іс-әрекеттер. Мысалы: *Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды. Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі. Енді бүгін қарасам, Айналам бақыт кең жатыр. Бірімен –бірі туысқан, Қол ұстасқан ел жатыр.* Бұл сөйлемдегілерді *салғызды, қалмайды, құлпырар, жатыр* етістіктері мезгіл (шақ) мағынасын білдіруі жағынан бірдей емес. *Салғызды* деген *салғызу* қимылының сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткенін білдірсе, *қалмайды, құлпырар* етістіктері *қалмау, құлпыру* қимылдарының әлі болмағанын, сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын, ал *жатыр* етістігі бұл қимылдың сөйлеп тұрған сәтте болып отырғанын білдіріп тұр.

Бірақ мезгіл мағынасы бар сөздің бәрі бірдей шақ мәнін білдіре бермейді. Мысалы: *кеше, бүгін, ертең, биыл* сияқты сөздер мезгілдік мән білдірсе де, олардың шақтық қасиеті жоқ. Өйткені бұл сөздерде шақтық мағынаны білдіріп тұратын грамматикалық тұлға жоқ. Демек, шақтық мағына сөздің жалпы мағынасынан ғана көрінбейді, ол мағынаны білдіретін арнайы грамматикалық тұлға болу керек. Сондай-ақ ондай сөздердің мезгілдік мәні шақтық жағынан кейде айқын да бола бермейді. Мысалы, *бүгін, биыл* деген сөздер сөйлеп тұрған кездегі мезгілді білдіретін сияқты. Егер *бүгін, биыл, отыр* десек, мезгілдік мағына – сөйлеп тұрған сәтті білдіреді. Ал *бүгін, биыл, отырған (отырыпты)* дегенде өткен мезгілді, *бүгін, биыл, отырап (отырмақ)* болса, әлі болмаған мезгілді білдіреді. Міне, осыдан анық көрінетіндей, шақтық мағына жекелеген мезгілдік мәндегі сөздер арқылы емес, етістіктің грамматикалық тұлғасы арқылы беріледі.

Етістіктің шақтары есімше, көсемше тұлғалары мен етістік түбіріне –*ды, -ді, -ты, -ті* және –*мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Шақтық мағына осы тұлғалар арқылы дара етістікте де (*кел-іп-ті, кел-ер*), күрделі етістікте де (*келіп отыр, келіп кеткен, келіп кетпек*) беріліп отырады.

Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі. Соған сәйкес етістіктің шақ түрі де үшеу. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты, яғни сол сәтте болып жатқан қимылды *осы шақ*, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды *келер шақ*, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды *өткен шақ* білдіреді.

Шақтық мағынаны білдіретін етістік, көбінесе, жіктеліп келеді де, сол арқылы жақтық мағына беріледі. Жіктік жалғау шақ көрсеткіштерінен (есімше, көсемше және арнайы шақ жұрнақтарына) кейін жалғанады: *оқыған-мын, оқы-р-сың, бар-ып-ты, бар-ды-м, бар-мақ-сың* т.б.

Күрделі етістікте жіктік жалғау оның құрамындағы көмекші етістікке жалғанады: *сөйлеп отыр-ған-сың, сөйлеп отыр-ар-мын*.

2-§ Осы шақ және оның түрлері

Осы шақ болатын етістіктердің мағыналық белгілері: 1. Сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекеттерді білдіреді; 2. Әрдайым қайталанып тұратын дағдылы іс-әрекеттерді көрсетеді.

1. *Трактор жер жыртып жүр. Нұрлан хат жазып отыр. Мал өрісте жатыр.* Осы сөйлемде *жыртып жүр, жазып отыр, жатыр* етістіктері – сөйлеп тұрған сәттегі қимылдар.

2. *Трактор жер жыртады. Нұрлан хат жазып тұрады. Мал өрісте жатады.* Бұл сөйлемдердегі *жыртады, жазып тұрады, жатады* етістіктері – қалыптасқан, дағдыға айналған іс-әрекеттер. Міне, осылай, етістіктің осы шағы істің дағдылы түрде қайталанып тұратынын және сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді.

Осы шақ мағынасы мен түрлеріне қарай *нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ* болып екі түрге бөлінеді.

1. Нақ осы шақ. Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте істеліп, болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай *жалаң* және *күрделі* болып екіге бөлінеді.

а) Нақ осы шақтың жалаң түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Бұл төрт етістік **қалып етістіктері** деп аталады. Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып, есімдерше жіктеледі.

Қалып етістіктерінің жіктелу үлгісі

Жақ	Отыр	Тұрмын	Жүр	Жатыр
I	<i>Отырмын</i>	<i>Тұрмын</i>	<i>Жүрмін</i>	<i>Жатырмын</i>
II	<i>Отырсың</i>	<i>Тұрсың</i>	<i>Жүрсің</i>	<i>Жатырсың</i>
	<i>Отырмыз</i>	<i>Тұрсыз</i>	<i>Жүрсіз</i>	<i>Жатырсыз</i>
III	<i>Отыр -</i>	<i>Тұр-</i>	<i>Жүр-</i>	<i>Жатыр-</i>
I	<i>Отырмыз</i>	<i>Тұрмыз</i>	<i>Жүрміз</i>	<i>Жатырмыз</i>

II	<i>Отырсыңдар</i>	<i>Тұрсыңдар</i>	<i>Жүрсіңдер</i>	<i>Жатырсыңдар</i>
	<i>Отырсыздар</i>	<i>Тұрсыздар</i>	<i>Жүрсіздер</i>	<i>Жатырсыздар</i>
III	<i>Отыр-</i>	<i>Тұр-</i>	<i>Жүр-</i>	<i>Жатыр-</i>

Отыр, тұр, жүр, жатыр деген қалып етістіктер III жақта жіктік жалғауынсыз жұмсалады. Бұнда да есімдер (мысалы, зат есім, сын есім, сан есім) сияқты III жақта жіктік жалғауы болмайды. Қалып етістіктерінің үшеуі (*отыр, тұр, жүр*) екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) 2-жақ жіктеу есімдігімен (*сен*) тіркесіп, II жақ бұйрық мағынасын білдіреді: *сен отыр, сен тұр, сен жүр*; 2) 3-жақ жіктеу есімдігімен тіркесіп, III жақта жұмсалып, осы шақ мағынасын білдіреді: *ол отыр, ол тұр, ол жүр*. Ал *жатыр* етістігі II жақ бұйрық рай мағынасында *жат (сен жат)* түрінде, 3-жақта жіктелгенде, *жатыр (ол жатыр)* түрінде қолданылады.

ә) Нақ осы шақтың күрделі түрі етістіктің **–ын, –ін, –п** және **–а, –е, –й** тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәніндегі тіркестен жасалады. Бұл нақ осы шақ күрделі етістіктен жасалатындықтан да оның күрделі түрі деп танылады. Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктердің (*отыр, тұр, жүр, жатыр*) жіктелуі арқылы шақтық мағына беріледі. Мысалы: *Мен оқып отырмын. Сен ойнап жүрсің. Оқушы кітап оқып тұр.*

Күрделі нақ осы шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Оқып отырмын</i>	<i>Оқып отырмыз</i>
II	<i>Оқып отырсың</i>	<i>Оқып отырсыңдар</i>
	<i>Оқып отырсыз</i>	<i>Оқып отырсыздар</i>
III	<i>Оқып отыр-</i>	<i>Оқып отыр</i>

2. Ауыспалы осы шақ. Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ **–а, –е, –й** тұлғалы

көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен келе-мін, Сен ойна-й-сың. Ол бар-а-ды.*

Ауыспалы осы шақ түрінің жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Айтамын, келемін, сөйлеймін;</i>	<i>Айтамыз, келеміз, сөйлейміз;</i>
II	<i>Айтасың, келесің, сөйлейсің;</i> <i>Айтасыз, келесіз, сөйлейсіз;</i>	<i>Айтасыңдар, келесіңдер, сөйлейсіңдер;</i> <i>Айтасыздар, келесіздер, сөйлейсіздер;</i>
III	<i>Айтады, келеді, сөйлейді.</i>	<i>Айтады, келеді, сөйлейді.</i>

Ауыспалы осы шақ тұлғасы (яғни көсемше түрінің жіктелген түрі) сөйлемде екі түрлі мәнде қолданылады: бірде дағдылы қимылды білдіріп, осы шақ мағынасын берсе, енді бірде келер шақ мағынасын береді. Сондықтан да осы шақтың бұл **тұлғасы ауыспалы** деп аталады.

3-§ Келер шақ және оның түрлері

Келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен, мезгілден кейін болатынын білдіреді. Мысалы: *Ол мектепке ерте бармақ. Сендер үйге келесіңдер.*

Бұл сөйлемдегі *бармақ, келесіңдер* деген етістіктер *бару, келу* қимылдарының әлі болмағанын, бірақ келешекте болатынын білдіріп тұр.

Келер шақ мағынасы мен жасалуына қарай болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ және ауыспалы келер шақ болып үшке бөлінеді.

Болжалды келер шақ. Болжалды келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжай ғана айтылуын білдіреді.

Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне есімшенің **-ар, -ер, -р** болымсыз етістіктен кейін **-с** жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Біз бар-ар-мыз. Сен оқы-р-сың. Сіздер кел-ме-с-сіздер.*

Болжалды келер шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Бар-ар-мын, кел-ме-с-пін;</i>	<i>Барар-мыз, кел-мес-піз;</i>
II	<i>Бар-ар-сың, кел-ме-с-сің;</i>	<i>Барар-сың-дар, келмес-сің-</i>
III	<i>Бар-ар-сыз, кел-ме-с-сіз;</i>	<i>дер;</i>
	<i>Бар-ар, кел-ме-с.</i>	<i>Барар-сыз-дар, келмес-сіз-дер;</i>
		<i>Барар-, келмес-</i>

Мақсатты келер шақ. Мақсатты келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне *–мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен ауылға бар-мақ-пын. Сіз ерте кет-пек-сіз.*

Етістіктің *–мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнағының үстіне *–шы, -ші* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі (жіктелуі) арқылы да мақсатты келер шақ жасалады. Мысалы: *Мен ауылға бар-мақ-шы-мын. Сен ерте кет-пек-ші-сің.*

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі *–мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* және *–шы, -ші* тұлғалы негізгі етістікке *емес* деген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Ондайда жіктік жалғау *емес* көмекші етістігіне жалғанады. Мысалы: *кел-мек-ші емес-пін, бар-мақ емес-сің.*

Мақсатты келер шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Бармақпын, бармақшымын;</i>	<i>Бармақпыз, бармақшымыз;</i>
II	<i>Бармақсың, бармақшысың;</i>	<i>Бармақсыңдар, бармақшысыңдар;</i>
	<i>Бармақсыз, бармақшысыз;</i>	<i>Бармақсыздар, Бармақшы-сыздар</i>

III	<i>Бармақ-, бармақшы-</i>	<i>Бармақ-, бармақшы-</i>
-----	---------------------------	---------------------------

Ауыспалы келер шақ. Ауыспалы келер шақ та ауыспалы осы шақ сияқты *-а, -е, -й* жұрнақты көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Сондықтан ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы жағынан ажыратылады. Мысалы: *Ол нағашысының қолында тұрады. Келемін тау ішінде түнделетіп...* деген сөйлемдердегі *тұрады, келемін* етістіктері ауыспалы осы шақ мағынасын білдіріп тұр. *Ол ерте тұрады. Ауылға мен кешке келемін* деген сөйлемдердегі *тұрады, келемін* етістіктері ауыспалы келер шақ мағынасын беріп тұр.

Ауыспалы келер шақтың ауыспалы осы шақтан айырмашылығы сөйлемде мезгіл мәнін білдіретін басқа сөзден де байқалып отырады. Жоғарыдағы мысалдағы *ертең* және *кешке* сөздері осындай мән беріп, қызмет атқарып тұр.

Мына мысалдарды салыстырып көріңдер.

Осы шақ

Ол мектепте оқиды.

Бұл жерде ағаш өседі.

Мен ылғи ерте тұрамын.

Ол өлең жазады.

Келер шақ

Ол сабағын кешке оқиды.

Ағаш бұл жерде күтсе ғана өседі.

Мен ертең ерте тұрамын.

Өлеңді ол есейгенде жазады.

4-§ Өткен шақ және оның түрлері

Өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді. Мысалы: *Ол оқуды бітірді. Мен бұл кітапті оқыдым. Ол кезде сен оннан асқансың. Шалдың бір баласы болыпты. Демалыста оқушылар қалаға баратын.*

Берілген мысалдағы *бітірді, оқыдым, асқансың, болыпты, баратын* деген етістіктер *бітіру, оқу, асу, болу, бару* қимылдарының (іс-әрекеттерінің) болып кеткенін білдіріп, өткен шақ мағынасын беріп тұр.

Өткен шақ жасалуы мен мағынасына қарай жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ болып үшке бөлінеді. Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы жалғану арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: *Асан домбыра тарт-ты; Мен өлең айт-тым; Сен үйге келме-ді-ң.*

Жедел өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Келдім, айттым, алмадым;</i>	<i>Келдік, айттық, алмадық;</i>
II	<i>Келдің, айттың, алмадың;</i> <i>Келдіңіз, айттыңыз, алмадыңыз;</i>	<i>Келдіңдер, айттыңдар, алмадыңдар;</i> <i>Келдіңіздер, айттыңыздар, алмадыңыздар;</i>
III	<i>Келді-, айтты-, алмады-</i>	<i>Келді-, айтты-, алмады-</i>

Осы кестеден көрінетіндей, жіктік жалғаулары жедел өткен шақ тұлғасындағы етістікке ерекше түрде жалғанады:

Жақ	Жекеше	Көпше
<i>Iжақта</i>	<i>-м</i>	<i>-қ, -к</i>
<i>IIжақта</i>	<i>-ң (анайы түрі)</i> <i>-ңыз, ңіз (сыпайы түрі)</i>	<i>-ңдар, -ңдер (анайы түрі)</i> <i>-ңыздар, -ңіздер (сыпайы түрі)</i>
<i>IIIжақта</i>	<i>(жалғау жоқ)</i>	<i>(жалғау жоқ)</i>

Жедел өткен шақтың жұрнағы (*-ды, -ді, -ты, -ті*) мен III жақтың жіктік жалғауын (*-ды, -ді, -ты, -ті*)шатастырмау керек. Бұл қосымшалардың тұлғасы, дыбысталуы бірдей болғанымен, мағынасы, қызметі басқа-басқа. III жақ жіктік жалғауы шақ мағынасын білдірмейді, ал жедел өткен шақ жұрнағы

жақ мағынасын білдірмейді. Мысалы, *барып-ты, бара-ды* деген сөздерде соңғы **–ты, –ды** жалғаулары шақ (жедел өткен шақ) мағынасын беріп тұрған жоқ, қимылдың 3-жақ (ол) арқылы болатынын білдіріп тұр. Бұл сөздердегі шақтық мағына ол жалғаудың алдында тұрған **–ып, –ат** әрізді көсемше жұрнақтары арқылы берілген. Керісінше *бар-ды* дегенде **–ды** жұрнағы шақ мағынасын (жедел өткен шақта) беріп тұр да, III жақ мағынасын білдіріп тұрған жоқ. Өйткені I және II жақтарда (*бар-ды-м, бар-ды-қ және бар-ды-ң, бар-ды-ңыз, бар-ды-ңдар, бар-ды-ңыздар*) да жедел өткен шақ қосымшасы (**–ды**) сақталады, 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

III жақтың жіктік жалғауы тек көсемшенің **–ып, –іп, –п** және **–а, –е, –й** жұрнағынан кейін ғана жалғанады: *кел-іп-ті, қара-п-ты, кел-е-ді, қара-й-ды*. Ал жедел өткен шақ жұрнағы етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне және етіс, болымсыз етістік тұлғаларына тікелей жалғанады: *кел-ді, қара-ды, кел-тір-ді, қара-т-па-ды* т.б.

Бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқайда бұрын болғандығын білдіреді. Мысалы: *Сен мектепті бітіргенсің. Ол ауылға барыпты*. Бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады.

а) Бұрынғы өткен шақ **–ған, –ген, –қан, –кент** тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады: (мен) *бар-ған-мын*, (сен) *кел-ген-сің*, (ол) *айт-қан*.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Айтыппын, келіппін;</i>	<i>Айтыппыз, келіппіз;</i>
II	<i>Айтыпсың, келіпсің;</i> <i>Айтыпсыз, келіпсіз;</i>	<i>Айтыпсыңдар, келіпсіңдер;</i> <i>Айтыпсыздар, келіпсіздер;</i>
III	<i>Айтыпты, келіпті.</i>	<i>Айтыпты, келіпті;</i>
I	<i>Айтқанмын, келгенмін;</i>	<i>Айтқанбыз, келгенбіз;</i>
II	<i>Айтқансың, келгенсің;</i> <i>Айтқансыз, келгенсіз;</i>	<i>Айтқансыңдар, келгенсіңдер;</i> <i>Айтқансыздар, келгенсіздер;</i>

III	<i>Айтқан-, келген-</i>	<i>Айтқан-, келген-</i>
------------	-------------------------	-------------------------

Бұрынғы өткен шақ *-ған, -ген, -қан, -кентұлғалы* есімшеге немесе *-ып, -іп, -п* тұлғалы көсемшеге *е (еді)* көмекші етістігі тіркелуі арқылы да жасалады. Есімше түрінде *е* көмекші етістігі *екен* түрінде де тіркеседі. Бұрынғы өткен шақтың мұндай күрделі түрінде *е (еді, екен)* көмекші етістігі ғана жіктеледі.

Бұрынғы өткен шақ күрделі түрінің жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Оқыған едім (екенмін), оқып едім;</i>	<i>Оқыған едік (екенбіз), оқып едік;</i>
II	<i>Оқыған едің (екенсің), оқып едің;</i> <i>Оқыған едіңіз (екенсіз), оқып едіңіз;</i>	<i>Оқыған едіңдер (екенсіңдер), оқып едіңдер;</i> <i>Оқыған едіңіздер (екенсіздер), оқып едіңіздер;</i>
III	<i>Оқыған еді (екен), оқып еді.</i>	<i>Оқыған еді (екен), оқып еді.</i>

Ауыспалы өткен шақ есімшенің *-атын, -етін, -йтын, -йтін* жұрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. Сондықтан да оны ауыспалы өткен шақ деп атайды. Мысалы: *Асан ауылға жиі баратын. Сен кітапханаға қашан баратын едің?* Бірінші сөйлемде бару қимылының болып кеткенін байқасақ, екінші сөйлемде бару қимылының әлі болмағанын, бірақ болуға тиісті екенін аңғарамыз.

Ауыспалы өткен шақ жіктеліп те, *еді* көмекші етістігімен тіркесіп келіп те (онда *еді* етістігі жіктеледі) жұмсалады. Ал ауыспалы келер шақ тікелей жіктелмейді, тек *еді* көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады.

Ауыспалы өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	<i>Көретінмін, қарайтынмын, баратын едім;</i>	<i>Көретінбіз, қарайтынбыз, баратын едік;</i>
II	<i>Көретінсің, қарайтынсың баратын едің;</i> <i>Көретінсіз, қарайтынсыз, баратын едіңіз;</i>	<i>Көретінсіңдер, қарайтынсыңдар, баратын едіңдер;</i> <i>Көретінсіздер, қарайтынсыздар, баратын едіңіздер;</i>
III	<i>Көретін-, қарайтын-, баратын еді-</i>	<i>Көретін-, қарайтын-, баратын еді-</i>

«Етістіктің шақтары» тақырыбы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

- Қай сөйлем сөйлеп тұрған уақытқа дейін әрдайым болып тұрған іс-әрекетті білдіріп тұр ?
 - Біз жазда өзенге шомылуға баратынбыз.
 - Мен сабаққа дайындалдым.
 - Олар ертең балық аулауға бармақшы.
 - Ол үйде жалғыз отыр.
- Баяндауышы мақсатты келер шақ тұлғасындағы етістіктен жасалған сөйлем қайсы қатарда берілген?
 - Ертең ол да Қарқаралыға жүрмек.
 - Түн ортасында аттарды жемдеп алармыз.
 - Кешке алтыбақан құрамыз.

- Д. Олардың ақылдылығына, білімділігіне піріндей сенеді.
3. Сөйлеп тұрған кезде болып жатқан іс-әрекетті табыңыз.
- А. Марат маған айтып тұрды.
- В. Олар сенің кітабыңды кеше сыныпта алып жүрген.
- С. Ол бұрын қалаға бара жатқан.
- Д. Салтанат сабақ түсіндіріп тұр.
4. Баяндауышы ауыспалы келер шақ тұлғасындағы етістіктен жасалған сөйлемді көрсетіңіз.
- А. Ертең ол да Қарқаралыға жүрмек.
- В. Түн ортасында аттарды жемдеп алармыз.
- С. Кешке алтыбақан құрамыз.
- Д. Олардың ақылдылығына, білімділігіне піріндей сенеді.
5. Күрделі нақ осы шақ қайсы қатарда дұрыс берілген?
- А. Айтып тұрды.
- В. Алып жүрген.
- С. Бара жатыр еді.
- Д. Оқымақ жүр.
6. Етістіктің болжалды келер шақ түрі қайсы қатарда берілген?
- А. Сөйлейді.
- В. Сөйлеген.
- С. Сөйлер.
- Д. Сөйлейді.
7. Етістіктің жедел өткен шақ көрсеткіші қай қатарда дұрыс берілген?
- А. Жеткізер.
- В. Жеткізген.
- С. Жеткізетін.
- Д. Жеткізді.
8. Ауыспалы өткен шақ тұлғасындағы сөз қайсы қатарда берілген?
- А. Қадірледі.
- В. Қадірлейтін.

С. Қадірлеген емес.

Д. Қадірлейді.

9. Төмендегі қай қатарда қалып етістігі дұрыс берілген?

А. Жүр.

В. Е.

С. Ет.

Д. Де.

10. Бұрынғы өткен шақта тұрған сөз қайсы қатарда берілген?

А. Танысқан екен.

В. Танысты.

С.Танып тұрмын.

Д. Таниды.

ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ

Етістіктің райлары туралы түсінік

Сөйлемдегі етістік қимылды, іс-әрекетті, жай-күйді білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге сол қимылдың, іс-әрекеттің, жай-күйдің өтуі, бір жағынан, айтушының я сөйлеушінің пікірімен, екінші жағынан, ол пікірдің ақиқат шындыққа қатысын білдірумен байланысты болып отырады. Мысалы: *Ағаш кессең, ұзын кес, қысқартуың оңай, темір кессең, қысқа кес, ұзартуың оңай (Мақал). Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін; Жүзі жылы жандарды құшақтағым келеді.*

Бұл мысалдан *кессең* және *кес, жазбаймын, құшақтағым келеді* деген етістіктер *кес, жазбау, құшақтау* қимылын, іс-әрекетін білдіріп қана тұрған жоқ, сонымен бірге қимыл, іс-әрекеттің орындалу шартын (*кессең*), орындалуын талап етуін (*кес*), белгілі бір мезгілде, шақта іске асуын, орындалуын хабарлауды (*жазбаймын*), орындалу ниетін, жүзеге асуда ықыласын (*құшақтағым келді*) білдіріп, сөйлеушінің шындыққа, болмысқа деген пікірін, көзқарасын айқындап тұр. Бұл мағыналар белгілі грамматикалық

тұлғалар арқылы берілген.Мысалдағы *кессең* дегендегі шарттылық – *се*жұрнағы арқылы,*кес* дегендегі талап ету, бұйрық мәні 2-жақ бұйрықтың тұлға (формасыз тұлға немесе нольдік форма) арқылы, *жазбаймын* дегендегі қимылдың белгілі шақта орындалуы көсемшенің –*й* жұрнағы арқылы,*құшақтағым келеді* дегендегі қимылдың болу ниеті,ықыласы етістік түбіріне –*ғы*жұрнағы және одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып, оған *кел* көмекші етістігі тіркесу арқылы жасалған.

Сөйтіп,сөйлеушінің сөзі арқылы қимылдың шындыққа қатысын,айтушының пікірін,көзқарасын білдіріп,белгілі грамматикалық тұлғалар арқылы жасалатын етістіктің түрі *рай категориясы* деп аталады.

Етістіктің райлары қимылдың, іс-әрекеттің жүзеге асу,орындалу мүмкіндігіне қарай төрт түрге бөлінеді:*ашық рай,бұйрық рай,шартты рай және қалау рай.*

Етістіктің райларының түрлері

<i>Ашық рай</i>	
Ереже	Жасалу жолы
Іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді.	Үш шақтың жасалу жолдары арқылы.
<i>Бұйрық рай</i>	
Ереже	Жасалу жолы
Іс-қимылдың бұйыру,талап ету, өтіну ретінде айтылу мағынасын білдіреді.	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы (<i>Мен бар-айын; Сен бар; Сіз бар-ыңыз; Ол бар-сын</i>)
<i>Шартты рай</i>	
Ереже	Жасалу жолы
Іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.	Етістік+(-са,-се)жіктік жалғауы, (<i>Күн ашық бол-са,тауға шығамыз.</i>)
<i>Қалау рай</i>	

Ереже	Жасалу жолы
Қалау, тілекті білдіреді.	Етістік + (-ғы, -гі, -қы, -кі) тәуелдік ж./кел етістігі (Біздің сабақ оқ-ғы-мыз келді)

«Етістіктің райлары» тақырыбы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Шартты райлы етістік қайсы қатарда дұрыс берілген?

- А. Бір көрсем, арманым болмас еді.
- В. Содан кейін мені бір сына.
- С. Өзің білесің, біз момақан шаруамыз.
- Д. Теңді шештірме, үйге де әбігер болма.

2. Қай сөйлемде бұйрық рай қолданылып тұр?

- А. Оның қазақ тілін үйренгісі келеді.
- В. Осы сұрақтың жауабын түсіндіріңіздер.
- С. Менің дәптерімді табыңдар.
- Д. Олар үйге ертерек жетсін.

3. Шартты райлы етістік қай қатарда?

- А. Жазсам, бітіріп тастаймын.
- В. Үйге тезірек келсейші.
- С. Осы сұраққа жауап берсеңіз екен.
- Д. Қазір демалыс болса ғой?!

4. Қалау рай қайсы қатарда?

- А. Тез жазып бітір.
- В. Бүгін бізге келерсің.
- С. Үйге ертерек барса игі еді.
- Д. Жазса, тез бітіреді.

5. Бұйрық райдың III жағы қайсы жауапта дұрыс?

- А. Табыңдар.
- В. Түсініңіздер.

С. Үйренгісі келеді.

Д. Жетсін.

6. Үш шақтың бірінде қолданылып, сөйлеушінің шындыққа қатысты баяндауы райдың қай түріне тән?

А. Шартты рай.

В. Ашық рай.

С. Ешбірі.

Д. Қалау рай.

7. Қалау райлы етістік қайсы қатарда?

А. Толқыса.

В. Алса игі еді.

С. Оқысаңыз.

Д. Айтсаңшы

8. Қалау райдың қосымша жасалу жолы қайсы қатарда дұрыс?

А. – ғай, - қай.

В. – мақ, - бақ.

С. – са, - се.

Д.- сын, - сін.

9. Шартты рай қай қатарда дұрыс берілген?

А. Қазір әкем келсе ғой !

В. Бүгін үйге келсеңізші!

С. Тезірек жазып болсайшы!

Д. Келгісі келсе, келсін!

10. Қалау, ниет сияқты ойды білдіретін бұйрық райлы сөйлем қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Тезірек болсайшы!

В. Кел, балалар, оқылық!

С. Айтып болдыңыз ба?

Д. Түсте асханаға барайын.

ЕТІС

Қимылдың,іс-әрекеттің орындаушыға (қимыл иесімен тура істелетін іске)қатысын білдіріп,белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етістіктің түрі **етіс**деп аталады. Мысалы: *ол жуынды,ол баласына кітап оқытты,әңгіме айтылды,олар бір-бірімен хат жазысты* деген сөйлемдерде жуу қимылды іс иесінің (орындаушының) өзіне қарай бағытталғанын,*оқу* іс-әрекеті оның тікелей қимыл иесі(ол)арқылы емес, екінші бір иесі(*баласы*) арқылы орындалғанын,*айту* іс-әрекеті қимыл иесінің өздігінен орындалғандай болуын,жазу іс-әрекеті қимыл иесінің біреу емес,бірнешеу(олар)екендігін білдіріп тұр да, ол мағыналар түбірге *–ын,-т,-ыл,-ыс* жұрнақтарын жалғау арқылы берілген. Соған орай етістер төртке бөлінеді:**өздік етіс,өзгелік етіс,ырыссыз етіс және ортақ етіс.**

Болымсыз етістік жұрнағы етіс жұрнағынан кейін жалғанады:*айт-қыз-ба,ки-ін бе,сөйле-с-нет.б.*

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК

Тұйық етістік-етістіктің ерекше түрі.Мағынасы жағынан ол қимылдың,іс-әрекеттің атын білдіреді де, шақпен де, жақпен де байланысты болмайды.Сөйтіп,тұйық етістік қимылдың,іс-әрекеттің атауы ретінде қолданылады да,етістік тұлғаларына тән шақтың мағынаны да, жақтың мағынаны да білдіреді.

Тұйық етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне,етіс және болымсыз етістік тұлғаларына *–у* жұрнағы жалғану арқылы жасалады.Мысалы: *сұра-у,жүр-у,бар-у,шегеле-у, айт-қызу, сөйлес-у,келме-у, бөге-ме-у.*Бұл сөздер *сұрау,жүру,бару,шегелеу,айтқызу,сөйлесу,келмеу,бөгеу*қимыл,іс-әрекеттерініңатынбілдіріп,солардың атауы болып тұр.Сондықтан да тұйық етістік заттық мағынада да,зат есім мәнінде де жиі қолданылады.Тіпті тұйық

етістіктердің кейбірі белгілі заттың,көбіне, құралдың атын білдіріп,зат есім болып кеткен.Тілімізде *көсеу*(отты,шоқты көсейтін құрал),*сабау*(жүнді сабайтын таяқ),*егеу*(темірді егейтін құрал),*жасау*(қызға жиналған дүние-мүлік),*қашау*(ағашты кесетін,жонып,қырнайтын құрал),*тұсау*(жылқының алдыңғы екі аяғына салатын құрал),*ою*(ойып салынған өрнек)сияқты зат есімдер тұйық етістіктен жасалған.Мысалы:*Көсеу ұзын болса,қол күймейді*(Мақал). Тұйық етістік зат есім сияқты түрленеді,ал етістік түрленбейді. Тұйық етістік тікелей септеледі,тәуелдене де алады,бірақ жіктелмейді. Тұйық етістікке көптік жалғауы жалғанса,одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.Сөйтіп,зат есімдерше түрленіп шақпен де,жақпен де байланысты болмай,қимылдың,іс-әрекеттің атын білдіретін етістіктің ерекше түрін **тұйық етістік** дейміз.

«Етіс», «Тұйық етістік» тақырыптары бойынша ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қай етістің жұрнағы салт етістікті сабақтыға айналдырады?
 - А. Өзгелік.
 - В. Өздік.
 - С. Ырықсыз.
 - Д. Ортақ.
2. Бірыңғай етіс жұрнақтары қайсы қатарда дұрыс берілген?
 - А. –ар, - ып, - ыр.
 - В. – т, - с, - л.
 - С. – а, - е, - й.
 - Д. – ғыз , - ған , - ғалы.
3. Қай етісте іс-қимыл өздігінен орындалғандай болады ?
 - А. Ортақ.
 - В. Өздік.
 - С. Өзгелік.

Д. Ырықсыз.

4. Өзгелік етістің жұрнағы қай қатарда дұрыс берілген?

А. – ын, - ін, - н.

В. – ыл, - іл, - л.

С. – ыс, - іс, - с.

Д. – дыр, - гіз, - т.

5. Емлеге сай жазылған тұйық етістікті табыңыз.

А. Тасыу.

В. Кепу.

С. Жуу.

Д. Жайу.

6. Дұрыс жазылған етістікті табыңыз.

А. Жуыу.

В. Байыу.

С. Кею.

Д. Сыйу.

7. Ырықсыз етіс қатысқан сөйлемді табыңыз.

А. Алғысын жаудырды.

В. Қасиетті туған жерді көркейт.

С. Дұрыс қанаттанған түзу ұшар.

Д. Жиналыс өткізілді.

8. Қимылдың атын білдіретін, шақпен, жақпен байланысты болмайтын етістіктің тұлғасын көрсетіңіз.

А. Тұйық етістік.

В. Сабақты етістік.

С. Құранды етістік.

Д. Көмекші етістік.

9. Етіс нені білдіреді ?

А. Сөйлеп тұрған сәтке қатысты қимылдың өту кезеңін білдіреді.

В. Іс- әрекеттің орындаушыға, қимыл иесіне қатысын айқындайды.

Д. Шақпен, жақпен баланысты болмай қимыл іс-әрекеттің атын білдіреді.

Д. Нанды жерге тастауға болмайды.

Етістіктің ерекше бір түрі-есімше. Оның ерекшелігі-екі жақтылығында, яғни әрі есімдер, әрі етістік қызметінде жұмсалатындығында, сонымен бірге есімшенің қызметі де әркелкі болып келеді. Мысалы: *Ол ертең келер, саған жолығар* дегендегі *келер, жолығар* сөздері өзінің етістік мағынасында жұмсалып тұрса, *Ақыл-тозбайтын тон, таусылмайтын кен* дегендегі *тозбайтын, таусылмайтын* сөздері сын есім мағынасында жұмсалып, зат есімге сындық қызмет көрсетіп тұр. Сондай-ақ, *білмегенің білгендеріңнен үйрен* дегенде, *білмегенің, білгендеріңнен* сөздері заттық мағынада жұмсалып, көптік, септік жалғауларын қабылдап түрленіп тұр. Осылай бола тұрса да, яғни зат есімдердей морфологиялық жақтан түрленсе де, сөйлемде есімдердің атқаратын қызметін түгелдей дерлік атқарса да, оның етістік үйірінен шықпайтын қасиеті бар. Ол-оның шақтық мағынасы, жаққа түрленетіндігі.

Екінші,есімшенің етістікке ұқсауы болымсыз етістіктің –*ма,-ме,-ба, -бе, -па,-пе* жұрнақтары мен *жоқ,емес* сөздерін қосып айтуға келетіндігі.Мысалы:*әнбеген,өндірімеген,жатқан жоқ,көрген емес.*

Сөйтіп, бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқаратын, есімдерше түрленетін етістіктің түрлерін есімше дейміз. Есімшенің үш түрі бар:

1. Ауыспалы шақтық есімше;
2. Өткен шақтың есімше;
3. Келер шақтың есімше.

КӨСЕМШЕ

Көсемше-етістіктің негізгі бір түрі. Бұл-етістікті ажыратудағы бір көрсеткіш. Өйткені көсемшенің жұрнақтары басқа сөз таптарында кездеспейді.

Негізгі қимыл, амалды білдіріп, кейде сол қимыл, амалды, айқындап тұратын, жекеше, көпше болып бөлінбейтін және, көбінесе, күрделі етістіктің құрамында келетін етістіктің түрін **көсемше** дейміз. Мысалы: *Ол маған хат жаз+ып-ты*. Мұндағы көсемше етістіктің өз қызметінде өткен шақ мағынасында жұмсалып тұр. *Ол маған хатты асығып жазыпты*. Бұл сөйлемдегі *асығып* көсемшесі *жазыпты* көсемшесін айқындап тұр. Көсемшенің үш түрі бар:

1. Ауыспалы шақтық көсемше;
2. Өткен шақтық көсемше;
3. Келер шақтық көсемше.

«Есімше», «Көсемше» тақырыптары бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Бұрынғы өткен шақтық көсемшенің жұрнағы қайсы қатарда дұрыс берілген?

- А. – қан.
- В. – атын.
- С. – ып.
- Д. – ды.

2. Қай қосымша жіктелмейді?

А. – атын.

В. – ғалы.

С. – ған.

Д. – ар.

3. Ауыспалы өткен шақ жасайтын есімшенің жұрнағы қайсы?

А. – атын.

В. – ғалы.

С. – ған.

Д. – мақ.

4. Көсемшелі сөз тіркесі қайсы қатарда дұрыс берілген?.

А. Айтқалы келді.

В. Жазбақ екен.

С. Айтып берді.

Д. Айта салды.

5. Көсемше жұрнақтарының қатары қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. – ған, - ген, - қан, - кен.

В. – а, - ып, - ғалы, - й.

С. – атын, - етін, - р.

Д. - е, - іп, - ар, - ер.

6. Көсемше тұлғалы етістіктің жіктеліп тұрған түрі қайсы орында?

А. Келгелі, үйренгелі .

В.Айттым, қалдым.

С. Бітіпті, тозады.

Д. Табатын, үндемес.

7. Есімшенің тәуелденген түрі қайсы қатарда?

А. Аяқта, ұқ.

В. Бұзар, шабар.

С. Егер, ендеше.

Д. Көргенің, айтарым.

8. Есімшенің қысқарған түрі қайда?

А. Көрмес – түйені де көрмес.

В. Мен отырман билерше бос мақалдап.

С. Мен келем тау ішінде түнделетіп.

Д. Алаған қолым - береген.

9. Бастауыш қызметін атқарып тұрған есімше қай қатарда?

А. Көп күн кетті ғой сен кеткелі.

В. Туған жердей жер болмас.

С. Ел аралаған сыншы болар.

Д. Ат айналып қазығын табар.

10. Пысықтауыш қызметіндегі көсемшені табыңыз.

А. Абай өзің де, айнала жұртты да тегіс ұмытыпты.

В. Адам сөйлей-сөйлей шешен болады.

С. Тарантас зырлап келеді.

Д. Жанар орнынан тұрып, қонақтарды қарсы алды.

ҮСТЕУ

1-§ Үстеу туралы түсінік

Тілімізде қимылдың іс-әрекеттің әртүрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, есбебін, мақсатын т.б. сипаттарын білдіретіп сөздер бар. Осы топтағы сөздер **үстеу** деп аталады. Мысалы: *Ескі Еділ ерді көрген **бұрын** талай. Көзіңді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды. Жоғары-төмен* үйрек-қаз, ұшып тұрса сымпылдап. *Ішім өлген, құр денем сау. Босқа үрейім жүр менің. Жарамайды бекер* алдау. *Теңің емес мен сенің*.

Берілген мысалдардаға *бұрын, талай, ілгері, жылдам, жоғары-төмен, босқа, бекер* деген сөздердің мағынасына, тұлғалық ерекшеліктеріне назар аударып қарайық. **Бұрын** сөзі іс-әрекетінің болған мерзімін, іске асу мезгілін білдіріп, *қаншан?* деген сұраққа жауап беріп тұр (*қаншан көрген*). **Талай** сөзі көру іс-әрекетінің мөлшерін білдіріп, *қанша?* немесе

қалай? деген сұраққа жауап беріп тұр (*қанша көрген?*). **Ілгері** сөзі көшу қимылының мекенін (бағытын, орнын) білдіріп, *қайда?* деген сұраққа жауап беріп тұр (*қайда көшті?*), ал **жылдам** сөзі *алғызу* қимылының амалын, сынын білдіріп, *қалай?* деген сұраққа жауап беріп тұр (*қалай хабар алғызды?*). **Жоғары-төмен** қос сөзді ұшып тұру қимылының әрі амалын, бейнесін, әрі мекенін білдіріп, *қалай?* деген сұраққа жауап беріп тұр (*қалай ұшып тұрса?*). **Босқа** сөзі жүру қимылының себеп-мақсатын, амалын білдіріп, *қалай?* немесе *қайтіп?*, *не себепті?* деген сұраққа жауап беріп тұр (*қайтіп жүр?*). **Бекер** сөзі алдау іс-әрекетінің себебін білдіріп, *қалай?* деген сұраққа жауап беріп тұр (*қалай алдау?*).

Сөйтіп, бұл сөздердің қолданылуына мынадай ерекшеліктер байқалады. Біріншіден, мысалдардағы талданған сөздер қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөздермен, яғни етістіктермен тіркесіп жұмсалған. Екіншіден, олар етістіктің, яғни қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөздердің әр түрлі белгісін, қасиетін (мекенін, мезгілін, амалын т.б) білдіреді. Бірақ сөйлемде ондай мағынада қолданылған сөздің бәрі бірдей әрдайым үстеу бола бермейді. Мысалы: **Қансонарда** *бүркітші шығады аңға*, **Тастан** *түлкі табылар аңдығанға*. **Еділ** *үшінегестік*. **Аспандап** *ұшқан қызығыш құс*. *Құсалықпен өтті ғой, Махамбеттің көп күні!* (М).

Бұл сөйлемдегі **қансонарда** (қашан?) шығу қимылының мезгілін, **тастан** (қайдан) табылу іс-әрекетінің мекенін, **Еділ үшін** (не үшін?) егесу қимылының мақсатын, **аспандап** (қалай?) ұшу қимылының амалын білдіріп тұр. Сөйте тұрса да бұлар үстеу бола алмайды.

Сөйлемде қимыл, іс-әрекеттің, сын-сапаның әр түрлі белгілерін, сипатын, жай-күйін білдіретін, өзгертуге келмейтін, грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздерді **үстеу** деп атайды.

2-§ Үстеудің құрамдық түрлері

Үстеулер құрамына қарай негізгі түбір үстеулер, туынды түбір үстеулер және күрделі түбір үстеулер болып үшке бөлінеді.

1. Негізгі үстеулерге қазіргі кезде құрамы жағынан түбір және қосымшаға бөлшектеуге келмейтін үстеулер жатады. Мысалы: *жылдам, тез, ақырын, ерте, кеш, бұрын, жорта, жоғары, төмен, қазір*, т.б.

Негізгі үстеудің көпшілігіне сын есім шырайының *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* және *-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* жұрнақтары жалғана алады. Мысалы: *жылдам-жылдамырақ, жылдамдау (жүр), тез-тезірек, тездеу (бері), ілгері-ілгерірек, ілгерілеу (отыр), кеш-кешірек, кештеу (кел)* т.б.

2. Туынды үстеулерге жұрнақ арқылы және кейбір септік жалғауларының түбірге сіңіп, көнеленуі арқылы жасалған үстеулер жатады.

Туынды түбір үстеу тудыратын жұрнақтар:

1) *-ша, -ше*: *адамша (сөйлейді), балаша (күрделі), бұлбұлша (сайрады), көзінше (айтты), ескіше (оқыған)* т.б.

2) *-лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей*: *шикілей (әкелді), қыстай (дайындалды), осылай (жаз), ақшалай (берді)* т.б.

3) *-дайын, -дейін, -тайын, -тейін*: (бұл – -дай, -дей, -тай, -тей және *-ын, -ін* қосымшаларынан құралған құранды жұрнақ): *тотыдайын (таранған), сұңқардайын (сыланған), бұлақтайын (сарқылдап), жорғадайын (шайқалып)* т.б.

4) *-шама, -шеме, (-ша+ма, -ше+ме)* және *-шалық, -шелік (ша+лық, ше+лік)* құранды жұрнақтар: *осыншама (сөйлемді), соншалық, (қуанды), осыншалық (жүру)* т.б.

5) *-майынша, -мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше* құранды жұрнақтар: *айтпайынша (келмейді), оқымайынша (білмейді), тыңдамайынша (түсінбейді)* т.б.

Түбірге сіңісіп, көнеленіп үстеу тудыратын септік жалғаулар:

1) барыс септіктің көнеленуінен қалыптасқан үстеулер: *бірге (жүр), кешке (қайт), босқа (жүрме), зорға (көрінеді), текке (ұрысты)*, т.б.

2)жатыс септіктің көнеленуінен қалыптасқан үстеулер: *баяғыда (болыпты), андаусызда (сөйлеп қалды), қапыда (қалды), т.б.*

3) шығыс септіктің көнеленуінен қалыптасқан үстеулер: *шалқасынан (құлады), кеңінен (әңгімелесті), шетінен (біледі), тосыннан (сөйледі) т.б.*

4) көмектес септіктің көнеленуінен қалыптасқан үстеулер: *жөнімен (айт), кезекпен (бар), шынымен (ойлады), ретімен (жүрді) т.б.*

Күрделі үстеулер екі я одан көп түбірдің я сөздің бірігуінен, қосарлануынан, тіркесіп тұрақтануынан жасалады.

1) сөздің бірігуінен жасалған күрделі үстеулер: *жаздыгүні (жаз+дың+күні), таңертең (таң+ертең), ендігәрі (ендігіден+әрі), биыл (бұл+жыл), бүгін (бұл+күн) т.б.*

2) сөздердің қосарлануы мен қайталануы арқылы жасалған күрделі үстеулер: *жоғары-төмен, анда-санда, жата-жастана, енді-енді, әрең-әрең, қома-қол, бет-бетімен, қолды-қолына т.б.*

3) сөздердің тіркесуі арқылы тұрақтанып қалыптасқан күрделі үстеулер: *күні бүгін, ала жаздай, ертеден қара кешке, қаннен қаперсіз, күн ілгері, күн ұзаққа, т.б.*

3-§ Үстеудің мағыналық түрлері

Үстеулер білдіретін мағынасына қарай мынадай түрге бөлінеді:

1.Мезгіл үстеуі.

5.Күшейту (күшейткіш) үстеуі.

2.Мекен үстеуі. 6.Мақсат үстеуі.

3.Сын-қимыл (бейне) үстеуі. 7.Себеп-салдар үстеуі.

4.Мөлшер үстеуі.

1.Мезгіл үстеуі.Мезгіл үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін білдіреді де, *қашан?, қашаннан?* деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл үстеуі етістікпен тіркесіп қолданылады. Мысалы: *Бүгін келді, ертең барады, таңертең тұрады, бұрын жүрді, күні бойы дайындалды, күні-түні оқиды, жазғытұрым келеді т.б.*

Мезгіл үстеулері құрамы жағынан негізгі я туынды түбір немесе күрделі түбір бола береді.

2.Мекен үстеуі.Мекен үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу орнын, бағытын білдіріп, *қайда?, қайдан?* деген сұрақтарға жауап береді. Мекен үстеулері де, негізінен, етістікпен тіркеседі. Мысалы: *ілгері жүр, жоғары тартты, төмен түсті, алды-артынан орады, әрі-бері жүрді, жолшыбай ала кетті* т.б.

Мекен үстеулері де құрамы жағынан негізгі я туынды түбір немесе күрделі түбір бола береді.

3.Сын-қимыл (бейне) үстеуі.Сын-қимыл (бейне) үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіріп, *қалай?, қайтіп?, қалайша?, кімше?* деген сұрақтарға жауап береді. Сын-қимыл (бейне) үстеуі, көбінесе, етістікпен тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *ақырын жүрді, тез келді, бірден сөйледі, шалқасынан құлады, балаша мәз болды, емін-еркін отырды, бостан- бос жүрді* т.б.

Сын-қимыл (бейне) үстеулері де құрамы жағынан **негізгі я туынды түбір** немесе **күрделі түбір** бола береді.

4.Мөлшер үстеуі.Мөлшер үстеуі қимылдың немесе сынның мөлшерін, көлемдік дәрежесін, шама-шарқын білдіреді де, *қанша?, қаншама?, қаншалық?, қаншалар?* және кейде *қалай?, қалайша?* сияқты сұрақтарына жауап береді. Мөлшер үстеулері бірде етістіктермен тіркесіп, қимылдың мөлшерін, шама-шарқын білдірсе, енді бірде сын есімдермен тіркесіп, сынның мөлшерін білдіреді. Мысалы: *оңша жараспайды, анағұрлым көбейді, едәуір өсіпті* дегенде *оңаша, анағұрлым, едәуір* мөлшер үстеулері *жараспайды, көбейді, өсіпті* деген етістіктермен тіркесіп, *қалай?, қанша?* деген сұрақтарға жауап беріп, қимылдың шама-шарқын білдіріп тұр. Ал, *оңша биік емес, анағұрлым үлкен, недәуір ұзын* дегенде *оңша, анағұрлым, недәуір* мөлшер үстеулері *биік (емес), үлкен, ұзын* тәрізді сын есімдермен тіркесіп, *қалай?, қанша?* деген сұраққа жауап беріп, сынның мөлшерін, көлемдік дәрежесін білдіріп тұр.

Мөлшер үстеулері құрамы жағынан туынды не күрделі түбір болып келеді.

5. Күшейткіш үстеуі. Күшейткіш үстеу сынның немесе қимылдың, іс-әрекеттің белгісін я сапасын күшейтіп я солғындатып көрсетеді. Күшейткіш үстеулер, көбінесе, сапалық сын есімдермен тіркесіп жұмсалады да, онымен тұтасып келіп сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасауға негіз болады. Мысалы; *ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор* т.б.

Күшейткіш үстеулердің біразы етістікпен тіркесіп, *қалай?* деген сұраққа жауап беріп, қимылдың сипатын күшейте я солғындата көрсетеді. Мысалы: *мүлдем білмейді, әбден шаршаған, сәл жүріңкіре, керемет сөйлейді* т.б.

Құрамы жағынан күшейткіш үстеулер негізгі түбір болып келеді.

6. Мақсат үстеуі. Мақсат үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіреді де, *қалай?, не мақсатпен?* деген сұрақтарға жауап береді. Мақсат үстеулері сан жағынан көп емес. Оған: *әдейі, жорта, әдейілеп, қасақана*, т.б. сөздер жатады. Мысалы: *әдейі келдім, жорта айтты, әдейілеп шақырды, қасақана үндемеді*.

7. Себеп – салдар үстеуі. Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін немесе салдарын (нәтижесін) білдіреді де, *не себепті?, неге? қалай?* деген сұрақтарға жауап береді. Себеп-салдар үстеуіне: *босқа, құр босқа, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан, бекерге, жоққасияқты* сөздер жатады. Мысалы: *босқа әуре болма, амалсыздан келіп отыр, бекерге айтқансың*, т.б.

4-§ Үстеудің емлесі мен сөйлемдегі қызметі

Негізгі және туынды түбір үстеулер, көбінесе, айтылуынша жазылады. Мысалы: *ертең, кешке, бұрын, сонда, әрі, бері, төмен, бірге, әрең, талай*, т.б.

Сөздердің бірігуінен жасалған күрделі үстеуердің көпшілігі айтылуынша, яғни сыңарларының дыбысталуынша өзгеріске түскен

күйінде

жазылады.Мысалы:

бүгін, биыл, қысты күні, жазды күні, енді әрі, анағұрлым т.б. сөздер осылай айтылуынша жазылады. Бұлар:

бұл+күн, бұл+жыл, қыстың+күні, жаздың+күні, ендігіден+әрі, ана+құрылым деген сөздерден біріккен.

Ал *таңертең* (*таңертең* емес), *бірқыдыру* (*бірғыдыру* емес), *әлдекімше* (*әлдегімше* емес) сияқты күрделі үстеулердің сыңарлары түбір тұлғасынан сақтап жазылады.

Сөздердің қайталауынан я қосарлануынан жасалған күрделі үстеулер дефис(-) арқылы жазылады.Мысалы: *тез-тез* (*киді*), *бірте-бірте* (*жүріп кетті*), *жол-жөнекей* (*соқты*), *қолма-қол* (*берді*), *емін-еркін* (*отырды*), *күні-түні* (*істеді*) т.б.

Сөздердің тіркесуінен құралған күрделі үстеулердің әрбір сыңары бөлек жазылады.Мысалы: *таң сәріде* (*тұрды*), *күні бойы* (*дайындалды*), *қаннен қаперсіз* (*отыр*), *ала жаздады* (*ән салып*) т.б.

Сөйлемде үстеу, негізінен, пысықтауыш қызметін атқарады.Өйткені үстеу мағынасы жағынан көбіне-көп қимылдың, іс-әрекеттің (яғни етістіктің) әр түрлі сын-сипатын, яғни мекенін, мезгілін, амалын, мөлшерін, болу мақсаты мен себебін білдіреді.Мысалы: *Шыңғыстың сырты тез жылына қоймайтын да ерте көктемейтін*.

Берілген мысалдағы *тез* (*қалай жылына қоймайтын?*), *ерте* (*қашан көктемейтін?*), *бише* (*қалай отырман?*), *жоғары* (*қайда көтерілу?*) деген сөздер **пысықтауыш** қызметін атқарып тұр.

Кейде үстеу атау септікте тұрып, заттанып келіп бастауыш қызметінде де жұмсалады.Мысалы: *Еріншектің ертеңі таусылмас*.

Күшейткіш үстеулер сапалық сын есімдермен тіркесіп келіп, онымен бірге күрделі анықтауыш құрамына жұмсалады.Мысалы: *Сауықшыл сорлы бүкииді.Тым-ақ қиын іс болды*.

«Үстеу» тақырыбы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Күрделі үстеу қайсы жауапта дұрыс көрсетілген?
 - A. Бүгін келдім.
 - B. Кеше бардым.
 - C. Әрең көтердім.
 - D. Балаша сайрады.
2. Төмендегі жауаптардың қайсысы мезгіл үстеуіне мысал бола алады?
 - A. Өте үлкен екен.
 - B. Ілгері жүрді.
 - C. Әрең ұйықтады.
 - D. Қыруар жұмыс істедік.
3. Мекен үстеуі қай жерде дұрыс берілген?
 - A. Алға қадам басты.
 - B. Әрең-әрең бара жатты.
 - C. Амалсыздан үйіне жүрді.
 - D. Амалсыздан үйіне жүргірді.
4. Мақсат үстеуі қайсы қатарда берілген?
 - A. Әлгінде, емін-еркін.
 - B. Орасаң, әжептәуір.
 - C. Жорта, әдейі.
 - D. Тысқары, мұнда.
5. «Тым, ең, кілең» үстеулері үстеудің қай түріне жатады?
 - A. Мекен үстеуі.
 - B. Мезгіл үстеуі.
 - C. Күшейткіш үстеуі.
 - D. Мақсат үстеуі.
6. Септік жалғауларының түбірге сіңісіп, көнеленуі арқылы жасалған туынды үстеулер қайсы қатарда дұрыс берілген?
 - A. Сұңқардайын, осылай.

В. Биыл, соншалық.

С.Қапыда, текке.

Д. Жаздыгүні, күн ұзаққа.

7. Пысықтауыш қызметін атқарып тұрған сын-қимыл үстеуі қайсы қатарда берілген?

А. Поездан әдейі түсіп қалдым.

В.Ыза кернеп зорға тұрмын.

С. Соншама қандай қуаныш ?!

Д. Жоғарыдан бетіме бірдеме тарс ете түсті.

8 . «Қалай қарай?» сұрағы қай үстеуге тән?

А. Мақсат.

В. Мезгіл.

С. Мекен.

Д. Қимыл-сын.

9. Туынды үстеудің жұрнағы қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. – дай.

В. – даған.

С. – ың.

Д. – ғыр.

10 . Мөлшер үстеуінің сұрағы қандай?

А. Қашаннан?

В. Қаншама?

С. Қайдан?

Д. Кімше?

Шылау

1-§ Шылау сөздер туралы түсінік

Тілімізде толық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер бар. Ондай көмекші сөздер **шылаулар**деп аталады. Мысалы: *Мен жазбаймын*

өлеңді ермек *үшін*. Жоқ-барды, ертегіні термек *үшін*. Жомарт қазіргісі *мен* келешегін салыстырып тұр. Абай қажымай, жалықпай, ылғи *ғана*ынтығып тыңдайтын. Бұл мысалдағы *үшін*, *мен*, *ғана* деген сөздердің толық мағынасы жоқ, бірақ сөйлемде олар өзі қатысты сөздерге қосымша мән үстеп, белгілі қызмет атқарып тұр. Бірінші сөйлемде *үшін* шылауы *ермек* және (*ертегіні*)*термек* сөздеріне мақсат мәнін үстеп, ол сөздерді *жазбаймын* сөзіне бағындыра (сабақтастыра) байланыстырып тұрса, екінші сөйлемде *мен* шылауы *қазіргісі* деген сөз бен *келешегі* деген сөздерді ыңғайластық мәнде бір-бірімен салаластыра байланыстырып, олар сөйлемнің бірыңғай мүшесі екенін көрсетіп тұр. Үшінші сөйлемде *ғана* шылауы *ылғи* деген мезгілдік мағынадағы сөзге шектілік, күшейткіш мән үстеп тұр.

Сөйтіп, шылаудың басқа сөз таптарынан мынандай айырмашылықтары бар:

- шылаудың толық мағынасы болмайды;
- сөйлем ішінде шылау сөйлем мүшесі бола алмайды;
- шылаулар сөзбен сөзді, не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып, не толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылады;
- шылаулар түрленбейді және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды;
- шылаулар-лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде туған көмекші сөздер.

Шылау сөздер білдіретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай **септеулік шылау**, **жалғаулық шылау** және **демеулік шылау** болып үшке бөлінеді.

2-§ Септеулік шылаулар

Септеулік шылаулар белгілі септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша (мезгілдік, мекендік, шектік, себептік, мақсаттық т.б.) мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзбен сабақтастыра (бағындыра)

байланыстырады. Бұл тұрғыдан келгенде септеулік шылаулар септік жалғауларының білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметіне ұқсайды. Септеулік шылаулар мыналар: *үшін, сайын, туралы, арқылы, жайлы, тәрізді, дейін, шейін, қарай, таман, бері, бұрын, бірге, соң, кейін*, т.б. Олар **септеуліктер** деп те аталады.

Септеулік шылаулар сөйлемде екі түрлі қызмет атқарады. Біріншісі-түбір я белгілі септік -барыс, шығыс, көмектес тұлғадағы зат есім, есімдік я заттанған сөздермен (сын есім, есімше, тұйық етістік, т.б.) тіркесіп келіп, оларды екінші сөзге сабақтастыра байланыстырады. Сөйтіп, мезгілдік, мекендік, амалдық, себептік, мақсаттық қатынастығы сөз тіркесін тудыруға дәнекер болады. Мысалы: *Мейрам әлдекімге телефон **арқылы** әмір етті. Ескі ақынша мал **үшін**тұрман зарлап. Басқалар бізден үлгі алсын деп жиналыс **сайын** қанша қақсадым. Жұмыстан **кейін** жалғыз ғана жан тыныс* – осы. Мысалдағы *арқылы* септеулік шылауы *телефон* сөзін *әміретті* дегенмен амалдық қатынаста, *үшін* септеулігі *мал* сөзін *тұрман зарлап* дегенмен мақсаттық қатынаста, *сайын* септеулігі *жиналыс* сөзін *қақсадым* етістігімен мезгілдік қатынаста, *кейін* шылауы *жұмыстан* сөзін *жан тыныс* дегенмен мезгілдік қатынаста байланыстырып, сөз тіркестерін құрап тұр. Екіншісі – септеулік шылаудың біразы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында келеді де, сабақтас құрмаластың бағыныңқы сыңары мен басыңқы сөйлемді мезгілдік, мақсаттық, себептік қатынаста байланыстырып тұрады. Мысалы: *Қорғана жүрерлік күнәсі **болмаған соң**, кеудесін жоғары ұстап келе жатыр. Жел қатайған сайын, лебі мұздаған сайын, зымыраған поезд көрдей қараңғы түнге **сүңгіген сайын**, вагон үстіндегілер бір-біріне жабыса түсті.* Мысалдағы *соң, сайын* септеуліктері мезгіл бағыныңқы сөйлемді басыңқымен байланыстырып тұр. Септеуліктер орыс тіліндегі «предлогтар» деп аталатын көмекші сөздерге жақын.

Сөйтіп, септеуліктер өз шылауында жұмсалып тұрған сөзге қосымша мән үстейді, әрі оны екінші бір сөзбен сабақтастыра байланыстырып, сөз тіркесін құрайды немесе екі сөйлемді сабақтастыра байланыстырады.

Септеуліктер мынадай тұлғадағы сөздердің шылауында айтылады.

Түбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадағы зат есім, есімдік, тұйық етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер: *арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, тәрізді, сияқты*, т.б.

Барыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта*, т.б.

Шығыс септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *кейін, соң, гөрі, бері, бұрын, әрі*, т.б.

Көмектес септіктегі сөздермен тіркесетін септеуліктер: *қатар, қабат, бірге*.

3-§ Жалғаулық шылаулар

Жалғаулық шылаулар сөзбен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылаулар **жалғаулықтар** деп те аталады. Олар мыналар: *мен (бен, пен), да (де, та, те), не, не болмаса, яки, немесе, я, және, әрі, біресе, бірақ, алайда, әйтпесе, әйткенмен, дегенмен, сонда да, әлде, өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті*, т.б.

Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады. Ондай мағыналық қатынастар мыналар:

1.Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, әрі*.

2.Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, әйткенмен, сонда да*.

3.Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *әлде, біресе, бірде, не, немесе, я, яки, болмаса, кейде*.

4.Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті*.

5.Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *егер, егер де*.

Жалғаулықтар орыс тілінде «*союзы*» деп аталатын көмекші сөздермен сәйкес келеді. Жалғаулық шылаулар мен септеуліктерді салыстыра қарасақ, мынадай ерекшеліктер байқалады:

1. Екеуі де сөзбен сөзді, сөйлеммен сөйлемді байланыстырады. Бірақ септеуліктер бір сөзді екінші сөзге бағындыра байланыстырып, сөз тіркесін құрауға немесе бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемді байланыстырып, сабақтас құрмалас сөйлем құрауға негіз болса, жалғаулықтар екі сөзді тең дәрежеде байланыстырып, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін құрауға немесе жай сөйлемдерді салаластыра байланыстырып, салалас құрмалас болуға негіз болады. Тек шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар ғана (*егер, егер де*) бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемді байланыстырады;

2. Септеуліктер де, жалғаулықтар да өздері байланыстыратын сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы мағыналық қатынасты білдіреді. Бірақ септеуліктер өзі шылауындағы сөзге не сөйлемге белгілі бір қосымша мәнүстеп, екінші басыңқы сөзге, я сөйлемге сабақтаса байланыстырса, жалғаулықтар тең дәрежелі (бірыңғай) сөздер мен сөйлемдердің арасындағы мағыналық қатынастарды білдіреді.

Мысалы: *Сәду кейіншектен топ арасынан **үйіне қарай**бет алды. Алтынсары қадалған сайын, оның кескіні құбыла бастады. Жомарт пен Жанат Буданкөкті жеңіл арбаға жегіп, жолмен келеді. Абай көше ортасында ақырын тосып қалып еді, **бірақ** топ ішінен мұны байқап елеген бір адам да жоқ.*

Бірінші сөйлемдегі *қарай* септеулігі *үйіне* деген сөзге бағыттық-мекендік мән үстеп, оны *бет алды* деген баяндауышқа меңгерте, байланыстырып тұрса, екінші сөйлемдегі *сайын* септеулігі бағыныңқы сөйлемнің баяндауыш құрамында келіп, оны басыңқы сөйлемге бағындырып, мезгілдік-дүркінділік қатынасты білдіріп тұр. Ал үшінші сөйлемдегі *пен* жалғаулығы *Жомарт, Жанат* деген бірыңғай бастауыштарды ыңғайластық қатынаста, төртінші сөйлемдегі *бірақ* жалғаулығы екі жай сөйлемді қарсылықты мәнді қатынастасалаласа байланыстырып тұр.

4-§ Демеулік шылаулар

Демеулік шылаулар **демеуліктер** деп те аталады. Олар өзі шылауында тұрған сөзге я сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән сияқты қосымша мағына үстейді, бірақ септеулік пен жалғаулықтар сияқты сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстыра алмайды. Мысалы: *Алдымда толған мақсат, толған таңдау. Алайын мынасын **ба**, анасын **ба**? Ертең емес, бүгін-ақ, қазір-ақ жүрсек етті. Үлкен үйге кірген соң, бәрі де кішірейіп кеткендей, отырғанда құмандай **ғана** болып қалыпты.*

Бірінші сөйлемде *ба* демеулігі сөйлемге **сұрау мағынасын** үстеп, *мынасын және анасын* сөздерімен ғана тіркесіп тұр. Екінші сөйлемде *–ақ* демеулігі *бүгін, қазір* сөздерінің шылауында қолданылып, ол сөздерге **күшейткіш мән** үстеген. Үшінші сөйлемде *ғана* демеулігі *құмандай* сөзінің шылауында жұмсалып, оған **шектік мән** үстеп тұр. Бірақ олардың бірде-бірі сөз байланыстыру қызметін атқармайды. Демеуліктер орыс тіліндегі «частицы» деген көмекші сөздерге сәйкес келеді.

Демеуліктер негізгі сөзге (сөйлемге) үстейтін мағынасына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

1.Сұраулық демеуліктер: *ма, (ме, ба, бе, па, пе), ше;*

2.Күшейткіш демеуліктер: *-ақ, -ау, ай, әсіресе, да (де, та, те).*

Да, (де, та, те) шылауы күшейткіш мәнді білдіріп бірде демеулік болса, енді бірде бірыңғай мүшелерді, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырып, жалғаулық шылау болып қызмет атқарады. Мысалы: *Сен **де** бір кірпіш дүниеге, кетігін тап **та** бар, қалан.* Бұл сөйлемде *де* шылауы – демеулік, ол *сен* сөзіне күшейту мәнін үстеп тұр, бірақ оны басқа сөзбен байланыстырып тұрған жоқ. Ал, *та* шылауы – жалғаулық, ол *тап* және *бар* деген бірыңғай баяндауыштарды ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр.

3.Шектік (тежеу) демеуліктері: *ғана (қана), тек, кейде –ақ;*

4.Болжалдық демеуліктер: *-мыс (-міс), және кейде -ау;*

5.Болымсыздықнемесеқарсы мәнді, салыстыру демеуліктері: *түгіл, тұрсын, тұрмақ;*

6.Нақтылау мәнді демеуліктер: *қой (ғой), -ды, (-ді, -ты, -ті).*

5-§ Шылаулардың емлесі

Шылаулардың көпшілігі өздері қатысты сөздерден бөлек және кейбірі дефис арқылы жазылады. Бөлек жазылатын шылаулардың көбі кейбір грамматикалық тұлғалармен сырт жағынан ұқсас болып келеді. Кейбір шылаулар өздері қатысты сөздердің әуеніне түсіп үндесіп, бірнеше тұлғада қолданылады. Мысалы: *мен (бен, пен), қана (ғана), қой (ғой)* шылаулары өзінен бұрынғы сөздің соңғы дыбысына, *-ды, (-ді), -мыс, (-міс)* демеуліктері соңғы сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне, *да (де, та, те)* және *(ме, ба, бе, па, пе)* шылаулары өзінен бұрынғы сөздің әрі соңғы дыбысына, әрі соңғы буынның жуан-жіңішкелігіне қарай түрленіп отырады. Мысалы: *Шығанақ пен Олжабек соңынан ала кірді. Құнанбай мен Изғұтты ала келеді екен. Толқын да, ағыс та күшейген.*

«Шылау»тақырыбы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қай сөзде « **-ды** » нақтылау мәнді демеулік шылауы болып тұр?
 - A. Қараған (ды) қаласы.
 - B. Ол көргенін айтқан (ды).
 - C. Бала қаз (ды) қуды.
 - D. Әуелі қатты қысыл (ды).
2. «*Оның кітабы соғыс туралы ма екен?*» - сөйлемінде қандай шылаулар қатысқан?
 - A. Жалғаулық – демеулік.
 - B. Септеулік – демеулік.

С. Жалғаулық – септеулік.

Д. Демеулік – септеулік.

3. Нақтылау мәнді демеуліктер қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Ма, ме, ба, ше.

В. – ақ, - ау, - ай, да.

С. -ды, - ді, ғой, қой.

Д. Түгіл, тұрсын, тұрмақ.

4. Бірыңғай септеулік шылаулар қайсы қатарда берілген?

А. Әрі, бері, гөрі.

В. Не, я, да.

С. -ды, - мыс, - ау.

Д. Мен, бен, пен

5. Шылауға тән емес ерекшеліктер қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Толық лексикалық мағынасы болмайды.

В. Түрленбейді.

С. Адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіреді.

Д. Сөйлем мүшесі бола алмайды.

6. Күшейткіш демеулік қайсы қатарда берілген?

А. Оның сөзінен өкініш те, ыза да сезіледі.

В. Біз де естіп, қуанып жатырмыз.

С. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды.

Д. Айып менде екені рас!

7. Шектеу демеулігі қай қатарда дұрыс көрсетілген?

А. Бұрын бір шал болыпты-мыс.

В. Ол үйіне ерте келген-ді.

С. Мен-ақ сабаққа бармадым.

Д. Ол түгіл мені таныған жоқ.

8. Ыңғайластық жалғаулық қай қатарда дұрыс көрсетілген?

А. Бұдан әрі оның тыңдауға шамасы келмеді.

В. Ол тәрбиелі әрі жігерлі.

С. Ол Маратқа да алма берді.

Д. Тек, кейде, бұршақ жауады,

9. Себеп-салдар шылауы қайда?

А. Бүгін ерте келдік, бірақ жарыстан қалып қойдық.

В. Ол кеше көп ойнаған, сондықтан бүгін демалды.

С. Олар біресе ойнайды, біресе отырады.

Д. Біз кешке сабақ оқимыз және тамақ жейміз.

10. Қай сөйлемде үш түрлі шылау қатысқан?

А. Маратта, Сәкен де бүгін сабақта жоқ.

В. Ертеңге дейін барып қалармын.

С. Олар туралы бұдан кейін де еститін шығармыз.

Д. Қызым, сабаққа дейін тамағыңды ішпедің бе?

Одағай

1-§ Одағай сөздер туралы түсінік

Одағай сөздер, көбінесе, адам сезімінің алуан түрі күйін білдіретін дабыстар сияқты болып келеді. Бірақ олар жай ғана дыбыстар емес, жұртшылыққа әбден түсінік болып, белгілі дағды бойынша сөз ретінде пайдаланатын дыбыстар. Олар жұртшылыққа әбден түсінікті болып қалыптасқандықтан, жай ғана дыбыстардың қатарына шығып, белгілі сөзге айналған.

Толық мағынасы жоқ, сондықтан затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның әр түрлі көңіл-күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер **одағай** деп аталады. Одағай сөздер таңырқау, қуану, шаттану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, жекіру, күрсіну сияқты көңіл-күйлерін білдіреді немесе жан-жануарларды, малды шақыру, қуу үшін қолданылады. Мысалы: ***Япырмау**, қайда сол күндер?! **Қап**, барлық еңбектері далаға кетеді-ау?! **Мох-мох** кешкі тымық даланы басына көтерді.*

Берілген мысалдағы *япырмау, қап* деген одағайлар арманды, өкінгендікті білдіріп тұрса, *моһ-моһ* деп сиырға қаратылып я сиырды шақыру үшін айтылады.

Бірақ одағайда, біріншіден, лексикалық (негізгі) мағына болмайды. Екіншіден, сөйлемде одағайлар басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, оқшау айтылады. Сондықтан да одағай сөйлем мүшесі бола алмайды.

2-§ Одағайдың түрлері

Одағайлар ойға үстейтін мәніне қарай үш түрге бөлінеді.

1.Көңіл-күй одағайларышаттану, таңырқау, аңсау, қуану, ұнату, ренжу, түңілу, өкіну, шошыну, назар аудару сияқты мәнді білдіреді. Олар: *пәлі, ойпырай, алақай, пай-пай, бәрекелді, туһ, аһ, әй, еһе, әттең, өй, ой, қап, әттеген-ай, беу, ау, т.б.*

2.Жекіру одағайларыжекіру, тыйым салу, бұйыру сияқты мәнді білдіреді. Олар: *тәйт, тек, жә, т.б.*

3.Шақыру одағайлары мал, ит-құсты шақыру, қуумен байланысты мәнді білдіреді. Олар: *құрау-құрау, шөре-шөре, көс-көс, айт, қош-қош, моһ-моһ, құр-құр, кә-кә, пырс, т.б.*

Одағайлар сөйлемге, сөйлем білдіретін ойға қатысты болғанмен, ондағы жеке сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, оқшау айтылады.Әрі одағайдың толық мағынасы болмайды. Сондықтан одағайларға сұрақ қоюға болмайды, олар сөйлем мүшесі қызметін де атқара алмайды.

Одағай сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да қолданыла береді. Одағай сөйлемнің басында келсе, онан кейін үтір қойылады. Мысалы: ***Япырау***, осы сізге түсер пайда бар ма?!Одағай сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағына үтір қойылады. Мысалы:*Мұны бастаған кім,япырай,ә?!* *Соны айтшы,бәсе!*Әдетте,одағай сөйлемнің соңынан леп белгісі қойылады.Одағай ерекше көтеріңкі дауыспен айтылса,одағайдан кейін де леп белгісі қойылады.Мысалы:***Пай-пай! Шіркін,қазақтың келіндері-ай!***

Қайталанып айтылған одағайлар дефис арқылы жазылады: *құрау-құрау, най-най, әй-әй, құр-құр*, т.б.

Одағай сөздер өзінің мәніне сәйкес, яғни әр түрлі көңіл-күйін, жекіру мәндерді білдірумен байланысты диалогта, көркем әдебиетте жиі қолданылады.

Еліктеу сөз

1-§ Еліктеу сөз туралы түсінік

Айналадағы (табиғаттағы) әр түрлі құбылыстардың дыбыстарына, қимыл-әрекеттерге еліктеумен немесе олардың бейнелерімен байланысты туған сөздер **еліктеу сөздер** деп аталады. Мысалы: *тырыс* (етті), *сарт* (етті), *жалт* (берді), *саңқ* (етті), *былш* (етті), *шарт* (сынды), *гүрс* (етті), *тарс* (айрылды), *шық* (етті), *ду* (етті), *сырт* (ете қалды), *дыз* (ете түсті), *қолп* (ете қалды), *жалт-жұлт*, *қалт-құлт*, *бүгжең-бүгжең*, *арбаң-арбаң*, *сарт-сұрт*, *қаңғыр-күңгір*, *ыржың-ыржың*, т.б. Мысалдан анық көрінетіндей, еліктеу сөздердің басқа сөз таптарынан өзіндік ерекшеліктері бар.

Біріншіден, бұл сөздер айналадағы құбылыстардың әр түрлі дыбыстарына, есту арқылы және көру арқылы әр түрлі қимылдарына еліктеуден туған. Мысалы: *сарт* (етті), *саңқ* (етті), *гүрс* (етті), *қорс* (етті), *сарт-сұрт*, *бұрқ-сарқ*, *қаңғыр-күңгір*, *шарт* (сынды), *тасыр-тұсыр*, т.б. дыбысқа еліктеуді білдірсе, *жалт* (етті), *қалт-құлт*, *бүгжең-бүгжең*, *далақ-дұлақ*, т.б. әр түрлі қимыл, іс-әрекетке, құбылысқа еліктеуді көрсетеді. Сондықтан да олар **еліктеу сөздер** деп аталады.

Екіншіден, еліктеу сөздер, көбінесе, көмекші етістіктермен (негізінен *ет* сөзімен) тіркесіп немесе қайталанып келіп қолданылады.

Еліктеу сөздер айналадағы құбылыстар арасындағы әр түрлі қатынастарды бейнелі түрде дәл жеткізудің бір құралы болып табылады. Сондықтан да еліктеу сөздер, көбінесе, көркем әдебиеттерде жиі қолданылады.

2-§ Еліктеу сөздердің түрлері

Тілімізде семантикалық ерекшелігі жағынан да, грамматикалық сипаты жағынан да өзге сөз таптарынан оқшауланып тұратын, соған сәйкес, өз алдына бербес сөз табы ретінде қаралатын бір алуан сөздер **еліктеуіш сөздер** (мимема) деп аталады.

Еліктеу сөздердің бір тобы семантикалық мағыналары жағынан табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстармен байланысты болса, екінші тобының семантикалық мағыналары сол табиғаттағы әр қилы табиғи көріністердің бейнелерімен байланысты. Осы себептен бұл сөздер іштей екі салаға бөлінеді, бірінші тобы еліктеуіш (еліктеме) сөздер деп, екінші саласы бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер деп аталады.

Яғни, еліктеу сөздер мағынасы жағынан айналадағы әр түрлі дыбысқа және жеке қимылға, іс-әрекетке еліктеуді білдіруіне байланысты **еліктеуіш сөздер** және **бейнелеуіш сөздер** болып екіге бөлінеді.

Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысу-соқтығысуларынан туатын дыбыстарды, сондай-ақ, жан-жануарлардың дыбысталу мүшелерінен шығатын әр түрлі дыбыстары есітілу қабілеті арқылы белгілі-белгілі түсініктер арқылы қабылдаудан болған және сол түсініктердің атаулары есебінде қалыптасқан сөздерді айтамыз. Демек табиғатта заттардың қозғалуы, бір-бірімен қақтығысуы, соғылуы сияқты алуан түрлі қимыл, амал-әрекеттердің нәтижесінде әр түрлі дыбыстар пайда болады. Сол дыбыстарға еліктеу арқылы пайда болған сөздер **еліктеуіш сөздер** деп аталады. Мысалы: *Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап.*

Еліктеуіш сөздер есіту қабілеті арқылы пайда болатын түсініктердің аттарын білдірсе, бейнелеуіш сөздер табиғатта кездесетін белгілі-белгілі елес, құбылыстарды көзбен көру қабілеті арқылы туатын түсініктердің аттарын білдіреді.

Бейнелеуіш сөздер- табиғаттағы заттардың қозғалысын,күйін көру арқылы сипаттайтын бейнелейтін сөздер.Мысалы:*Кенеттен шыққан дауысқа Ботагөз «е»деуге үлгермей,жүрісін кілт тоқтатып,жалт қарады.Селт ете қалды кең далам.Селк ете қалды тау іші.*

Берілген мысалдағы *кілт* сөзі бірден,тез тоқтатуды,*жалт* етіп бұрылып карауды,*селк* сөзі бейғам даланың (тау ішінің)бірден шоши қозғалуын білдіріп тұр.

«Одағай», «Еліктеу сөз» тақырыптары бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Одағайға тән ерекшеліктер қайсы қатарда берілген?
 - A. Басқа сөздермен байланысқа түспейді.
 - B. Сөз бен сөзді байланыстырады.
 - C. Қимыл, іс әрекеттің белгісін білдіреді.
 - D. Заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы бейнелейді.
2. Күрделі еліктеу сөз қатысқан сөйлем қайсы қатарда берілген?
 - A. – Сауға, - деді саңқ етіп.
 - B.Сайдағы ауыл жақтан көп иттің арс-ұрс, шәу-шәуі естілді.
 - C. Тар бөлменің іші бұрқ етіп шаң-тозаңға толып кетті.
 - D. Шаңқ еткен мылтық үнінен Ұрқия да, қабан да көрінбей кетті.
3. Баяндауыш қызметін атқарып тұрған еліктеуіш сөз қайсы қатарда дұрыс берілген?
 - A. Үрінді қарды борт-борт басысып қос аттылы Бүркітті бауырын өрлеген.
 - B. Сейіт күтпеген сөзге селк етті.
 - C. Су түбінде малта тастар жылтырап, су сылдыр-сылдыр етеді.
 - D. Алаң да алаң, алаң жұрт, ақала ордам қоңған жұрт.
4. Шақыру одағайы қайсы қатарда?
 - A. Ойпырай!
 - B. Түү!

С. Шөре-шөре!

Д. Беу!

5. Көңіл-күй одағайы қайсы қатарда дұрыс берілген?

А. Тек!

В. Мәссаған!

С. Құрау-құрау!

Д. Айт!

6. Еліктеу сөз қандай қызмет атқарып тұр? *Қашан үйге жеткенше, артыңа жалтақ-жалтақ қарайды.*

А. Баяндауыш.

В.Пысықтауыш.

С. Анықтауыш.

Д. Бастауыш.

7. Бейнелеуіш сөз қайсы қатарда берілген?

А. Тарс.

В. Сыңғыр.

С. Жалт-жұлт.

Д. Арс-арс.

8. Өкінуді білдіретін одағай қайсысы?

А. Уау!

В. Әйда!

С. Моh-моh!

Д. Өттең!

9. Туынды еліктеу сөз жасайтын жұрнақтар қайсы қатарда берілген?

А. – ын, - ін, - н, - ыл, - іл.

В. – аң, - ең, - ың, - ің, - ң.

С. – ыс, - іс, - с, - ым, - м.

Д. – ғы, - гі, -қы, - к, - к.

10. Жекіру одағайы қайсы қатарда берілген?

А. Қос!

В. Шіркін-ай!

С. Уһ!

Д.Жә!

Синтаксис

Синтаксис туралы түсінік

Синтаксис-гректің *құру, біріктіру* деген мағынасын білдіретін сөз. Ол грамматиканың бірі саласы болып есептеледі де, сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысын, сөз тіркесін, сөйлемнің құрамы мен құрылысын, түрлерін және сөйлем мүшелерін зерттейді. Қазақ тілі синтаксисі үш салаға бөлінеді: **сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі.**

1-§ Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері

Сөйлемде сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады, сөйтіп барып белгілі бір ойды білдіре алады. Әрине, кез келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Бір-бірімен грамматикалық байланысқа түспеген сөздер бір-бірімен тіркеспейді де, сөз тіркесін де құрай алмайды. Сөздердің сөйлемде байланысуының белгілі заңдылығы бар, сөздер бір-бірімен белгілі бір тәсілдермен байланысады. Мысалы: *Сендер де атты қарасуға шықтыңдарма?* (С.Сейфуллин) деген сөйлемдегі сөздер бір-бірімен былай байланысқан: *сендер (де) шықтыңдар ма, қарасуға шықтыңдарма және атты қарасуға.*

Сөздердің сөйлемде байланысын түсініп, білудің мәні зор. Сөздер, біріншіден, байланысу тәсілдері арқылы тіркесіп, сөз тіркесін құрайды. Сондықтан сөздердің байланысу тәсілдері сөз тіркесіне негіз болады. Екіншіден, сөйлем мүшелері сөйлемдегі сөздердің байланысы арқылы анықталады. Сөйлем мүшесін анықтайтын сұрақтар сол сөздің байланысына

қарай қойылады. Мысалы, жоғарыдағы сөйлемді талдайық: *кімдер шықтыңдар ма?- сендер-бастауыш, сендер қайттыңдар?-шықтыңдарма?-баяндауыш, не мақсатпен шықтыңдар? –қарасуға -пысықтауыш, нені қарасуға? - атты – толықтауыш.*

Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер төрт түрлі тәсіл арқылы байланысады:

- 1) жалғаулар арқылы;
- 2) шылаулар арқылы;
- 3) сөздердің орын тәртібі арқылы;
- 4) интонация арқылы.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан байланысу түрлері болады. Ондай байланысу түрлері бесеу: **қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу.**

Бастауышпен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және I-III жақтарда жекеше я көпше түрде байланысуын **қиысу** дейміз. *Ілияс үйінен жүгіріп шықты.* Сөйлемдегі баяндауышпен бастауыш III жақта қиысып тұр. Егер *Ілияс* деген сөздің орнына *біз* деген I жақтағы сөзді қойсақ, баяндауыш өзгеріп, I жақ көпше түрде айтылады. *Біз жүгіріп шықтық.*

Ілік септік жалғауы сөзбен тәуелдік жалғауы сөздің байланысу түрін **матасу** деп айтады. *Менің әкем Бауыржанның батырлығын, қамқорлығын айтып отырушы еді.* Осындағы *менің әкем, Бауыржанның батырлығы, Бауыржанның қамқорлығы* тіркестері матаса байланысып тұр.

Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардағы сөздің атау мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғану не шылаулар арқылы байланысу түрін **меңгеру** деп айтады.

Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. Сөйлемдегі *Қызылжардан қайтып еді* меңгеріле байланысып тұр.

Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін **қабысу** деп ааймыз.

Одағым десем ойыма, Айдын шалқар көл түсер. Осындағы *айдын шалқар көл* дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

Басыңқы сыңары мен бағыныңқы сыңарының орын таңдамай, жақын да, қашықта тұруы арқылы байланысу түрі **жанасу** деп аталады. Мысалы: *Ол мектепті биыл бітірді* деген сөйлемде *биыл* сөзі *бітірді* деген сөзге қатысты болып, оны тұрған орны арқылы байланысқан. Кейде *Ол биыл мектепті бітірді* немесе *Биыл ол мектепті бітірді* болып, араға сөз салып та байланыса береді.

2-§ Сөз тіркесі

Сөйлемде сөздердің бір-бірімен байланысуы негізінде сөз тіркесі жасалады.

Толық мағаналы, кем дегенде екі сөздің өзара сабақтаса, бірі екіншісіне бағына байланысуын **сөз тіркесі** деп атайды. Тіркестегі бағындырып тұрған сөз **басыңқы** деп, басыңқыға бағынып тұратын сөз **бағыныңқы** деп аталады. Мысалы, *самал жел, оқыған жігіт* деген *самал, оқыған-* бағыныңқы сыңарлар, *жел, жігіт-*басыңқы сыңарлар. Мысалы, *ағаш үй, алтын сағат, темір күрек, ойлап сөйлеу, ақырын жүру* дегендер-жай тіркес те, *ақ боз ат, ойға беріліп кетпеу, жүз шақты кісі, теңіз жағасында жүру, сары ала тон* дегендер-күрделі тіркестер. Өйткені бұл тіркестерсөз бен күрделі сөздердің өзара бірі екіншісіне бағына байланысуы арқылы жасалған. Сөздер бір-бірімен тіркескенде, кейбірі есім сөздің, кейбірі етістіктің айналасына топталады. Осыған сәйкес сөз тіркесі **есімді сөз тіркестері** және **етістік сөз тіркестері** болып екіге бөлінеді. Есімді сөз тіркестерінің сыңарлары бір-бірімен қабыса, матаса, меңгеріле байланысады. Қабыса байланысқан есім сөз тіркестерінің құрамы былай болады.

1.Зат есімді тіркестер:*алтын қасық, темір балға;*

2.Сын есім мен зат есім тіркесі:*ақ құба жігіт, боз інген, сұлу қыз;*

3.Сан есім мен зат есім тіркесі:*бес ешкі, алты комбинат;*

4.Есімше мен зат есім тіркесі:*жаңарған дала, дамыған ел;*

5.Есімдіктер мен зат есім тіркесі:*сол сәт, бұл фабрика.*

Матаса байланысқан есім сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары ілік септігіндегі зат есім немесе заттанған сөздер, бағыныңқы сыңары тәуелдік жалғауындағы зат есім немесе заттанған сөздер болады.

«Синтаксис»тақырыбы бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. «Синтаксис» деген сөздің бастапқы мағынасы не?

А. Нүкте, көп нүкте.

Б. Құрастыру, жамау.

С. Біріктіру, байланыстыру.

Д. Сөз байлығын зерттеу.

2. Төмендегі сөйлем қандай тәсіл арқылы байланысқан? *Мынау – менімен ауылдас жігіт.*

А. Интонация.

Б. Шылаулар арқылы.

С. Жалғаулар арқылы.

Д. Сөздердің орын тәртібі арқылы.

3. *Орындалған арман, сегізінші сынып, алтын дән, ағаш қасық, бұл мектеп* – қалай байланысып тұр ?

А. Матаса.

Б. Қабыса.

С. Қиыса.

Д. Меңгеріле.

4. Сөз бен сөздің ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысуы қалай аталады ?

А. Меңгеру.

Б. Қабысу.

С. Қиысу.

Д. Матасу.

5. Сөз тіркесі неше түрге бөлінеді?

А. 5.

Б. 2.

С. 3.

Д. 4.

6. Берілген тіркестерден есімді тіркесті табыңыздар?

А. Малшыға камқорлық, мерекеге ұласу.

Б. Сақ-сақ күлу, барлық халық.

С. Суыққа шыдамды, шошқа сақалды.

Д. Жалықпай іздену, бетегеден биік.

7. Анықтауыштық қатынасқа қандай байланыс түрлері енеді?

А. Матаса, қиыса.

Б. Меңгеріле, матаса.

С. Меңгеріле, қабыса.

Д. Матаса, қабыса.

8. Басыңқы сөз дегеніміз не?

А. Тірек сөздің мағынасын нақтылап, даралық сипат беретін сөздер.

Б. Сөздердің бір-бірімен тіркесімділігі.

С. Сөз тіркесін жасауға тірек болатын сөздер.

Д. Сөздердің тек орын тәртібі арқылы байланысқан тобы.

9. *Кеше мәдениет сарайын бәріміз көрдік-* сөйлемдегі сөздердің байланысын не деп атаймыз?

А. Матасу.

Б. Қиысу.

С. Меңгеру.

Д. Жанасу.

10. *Халықтың еңбегі, шамның жарығы*-дегенде сөздер қалай байланысып тұр?

А. Жанаса.

Б. Меңгеріле.

С. Қиыса.

Д. Матаса.

ЖАЙ СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ

1-§ Сөйлем туралы түсінік

Сөйлем – ойды білдіре алатын тілдің ең кіші бөлшегі. Сөйлемнен кіші тілдік бөлшектер, мысалы, жеке сөздер, сөз тіркестері ойды білдіре алмайды, олар тек жалаң (жеке сөздер) я күрделі (сөз тіркестері) ұғымды ғана білдіре алады. Мысалы: *Шай алдында тысқа шығып, далада бой жазып жүрген уақытта Тоғжан жатқан үйді ойша іздеді. Сүйіндіктің үлкен үйіне жақын тұрған кішілеу ақ үй бар. Асылбектің отауы болуы керек.* Бұл мысалда бір-біріне жалғасқан 3 түрлі ой айтылған:

- 1) (Абайдың) Тоғжан жатқан үйді ойша іздеуі;
- 2) Кішілеу ақ үйдің орналасуы;
- 3) Оның (Асылбектің) отауы болуы.

Әрбір ой әрбір сөйлемге қатысты. Сондықтан да кез келген сөйлемін жеке алып қарасақ, осы көрсетілгендей, белгілі ойды білдіреді. Ал сол сөйлемдерді құрап тұрған жеке сөздер мен сөз тіркестері ой білдіре алмайды: *шай, тысқа, шай алдында шығып, үйді іздеді*, т.б. дегендер тек ұғымды, түсінікті білдіреді. Соңғы тіркес (*үйді іздеу*) ойды білдіріп, сөйлем болып тұрған сияқты. Ондай мән білдіріп *тұруыздәді* деген баяндауыштың тиянақты, жақ тұлғасында тұрып, ол (*Абай*) деген бастауышпен қиысып қолданылуы да ойда әбден қалыптасқандығынан екенін естен шығармау керек.

Сөйтіп, *біршама тиянақты ойды білдіре алатын сөздер тобын* (кейде жеке сөзді де) **сөйлем** дейміз.

Сөйлем – жеке сөзден де, сөз тіркесінен де бөлек бірлік. Сөйлем, әдетте, бірнеше сөздер тобынан тұрады: ой білдіруге тікелей қатысты тұрлаулы (бастауыш пен баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелер сөйлем құрайды. Бірақ кей сөйлемде сөздердің көбі түсіп қалып та жұмсалады, қойылған сұраққа бір сөзбен жауап беріледі, мекендік, мезгілдік ұғымды білдіру үшін бөлек-бөлек сөйлемдер арасында атаулық мәнде жеке сөздер қолданылып, сөйлем мәнінде жұмсалады. Міне, осындай ерекшеліктерді ескеріп, сөйлем жеке сөзден де тұрады дейміз. Мысалы: *Оспан мен Смағұлды жалындырып алды да, екі үйректі, қанжығасынан шешіп беріп жатып:*

Ертеңді-кеш суды лайлағанша, тым құрыса бүлдірген терсеңдерші, - деді.

Бүлдірген?! (М.Әуезов)

Түн. Қаранғылық. Алып шахта құрылысына қарай Рахмет келе жатыр. (С.Ерубаев)

Бірақ жеке сөзден тұратын сөйлем сол контекст ішінде ғана сөйлем деп танылады, оның сөйлем болу қасиеті сол контекстегі алдыңғы, соңғы сөйлемдерге тікелей қатысты. Берілген мысалдағы *бүлдірген, түн, қаранғылық* деген сөздерді контекстсіз тұрғанда сөйлем деуге болмайды.

Сөйлем ойды білдірумен бірге екінші бір ерекшелігі оның белгілі дауыс ырғағы, интонациясы болады. Сөйлем тұлғасы жағынан да тиянақты болады. Сөйлемнің тұлға жағынан тиянақтылығы, көбіне, ондағы баяндауыш тұлғасына байланысты болады да, сол тұлғада сөйлемді аяқтап бітіруге болады. Мысалы: *Айша келіншектің қасына келді* деп сөйлемді аяқтауға болады да, *Айша келіншектің қасына келіп* (немесе *келсе, келгелі* т.б.) деп сөйлемді аяқтап бітіруге болмайды.

Ал дауыс ырғағы, интонация жағынан сөйлемнің тиянақтылығы сөйлем соңында дауыс ырғағының бәсеңдеп барып бітетін кідірістен көрінеді. Оны

сызбамен былай көрсетуге болады: астыңғы сызық – сөйлем де, үстіңгі сызық – дауыс ырғағының басталып, көтеріліп, бәсеңдеп кідіруі.

Жазуда сөйлем бір-біріне айтылу мақсатына лайық нүкте, леп белгісі, сұрау белгісі сияқты тыныс белгілері арқылы ажыратылады. Әр сөйлем бас әріппен басталып жазылады.

2-§ Сөйлемнің түрлері

Бір ғана ойды білдіріп, бір ғана интонациямен айтылатын сөйлем **жай сөйлем** деп аталады да: екі я одан да көп жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемді **құрмалас сөйлем** дейміз. Мысалы: *Өзі мықтап жүдепті. Тар қапастан шыққанмен, бірақ сағы сынбаған.* Бірінші сөйлемде *өзінің мықтап жүдеуі* туралы бір ғана ой айтылса, екінші сөйлемде *(ол) тар қапастан шықса да (бір ой екінші оймен жалғасып), сағы сынбау туралы* (қарсылық мәндегі күрделі ойға ұласып кеткен) күрделі ой білдіріп, құрмалас сөйлем болып тұр. Ол айырмашылық бұл сөйлемдердің интонациясынан да байқалады.

Сөйлем айтылу мақсатына қарай **хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлем** болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлем - айтылу мақсаты хабарлау, суреттеу, баяндауды білдіретін сөйлемнің түрі. Мысалы: *Мен жалақы алдым.*

Сұраулы сөйлем - жауап алу мақсатымен қарай айтылған сөйлем.

Сұраулы сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

а) сөйлемде сұрау есімдігінің қолданылуы арқылы: *не үшін?*

ә) *ма, ме, ба, бе, па, пе, ша, ше* шылауларының қолдануы арқылы: *Жерім жаман ба?*

б) *гой, қой, ау, еу* шылауларының; *ә, сірә* сияқты оқшау сөздердің; *болар, шығар, қайтеді, білемін* деген көмекші сөздердің сұрау мәнінде қолданылуы арқылы:

– *Осы гой алған жоспары? – Иә, осы.*

в) сұрау интонация арқылы: *Япырай, ие бермей кетпесе?*

Бұйрықты сөйлем - біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылған сөйлем.

Бұйрықты сөйлемде интонация біркелкі бола бермейді: бірде хабарлы сөйлем интонациясымен айтылса, бірде лепті сөйлем интонациясымен айтылады да, соған сәйкес сөйлем соңында нүкте(.) я леп белгісі(!) қойылады. Бұйрықты сөйлемнің баяндауышы етістіктің бұйрық рай тұлғасынан және бұйрық не шартты рай тұлғасына тілек-өтініш мәнді *-шы, -ші* жұрнағының үстеуі арқылы жасалады. Мысалы: *Бар! Шан! Жиып кел тегіс! – деді...*

Лепті сөйлем - айтушының көңіл күйін (қуану, ренжу, зеку, алу, өкіну, т.б.) білдіретін сөйлем.

Лепті сөйлем ерекше әуенмен айтылып, дауыс ырғағы сөйлем соңында да көтеріңкі қалыпта болады. Соған сәйкес сөйлем соңында леп белгісі (!) қойылады: *Құнанбай қатты зекіп қалып:*

– Жә, тоқтат! – деді

«Жай сөйлем» тақырыптары бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Зат пен құбылыстың атауы не деп аталады?

- А. Сөз.
- Б. Сөйлем.
- С. Буын.
- Д. Дыбыс.

2. Бір нәрсенің жайы туралы хабарлай айтылған сөйлемді қандай сөйлем дейміз?

- А. Бұйрықты сөйлем.
- Б. Хабарлы сөйлем.
- С. Лепті сөйлем.
- Д. Сұраулы сөйлем.

3. *Жаңбыр жауып тұр.* Берілген сөйлем қандай сөйлем?

А. Бұйрықты сөйлем.

Б. Сұраулы сөйлем.

С. Лепті сөйлем.

Д. Хабарлы сөйлем.

4. Бір нәрсенің жайы туралы сұрақ қойыла айтылған сөйлемді қандай сөйлем дейміз?

А. Бұйрықты сөйлем.

Б. Хабарлы сөйлем.

С. Сұраулы сөйлем.

Д. Лепті сөйлем.

5. *Мынау сіздің оқушыңыз ғой?* Берілген сөйлем айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем?

А. Хабарлы сөйлем.

В. Лепті сөйлем.

С. Сұраулы сөйлем.

Д. Бұйрықты сөйлем.

6. *Жұматай жолдан адаспасын.* Берілген сөйлем айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем?

А. Бұйрықты сөйлем.

В. Лепті сөйлем.

С. Сұраулы сөйлем.

Д. Хабарлы сөйлем.

7. Хабарлы сөйлем қайсы қатарда берілген?

А. Ал, сосын!

В. Ойсыздарға қосылма!

С. Жел де жоқ.

Д. Қайдағы жау?!

8. Бұйрықты сөйлем қайсы қатарда?

А. Егіс көлемін ұлғайт!

В.Тіл қандай?

С.Ал, Жамал ше?

Д.Бұл сен бе?

9.Сұраулы сөйлем қайсы қатарда беріген?

А.Қарағым,тоқтай тұршы.

В.Мектептің кең залы.

С.Сен жазып келген шығарсың?

Д.Дала айдай жарық.

10.Тыныс белгісі дұрыс қойылған белгі қайда?

А.Жарайсың қалқам?!

В.Енді мені ұрайын деп пе едің?!

С.Тәйт, тыныш отыр.

Д.-Рас па?-деп бажырая қарады.

Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері – сөйлем құрауға қатысқан толық мағыналы, белгілі бір сұраққа жауап беретін және сөйлемдегі басқа сөздермен байланысып тұратын сөздер. Сөйлем мүшелері – сөздердің мағыналық тұрғыдан өзара тіркесуі нәтижесінде синтаксистік қызметте жұмсалатын сөйлемнің дербес бөлшектері. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен мағыналық байланыста болады, сол байланыс негізінде грамматикалық мағынаға ие болған сөздер, сөз тіркестері сөйлем мүшелері қызметін атқарады. Сөйлем мүшелері қызметінде сөйлемнің дұрыс құрылуының, әр сөздің өз орнында жұмсалуды мен ой желісі, стильдік жағынан нақты болуының орны ерекше.

Сөйлем мүшелері құрамына қарай 3топқа бөлінеді: *дара мүше, күрделі мүше, үйірлі мүше.*

1-§ Бастауыш және оның жасалуы

Бастауыш деп сөйлемде атау септік тұлғасында тұрып, ойдың иесі болатын тұрлаулы сөйлем мүшесін атаймыз.

Бастауыш *кім?, не?, кімдер?, нелер?, кімім?, нем?, кімің?, нең?, кімі?, несі?, қайсысы?, қаншасы?, нешеуі?* деген сұраулардың біріне жауап береді.

Мазмұны [жасыру]

1. Бастауыш болатын сөз таптары;
2. Дара бастауыш;
3. Күрделі бастауыш;

Бастауыш болатын сөз таптары.Сөйлемде бастауыш әр түрлі сөз табынан бола береді:Зат есімнен болады.Есімдіктен болады.Мысалы: *Бұл - менің келешектен күткен үмітім.*Сан есімнен болады.Мысалы: *Алты екіге бөлінеді.*

Заттық мағынада қолданылып, атау тұлғада тұрған сын есім, есімше және тұйық етістік сөйлемде бастауыш бола алады. Мысалы: *Жақсы* (сын есім) - *көпке ортақ* (мақал). *Оқыған* (есімше) *білер әр сөзді* (Абай). *Отанды қорғау* (тұйық етістік) - *абыройлы іс*.

Заттық мағынаға ие болып, бастауыштың сұрауына жауап беретін үстеу, одағай, шылау сөздер де бастауыш бола алады. Бірақ бұлар сөйлемде өте сирек кездеседі.

Мысалы: *Жалқаудың ертеңі бітпес* (мақал). *Сенің ойпырмайың қашан қалады?**Және* - жалғаулық шылауы.

Дара бастауыш - жеке бір сөзбен айтылған бастауыш.Күрделі бастауыш деп екі я бірнеше сөздің тізбегінен жасалып, бір-ақ ұғымды білдіретін бастауышты атайды.

Күрделі бастауыш мына сияқты жолдармен жасалады. Екі я бірнеше сөздердің тіркесінен құралған зат атауы.Мысалы: *Каспий теңізі - әлемдегі ең үлкен көл боп саналады.*

Қос сөз түріндегі зат есімдер. Мысалы: *Әке-шешем жасымда асырады, бақты, адам қылды.*Ашық я жасырын түрдегі ілік жалғаулы зат есім мен көмекші есімдердің тізбегі.Мысалы: *Үй іші енді тып-тыныш.*

Сын есім тіркесі.Мысалы: *Үш салт алтты тіл қатыспай жүріп келеді.*

Кейде зат есім мен есімшеден, зат есім мен сын есімнен құралған сөз тізбектері күрделі бастауыш болады.

Мысалы: *Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады* (мақал).

Тұлғасына қарай күрделі және бөлшек сан есімдер де сөйлемде күрделі бастауыш бола береді.

Мысалы: *Жиырма бес маған тағы қайтып келді.*

2-§ Баяндауыш және оның жасалуы

Баяндауыш деп сөйлемде бастауыштың қимылын, ісін, жай-күйін, кім, не екенін білдіріп тұратын тұрлаулы сөйлем мүшесін атаймыз.

Баяндауыштар, көбінесе, сөйлемнің соңында тұрады да, *не істейді?, не болды?, не етеді?, қайтеді?, қандай?, қанша?, кім?, не?* деген сұрауларға жауап береді.

Баяндауыш болатын сөз таптары. Етістіктер мына тұлғаларда айтылып, баяндауыш болады: ашық райдағы етістіктер. Мысалы: *Мен бір аса маңызды жұмыспен келіп отырмын.* Бұйрық және қалау райларындағы етістіктер. Мысалы: *Ғылым таппай мақтанба. Кел балалар оқылық. Ол сағат жетіге шейін қайтса игі еді.*

Тұйық етістіктің атау түрі мен жатыс жалғаулы түрі. Мысалы: *Дұрыс жазуға үйренудің бір жолы — кітапты көп оқу.* Есімшелер. Мысалы: *Аяңшыл ат арымас.*

Есім сөздер (зат есім, сын есім, сан есім) және есімдіктер ешқандай жалғаусыз да, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары және жатыс септік жалғауы қосылып та баяндауыш болып келе береді. Мысалы: *Ердің сынышысы — елі.*

Мезгіл және мекен үстеулері (*ілгері, кейін, жоғары, төмен, ертең, кеш, былтыр, күндіз, т.б.*) атау тұлғада, кейбіреулері жатыс септікте тұрып та баяндауыш болып келе береді. Мысалы: *Киноға баруға уақыт тым кеш.*

Дара және күрделі баяндауыш. Дара баяндауыш — жеке бір сөзден болған баяндауыш. Күрделі баяндауыш деп екі я одан да көп сөздерден құралып, бір-ақ ұғымды білдіретін баяндауышты атайды.

Күрделі баяндауыштар келесі жолдармен жасалады: күрделі етістіктен, есім сөздер мен көмекші етістіктер; ілік септіктегі есім сөздер мен көмекші есімдердің тіркесуі арқылы жасалады; күрделі сан есімнен болады; есім сөздер мен мөлшер, өлшемнің бірлігін білдіретін сөздердің тіркесінен болады; *жоқ, бар, тиіс, жөн, керек, қажет* сияқты сөздер мен көмекші етістіктер тіркесіп келіп те, күрделі баяндауыш жасалады.

Мысалы: *Мына төсекте сақалы ербиіп жатқан – осы **Нагиманың ері.***
*Кәсібі – **ағаш шабу*** (Б.Майлин).

«Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» тақырыбы бойынша ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Сөйлем мүшелері нешеге бөлінеді?

А. Екіге.

В. Үшке.

С. Беске.

Д. Алтыға.

2. *Бұл-үлкен үй.* Бұл сөйлемде бастауыш қай сөз табынан жасалған?

А. Зат есім.

В. Сын есім.

С. Есімдік.

Д. Етістік.

3. *Ақылды ісіне сенеді.* Бұл сөйлемде бастауыш қай сөз табынан жасалған?

А. Зат есім.

В. Сын есім.

С. Сан есім.

Д. Есімдік.

4. *Үшеуі сыртқа шықты.* Мұнда бастауыш қай сөз табынан жасалған?

А. Зат есім.

В. Сын есім.

С. Сан есім.

Д. Үстеу.

5. *Бірыс алды –ынтымақ.* Бұл сөйлемде күрделі бастауыш қалай жасалған?

А. Сөз тіркесінен.

В. Негігі сөз бен көмекші етістік.

С. Тұрақты тіркестен.

Д. Есімдік.

6. *Бұл- үлкен үй.* Бұл сөйлемде баяндауыш қай сөз табынан жасалған?

А. Зат есім.

В. Сын есім.

С. Сан есім.

Д. Есімдік.

7. *Дала тап-таза.* Мұнда баяндауыш қай сөз табынан жасалған?

А. Зат есім.

В. Сын есім.

С. Етістік.

Д. Үстеу.

8. *Менің айтарым осы.* Мұнда баяндауыш қай сөз табы?

А. Зат есім.

В. Есімдік.

С. Етістік.

Д. Есімдік.

9. Қай сөйлемде баяндауыш сан есімнен жасалған?

А. Екіншісі тау жолы.

В. Оның нөмері-он үш.

С. Төрт екіге бөлінеді.

Д. Үшеуі сыртқа шықты.

10. Төмендегі жауаптардың қасысында сын есімнен жасалған бастауыш кездеседі?

А. Менің айтарым осы.

В. Күн суытты.

С. Өнерлі өрге жүзеді.

Д. Бұл- үлкен үй.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері

1-§ Толықтауыш

Сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, бір мүшені заттық мағына жағынан толықтырып тұратын тұрлаусыз мүшені толықтауыш дейді. Толықтауыштың сұрақтары: *кімді?, нені?, кімге?, неге?, кімде?, неде?, кімнен?, неден?, кіммен?, немен?, неден?, кіммен?, немен?, кім(не) туралы?, кім (не) жөнінде?, кім (не) жайында?*

Толықтауыш құрамына қарай бір сөзден ғана болып, дара толықтауыш және бірнеше сөзден, сөз тіркесінен, күрделі сөзден құралып, күрделі толықтауыш болып бөлінеді. Мағынасы мен тұлғасына қарай тура толықтауыш және жанама толықтауыш болып екіге бөлінеді. Табыс септік тұлғасындағы толықтауышты **тура толықтауыш**, атау, ілік, табыстан басқа септіктердің бірінде немесе *туралы, тақырыпты, жөнінде, жайында* деген септеулік шылаулардың тіркесінен болған толықтауышты **жанама толықтауыш** дейміз. Сөйтіп, *табыс септігінің сұрағына (кімді?, нені?)* жауап беретін сөз тура толықтауыш болады да, *барыс (кімге?, неге?), жатыс (кімде?, неде?), шығыс (кімнен?, неден?), көмектес (кіммен?, немен?)* септіктердің және *кім (не) туралы?, кім (не) жайында?* тәрізді сұрақтардың

біріне жауап беретін сөз **жанама толықтауыш** болады. Тура толықтауыш сабақты етістікпен ғана байланысып қолданылады.

Толықтауыш пен толықталатын сөздің арасындағы байланыс түрі меңгеру болады, өйткені толықтауыш белгілі септік (табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес) тұлғасында немесе *туралы, жайында, жөнінде, тақырыпты* деген шылаулар арқылы толықталатын сөзге бағына (меңгеріле) байланысады.

Толықтауыш зат есім мен есімдіктен, атау мен іліктен басқа септік тұлғаларының бірінде тұрып заттанған өзге де сөз таптарынан (сан есім, сын есім, етістіктің есімше, тұйық етістік түрлері), негізгі сөздің *туралы, жөнінде, жайында* деген шылаулармен тіркесінен болады. Мысалы: *Тәңірберген жаз бойы теңіз жағасын торуылдап кетті. Қарт ана балаларын өлдіге қимайды. Еламан қарт балықшыдан бұл ауылдың таяуда ауыр қазаға ұшырағанын есіткен-ді* деген сөйлемдерде *теңіз жағасын (нені торуылдап кетті?), балаларын (кімді қимайды?), қазаға ұшырағанын (нені есіткен-ді?)* сөздер мен тізбектер сабақты етістіктерге табыс септік жалғауы арқылы меңгеріліп, тура толықтауыш болып тұр, ал *өлдіге (неге қимайды?), балықшыдан (кімнен есіткен-ді)* деген сөздер барыс (-ге), шығыс (-дан) септік жалғаулары арқылы меңгеріліп, жанама толықтауыш болып тұр. *Балаларын және балықшыдан* дегендер зат есімнен болған, *өлдіге* деген етістік тұлғасының барыс септігі арқылы заттанып қолданылуынан болған дара толықтауыштар да, *теңіз жағасын* екі зат есімнің (*теңіз және жаға*) тіркесуінен, *қазаға ұшырауынан* тұрақты тіркестен болған күрделі толықтауыш болып саналады.

2-§ Анықтауыш

Сөйлемде зат есімнен болған не заттық мағынада қолданылған мүшені сын-сапалық, сан-мөлшерлік, меншіктілік-қатынастық жағынан анықтап тұратын тұрлаусыз мүшені **анықтауыш** дейді.

Анықтауыш *қандай?, қай?, кімнің?, ненің?, қайдағы?, қашанғы?, қанша?, неше?, нешінші?, қайткен?, не еткен?* деген сұрақтардың біріне жауап береді.

Анықтауыш негізгі және туынды сын есімдерден, сан есіммен, есімдіктен, түбір тұлғалы зат есімнен, етістіктің есімше түрінен, ілік септік жалғанған зат есімдер мен заттанған сөздерден болады. Құрамына қарай анықтауыш бір сөзден болып дара анықтауыш, сөз тіркесі, күрделі сөз бен тұрақты тіркестерінен құралып күрделі анықтауыш болады.

Анықтауыш ілік септік тұлғасында ашық я жасырын(түсіп қалып) түрінде келіп, анықталатын сөзбен матаса байланысады да, ешбір жалғаусыз айтылса, орын тәртібі арқылы анықталатын сөзбен қабыса байланысады. Мысалы:*Екі қыздың еңіреген үні алқаптың үстіндегі кештің әуесін қозғап ызыңдатты. Ал, бұл жалпақ бет, жалпақ жауырынды қара жігіт дамыл көрмей қысы-жазы солардың жылқысын бағады. Ашынған әйел мән-жайын айтады.* Бірінші сөйлемде *екі* деген анықтауыш сан есімнен болып (неше қыз?), *қыз* сөзімен қабыса байланысып, *қыздың* және *кештің* деген анықтауыштар ілік септік жалғауы арқылы (кімнің үні?, ненің әуені?) *үні* және *әйелі* сөздерімен матаса байланысып, *еңіреген* деген анықтауыш етістіктің есімше түрінен болып (*қандай* немесе *қайткен үні?*), орын тәртібі арқылы *үні* сөзімен қабыса байланысып тұр. Бұлар- дара анықтауыштар.

Жалпы алғанда, анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады.

3-§ **Пысықтауыш**

Сөйлемде іс-әрекет, қимылдың жай-күйін, амалын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүшені **пысықтауыш** дейді. Пысықтауыш *қалай?, қайтін?, қашан?, қайда?, қайдан?, неліктен?, не*

себептен?, кім үшін?, не үшін?, не істеуге?, не мақсатпен?, не арқылы?, кім арқылы?, неше рет? деген сұрақтарға жауап берді.

Пысықтауыш болатын сөз табы – **үстеу**. Сонымен бірге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі зат есімдер, кейде сын есім мен сан есім, етістіктің көсемше түрі, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз бен *қарай, таман, шейін, дейін, бола, соң, кейін, ары, бері, бұрын, бірге, қабат, қатар* және септік тұлғасыз сөз бен *арқылы, арқасында, үшін, сайын* септеулік шылауларының тіркесінен құралған тізбектер де пысықтауыш қызметін атқарады.

Пысықтауыш барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктің бірінде тұрған сөзден немесе негізгі сөз бен септеулік шылаулардың біреуінің тіркесінен болғанда, пысықталатын сөз арасындағы байланыс меңгеру де, ешбір жалғаусыз, септеулік шылауларсыз қабыса байланысады. Үстеуден болған пысықтауыштар өзі пысықтайтын сөзімен іргелес те, алшақ та тұрып байланыса береді. Құрамы жағынан пысықтауыш дара және күрделі болып, мағынасы жағынан пысықтауыш бес түрге бөлінеді: **қимыл-сын пысықтауыш, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, себеп пысықтауыш, мақсат пысықтауыш.**

4-§ Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Бір сұраққа жауап беретін, бір ғана қызмет атқаратын, бір ғана мүшемен байланысатын екі яодан көп мүшелерді **бірыңғай мүшелер** дейді.

Бірыңғай мүшелер, көбінесе, тұлғалас болып келеді де, өзара салалас, бірде жалғаулықтар арқылы, бірде жалғаулықсыз дауыс ырғағымен байланысып, бір ғана мағынаға қатысты болады. Сөйлемнің барлық мүшесі де: бастауыш та, баяндауышта, толықтауыш та, анықтауыш та, пысықтауыш та бірыңғай мүше бола алады. Мысалы: *Ел жата **Есбол, Еламан, Рай** келеді. Шиделі **күнілі**, сеңсең **тымақты**, бұжыр қара кісі ат үріккен жаққа жылан көзін жылдам тастады да, тізгінін сәл тежеді. Құланиек **таңды**, шашырап*

шыққан **күнді** оған биік таулар көрсетпеді. Бет-аузына адам тура қарай алмайтын қара шұбар орта бойлы Еснейге аға сұлтан әрі **таңдана**, әрі **қауіптен**е қарайтын еді.

Бірыңғай мүшелер бір-бірімен ешбір жалғаулықсыз да, жалғаулықтар арқылы да байланыса береді. Бірыңғай мүшелерді ыңғайлас жалғаулықтар (*да, де, та, те, әрі, және, мен, бен, пен*), талғаулы жалғаулықтар (*я, не, немесе, әлде*), қарсылықты жалғаулықтар (*бірақ, дегенмен, әйтсе де*), кезектес жалғаулықтар (*бірде, біресе, кейде*) байланыстырады.

Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса, олардың арасына үтір қойылады. Мысалы: *Осының бәрін бір сұмдықпен, қулықпен істемейді.* Сондай-ақ жалғаулық бірыңғай мүшенің әрқайсысымен қайталанып қолданылса да арасына үтір қойылады. Мысалы: *Ол-батыр, бірақ қолбасы емес.* Бірыңғай мүшелердің арасында қайталанбай келген *мен, бен, пен, және* жалғаулықтары болғанда және *да, де, та, те, әрі, не, немесе, яки* қайталанбай бір-ақ рет келгенде үтір қойылмайды. Мысалы: *Олжабек пен Жамал қоңыр шоқыны бетке ұстап тарта берді. Ашық та ақ жарқын сөйлейтін сырлас адамдар екен.*

Бірыңғай мүшелер екеу болмай, одан көп болып, олар жалғаулықсыз байланысып, тек соңғы екеуі ғана жалғаулық шылау арқылы байланысса, жалғаулықсыз жерде үтір қойылады да, жалғаулық арқылы байланысқан жерге үтір қойылмайды. Мысалы: *Бұхара, Ташкент, Түркістан және Жоңғар қалмақтары билеушісі Қалдан Шерінің күнгей шығыс маңын қоныстанады.*

Сөйлемде бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, барлық бірыңғай мүшенің ортақ жинақтау аты-есемінде айтылатын да сөздер бар. Олар **жалпылауыш сөз** деп аталады.

Жалпылауыш сөз **сілтеу** (мыналар), **жалпылау** (бәрі, баршасы, барлығы) есімдіктері мен **жинақтау сан есім, зат есімдеріне** болады.

Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, одан кейін қос нүкте қойылады. Бұндай жағдайда егер бірыңғай мүшелерден кейін оған ұқсас

сөздер тұрса, бірыңғай мүшелерді одан ажырату үшін, ол мүшенің алдынан сызықша қойылады. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, оның алдынан сызықша қойылады.

5-§ Айқындауыш

Сөйлемде кейде бір сөзді я сөздер тізбегін басқа бір сөз я сөздер тізбегі айқындап, дәлдеп түсіндіріп тұрады. Мысалы: *Өзі әнші, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызғана да, тамашалай да қараған еді.* Бұл сөйлемде *екеуі* деген сөзді (бастауышты) *бірі кәрі, бірі жас бала* деген сөздер тіркесі айқындап, нақтылап, яғни екеудің нақты кімдер екенін анықтап тұр. Сондықтан да бұл (*екеуі*) сөздің сөйлемде атқаратын қызметіне, грамматикалық байланысына айқындауыштың қатысы болып отырады: *кім қараған еді? – екеуі де*, яғни *бірі кәрі, бірі жас бала* – бастауышты айқындап тұр және бастауыш мәнінде атау тұлғада *қараған еді* деген баяндауышпен байланысып тұр. Міне, осындай белгілі бір мүшені (сөзді) заттық, мекендік, мезгілдік т.б. жағынан дәлдеп, айқындап, түсіндіріп тұратын сөз я сөздер тобы **айқындауыш** деп аталады. Кейде бұндай айқындауышты **оңашаланған айқындауыш** деп те атайды да, өйткені ол өзі айқындайтын мүшені оңашалап, ерекшелеп тұрады және одан кейін тұрады.

Оңашаланған айқындауыш бастауышты ғана емес, басқа мүшелерді: пысықтауышты, толықтауышты, тіпті кейде анықтауышты да айқындай береді. Мысалы: *Абай былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есембайдан кеткен болатын. Біздерге, қарттарға, жастар сияқты өмір сүруге тура келеді.*

Оңашаланған айқындауыш, әдетте, сөйлемде екі жағынан үтірмен ажыратылады. Кейде оңашаланған айқындауыштың өз ішінде немесе айқындалатын сөздер тізбегінде үтір болса, екі жағынан сызықшамен де ажыратылады.

6-§ Үйірлі мүше

Сөйлемде күрделі мүше тәрізді бір сөзге қатысты болып, бір сұраққа жауап беретін, бірақ өз ішінде сөйлемдік қасиеті бар сөздердің синтаксистік тобы **үйірлі мүше** деп аталады. Мысалы, *Қызылбалақтың машығына бойы үйренген жуас торы ат үріккен жоқ*. Бұл сөйлемде *Қызылбалақтың машығына бойы үйренген* деген (қандай?) *ат* сөзін анықтап тұр. Бірақ әдеттегі күрделі анықтауыштан айырмашылығы сол – бұнда өз ішінде бастауыш – баяндауышы бар сияқты, сондықтан жеке сөйлем сияқты болып көрінеді: *бойы* (несі?), *үйренген* (қайткен?), бірақ сөйлемге тән интонациясы болмағандықтан, өзі қатысты(анықтайтын) сөзімен (*ат*) түйдектеліп, бір интонациямен айтылғандықтан, жеке сөйлем бола алмайтын сөйлем мүшесінің ерекше түрі **үйірлі мүше** деп аталады.

Үйірлі мүше есімше я сын есімге аяқталып, үйірлі анықтауыш, іліктен басқа септік жалғаулы зат есімге я заттан басқа сөзге аяқталып, үйірлі толықтауыш, атау тұлғалы сөзге аяқталып, үйірлі бастауыш болады. Мысалы: *Білімі күшті (кім?) мыңды жығады* (Мақал). *Құлақ естігенді (нені?) көз көреді* (Мақал). Сондай-ақ сөйлем ішіндегі *таң ата, күн бата, жаз шыға* сияқты мезгілдік тіркестер үйірлі пысықтауыш болады.

7-§ Оқшау сөздер

Сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, тек айтылатын ойға қатысы бар сөздер кездеседі. Олар сөйлем мүшесі бола алмайды, себебі басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. Олар – **қаратпа сөз, қыстырма сөз және одағай сөз**.

Қаратпа сөз сөйлемде тыңдаушысының ойға назарын аудару үшін қолданылады, сондықтан ол адамға байланысты немесе кейде көркемдік үшін адам мәніндегі жанды-жансыз ұғым атаулары да болып келеді. Мысалы: *Тыңда, бала, Жамбылды*. Сөйлемде *бала* сөзі- қаратпа сөз, мағыналы сөз болса да, сөйлем мүшесі бола алмайды, өйткені бірде-бір сөзбен грамматикалық байланысқа түспеген. *Дала, Жамбылды* деген сөздердің арасында

грамматикалық байланыс жоқ екені белгілі. *Тыңда, бала* дегенде де грамматикалық байланыс жоқ: *бала* 3-жақтағы зат есім, *тыңда* - бұйрық райдың 2-жағында айтылған етістік, *тыңда* дегеннің грамматикалық байланысы *сен тыңда* және *Жамбылды тыңда*.

Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады, ортасында келсе, екі жағынан, соңында келсе, алдына үтір қойылады. Қаратпа сөз ерекше қарқынмен, көтеріңкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылады.

Қыстырма сөздер сөйлеушінің айтылған пікірге әр түрлі көзқарасын білдіреді: *қуанышты, өкінішті, сенімді, өтінішті, мақұлдауды, ой иесін көрсетіп, сөйлемнің мағыналығын, бейнелігін* арттырады. Ал, сөйлем құрамына енуі пікірді жинақты, орамды, дәл түсіндіруге жәрдем етеді. Қыстырма сөздер жеке сөздермен де, сөз тізбегімен де, тіпті, сөйлеммен де айтылады.

Қыстырма сөздер сөйлем ішінде үтірмен және кейде сөйлем күйінде келгенде жақшамен бөлініп, оқшауланады. Мысалы: ***Шынында***, бұл ойланатын жұмыс екені рас. ***Кім біледі***, бұдан кетсе, Әбдірахман Шұғаны мәңгі көре алмас. ***Рас, менің байқауымша***, сіздің халық-ақын халық.

Оқшау сөздердің бір түрі **-одағай сөздер** айтушының көңіл-күйін, сан түрлі сезімін, эмоциясын білдіру үшін қолданылады.

Одағайларды қалыпты баяу дауыспен айтқанда, жазғанда одан кейін үтір қойылады, ал көтеріңкі дауыспен айтылса, леп белгісі қойылады.

Мысалы: ***Шіркін***, айқын болсаң, осындай бол! – деді. ***Е, бәрекелді***, шыныңды айттың ғой! ***Оқтын-оқтын күрсініп, аһ!*** – дегенде, жүрегі қарс айрылды. ***О***, мерейлерің үстем халайық! – деді ортадағы топтың алдында келе жатқан дембеліше бойлы қара жігіт.

8-§ Жай сөйлемнің түрлері

Жайсөйлем құрамы мен құрылысына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Сөйлемде тұрлаусыз мүшелердің болу, болмауына қарай *жалаң* және *жайылма* сөйлем болып бөлінеді. Тұрлаусыз мүшелері жоқ, тек бастауыш пен баяндауыштан құралған сөйлемді *жалаң сөйлем* дейді де, тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де бар сөйлемді *жайылма сөйлем* дейді. Мысалы: *Олжабек сасыңқырап қалды. Олжабек үндемеді. Бұлар баяғы жалқау жігіттің иегінің астында келеді* деген үш сөйлемнің алдыңғы екеуі тек бастауыш пен баяндауыштан құралған: *Кім сасыңқырап қалды? – Олжабек-* бастауыш, *Олжабек не істеді?* (қайтті?) *сасыңқырап қалды* – күрделі баяндауыш; *кім үндемеді?* – *Олжабек* – бастауыш. *Олжабек не істеді? – үндемеді* - баяндауыш. Бұлар - жалаң сөйлемдер. Үшінші сөйлем бастауыш пен баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелерден де құралған: *Кім келеді? - бұлар* - бастауыш, *бұлар не істеді? - келеді* - баяндауыш; *қайда келеді? - иегінің астында* - мекен пысықтауыш, *кімнің иегінің астында?* - *жігіттің* – анықтауыш, *қандай жігіттің?* – *жалқау-* анықтауыш, *қай жігіттің?* – *баяғы-* анықтауыш. Сөйтіп бұл сөйлемде бастауыш(*бұлар*)пен баяндауыштан(*келеді*) басқа пысықтауыш (*иегінің астында*) анықтауыштар (*жігіттің, жалқау, баяғы*) да бар, сондықтан ол жайылма сөйлем болып табылады.

Бастауышы бар, кейде айтылмай тұрса да, бастауышын баяндауышы арқылы табуға болатын жай сөйлем түрін *жақты сөйлем* дейді де, бастауышы мүлде жоқ және баяндауышы арқылы бастауыш табуға болмайтын, баяндауыштың өзі ғана сол сөйлемге ұйытқы болатын жай сөйлем түрін *жақсыз сөйлем* дейді. Мысалы: *Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл-ерте әзірлеген жауабы еді. Кім айыпты екеніне әлі көзім жете қойған жоқ.* Бірінші сөйлемнің баяндауышы-*сөйлеп қапты* (*не істеді?*), бастауышы жоқ, бірақ оны табуға болады: *кім сөйлеп қапты?* - ол, яғни *бала*, ол екінші сөйлемнен көріп тұр. Екінші сөйлемнің баяндауышы-жауабы *еді* (*бұл-не?*), бастауышы – *бұл* (*не жауабы еді*). Сондықтан бұлар-бастауышы бар я жоқ болса да, баяндауышы арқылы табуға болатын жақты сөйлемдер. Ал

үшінші сөйлемнің баяндауышы(*қайтты?*)-*көзім жете қойған жоқ*,бұл-фразалық (идиомдық)тіркес,сондықтан сөйлемде бір ғана мүше қызметін атқарады:*көзім* деген сөзді бір бөлек, *жете қойған жоқ* дегенді бір бөлек талдауға болмайды.Бұл сөйлемнің бастауышы жоқ,оны табуға да болмайды.Сондықтан бұл-жақсыз сөйлем.

Сөйлемде ойға қатысты айтылуға тиісті мүшелері түгел жай сөйлемнің түрі *толымды сөйлем* дейді де,айтылуға тиісті тұрлаулы я тұрлаусыз мүшенің бірі түсіп қалған жай сөйлемнің түрін толымсыз сөйлем дейді.Мысалы:*Кәлен бір ытқып сыртқа шықты.Күні сыртынан қайыс белбеуін буып алды.Көзінен жасы ыршып кетті* –деген үш сөйлемнің алдыңғысы-толымды сөйлем,өйткені оны сөйлем етіп тұрған баяндауышы(*не істеді?-шықты*)да,бастауышы(*кім шықты?-Кәлен*)да бар және сөйлем білдіретін ойға қатысты пысқтауыш(*қайда шықты?-сыртқа және қалай шықты? -бір ытқып*)та жұмсалған.Сондықтан бұл-толымды сөйлем.Екінші сөйлемде баяндауыштың (*не істеді?-буып алды*)иесі - бастауыш жоқ,сөйлемде түсіп қалған, бірақ оны табуға болады:*кім буып алды? – ол(Кәлен)*.Үшінші сөйлемде *көзінен* сөзінің анықтауышы(*кімнің көзінен?*)түсіп қалған.Сондықтан екінші,үшінші сөйлемдер толымсыз сөйлемдер деп танылады.

Ойды білдірмей,тек соған байланысты заттың, құбылыстың, мезгілдің, мерекенің, мекеннің аты аталып көрсетілгендей жай сөйлемнің ерекше түрін *атаулы сөйлем* дейді.

«Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» тақырыптары бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Табыс септігіндегі жалғауды жалғап, сабақты етістікке қатысты болғантолықтауыш қандай толықтауыш?

- А. Дара толықтауыш.
- В. Тура толықтауыш.
- С. Күрделі толықтауыш.

Д. Жанама толықтауыш.

2. Төменнен анықтауыш болатын сөйлемді табыңыз.

А. Жақсы танимыз.

В. Абайды көрдім.

С. Әлдеқашан жиналған.

Д. Мұхтардың кітабы.

3. Төменнен анықтауыштың байланысын табыңыз.

А. Меңгеріле, матаса.

В. Матаса, қабыса.

С. Жанаса, меңгеріле.

Д. Қиыса, қабыса.

4. **Көптің ісінде береке бар** – деген сөйлемде анықтауыш қалай жасалған?

А. Ілік септік жалғауы арқылы.

В. Етістіктің есімше түрі.

С. Сан есім арқылы.

Д. Есімдік арқылы.

5. **Ердің атын еңбек шығарады** – деген сөйлемнен анықтауышты тап.

А. Еңбек.

В. Ердің.

С. Атын.

Д. Шығарады.

6. **Абай Қарашоқыға түс ауа жетті** – деген сөйлемде *түс ауа* сөзі қандай сөйлем мүшесі болады?

А. Анықтауыш.

В. Толықтауыш.

С. Пысықтауыш.

Д. Баяндауыш.

7. **Абай халық үшін, халық Абай үшін алысады.** Мұнда пысықтауыш қалай жасалған?

- А. Зат есімнен.
- В. Сын есімнен.
- С. Есімдіктерде.
- Д. Септеулік шылаулы есім сөзден.

8. *Бұл екеуі көпке дейін үнсіз келе жатты*– деген сөйлемде қандай пысықтауыш кездеседі?

- А. Мезгіл пысықтауыш.
- В. Мекен пысықтауыш.
- С. Қимыл-сын пысықтауыш.
- Д. Пысықтауыш.

9. Сөйлемде іс-оқиғаны, мекен, мезгіл, сын-қимыл, себеп-мақсат жағынан сипаттайтын мүшені не деп атаймыз?

- А. Толықтауыш.
- В. Пысықтауыш.
- С. Анықтауыш.
- Д. Баяндауыш.

10. *Осы мінезің үшін дос болғым келіп тұр*– деген сөйлемде асты сызылған сөз қандай мүше ?

- А. Анықтауыш.
- В. Толықтауыш.
- С. Пысықтауыш.
- Д. Бастауыш.

Құрмалас сөйлем

1-§ Құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінік

Сөйлем құрылысына қарай *жай сөйлем* және *құрмалас сөйлем* болып екіге бөлінеді. Жай сөйлем бір ғана ойды білдіріп, бір инотациямен айтылады да, құрмалас сөйлем я одан да көп жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді. Мысалы: *Ералы, Ойқұдық үстінде жауынды бүркер сұр аспан жиі*

түнереді. (М.Әуезов). Бұл сөйлемде 9 сөз қолданып, бір ғана ойды білдіріп тұр. Сөйлемде бір баяндауыш (*не істеді?*) – *түнереді*, бір бастауыш (*не түнереді?*) – *аспан* қолданылған, қалғандары – тұрлаусыз мүшелер: *жиі* (*қалай түнереді?*)-қимыл-сын пысықтауыш, *Ералы*, *Ойқұдық үстінде* (*қайда түнереді?*) – мекен пысықтауыш, *сұр*(*қандай аспан?*) – анықтауыш, *жауынды бүркер*(*қай аспан?*) - анықтауыш.

Төбесінде көзі қанталаған қарақұс отыр, іргесінде ініне жүгірген суыр ғана жүр. Бұл сөйлем екі жай сөйлемнен құрылған, өйткені мұнда екі бастауыш және екі баяндауыш бар: *отыр* (*не істеді?*) – баяндауыш, *қарақұс*(*не отыр?*) – бастауыш және *жүр* (*не істеді?*) – баяндауыш, *суыр* (*не жүр?*) – бастауыш. Сөйтіп, екі жай сөйлем құрмаласып, күрделі бір ойды білдіріп тұр.

Екі я одан да көп жай сөйлемнен құралып, күрделі бір ойды білдіретін сөйлемді **құрмалас сөйлем** дейміз.

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара мынадай жолдармен байланысады:

1.Интонация арқылы іргелес байланысады. Мысалы: *Байжанның оның көруі бірінші рет еді: орта бойлы төртбақтау, толықша, сарғылт өңділеу, қырықты алқымдап қалған жігіт екен.* Бұл- екі жай сөйлемнен құралған: 1-сөйлемнің баяндауышы (*не еді?*) – *бірінші рет еді*, бастауышы (*не бірінші рет еді?*) – *көруі*, 2-сөйлемнің баяндауышы (*кім екен?*) - *жігіт екен де*, бастауышы түсіп қалған, бірақ оны табуға болады (*кім жігіт екен?*) -*ол*. Бірақ бұл екі жай сөйлем әрқайсысы бөлек-бөлек болмай, бір интонациямен айтылған: бірінші жай сөйлемнен кейін дауыс ырғағы көтеріңкі айтылып, кідіріс ұзаққа созылмай, екінші сөйлеммен ұласып кетеді де, екі сөйлемнің арасын байланыстырып, күрделі бір ойды білдіруге дәнекер болып тұрады.

2.Жалғаулық шылаулар (кейде септеулік шылаулары) арқылы байланысады. Мысалы: *Сарыбай қонақтарын сол далаға онша көңілді қалыппен басқарып алып бара жатқан жоқ, себебі биылғы егін шығымы әзілсіздеу. Құнанбай күзеуден ерте қайтып кеткен соң, өзге елдің бәрі де дағдыдан тыс күземді ерте алып көшіп еді-* деген құрмалас сөйлемдердің

құрамындағы жай сөйлемдерді бір-бірімен *себебі* деген жалғаулық шылау мен *соң* деген септеулік шылау байланыстырып тұр.

3.Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемнің (көбіне алғашқысының) баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласып, құрмаласа байланысады. Мысалы: *Құрымбайдың оқуға кетуі шын болса, ол өз ісін ойламаған жерден істеген екен-* деген құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлемнің баяндауышы *шын болса* шартты рай тұлғасында келіп, тиянақсыз болып, сөйлем бітпей, келесі жай сөйлеммен жалғаса байланысып тұр.

Құрмалас сөйлемдер байланысуы тәсілдеріне карай үш түрге бөлінеді: ***салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем және аралас құрмалас сөйлем.***

Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер өзара тең дәрежеде байланысып, әрқайсысының баяндауыштары тиянақты тұлғада жұмсалса, ол ***салалас құрмалас сөйлем*** болады. Мысалы: *Бұйрық нақ осылай болса керек, резервтегі күштің бәрі осы араға төгілді* (Бақ.) деген құрмаластың әрбір жай сөйлемі бір-біріне бағынбай тең дәрежеде қолданылған, сондықтан жеке-жеке айтыла алады, олардың баяндауыштары *осылай болса керек және төгілді* тиянақты тұлғада келіп тұр.

Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісіне бағына байланысып, бағынған сыңарының (көбіне алғашқысының) баяндауышы тиянақсыз тұлғада келеді. Ондай құрмаласты ***сабақтас құрмалас сөйлем*** дейміз. Мысалы: *Қаланың көлемі үлкен болғанмен, көп қабатты үйлер сирек болатын* (З.Қабдолов) деген құрмалас екі сөйлемнен құрылған. Бірінші сыңарының баяндауышы – *үлкен болған* мен тиянақсыз тұлғада есімшенің — ***ған*** тұлғасына көмектес жалғауы қолданылған. Өйткені бұл баяндауыш тұлғасымен сөйлемді аяқтап бітіруге болмайды. Сондықтан бірінші жай сөйлем келесі - екінші жай сөйлемге бағынып тұр.

Кемінде үш жай сөйлемнен құралып, олар бір-бірімен салаласып (бағынбай, тең дәрежеде) та, сабақтасып (бірі екіншісіне бағынып) та

байланысатын құрмаластың түрін аралас құрмалас сөйлем дейміз. Мысалы: *Әрқайсысы ашылған кітаптың аумағындай алты қиықтан майды себелеп, қыс күнінің шуағы төгілді де, артынан-ақ бұлт бүркене ме, бозамықтанып сейіліп кетеді* (С.Сматаев) деген құрмалас төрт жай сөйлемнен құралған. Бірінші сөйлем мен екінші сөйлем сабақтаса байланысқан, өйткені бірінші сөйлемнің баяндауышы (*себелеп*) көсемше жұрнақты (-н) тиянақсыз тұлғада келіп, екінші сөйлемге бағынып тұр. Ал екінші сөйлем мен үшінші және төртінші сөйлемдер бір-бірімен салаласа байланысқан, өйткені олардың әрқайсысының баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп (*төгілген, бүркене ме, сейіліп кетеді*), әр сөйлем бір-бірімен бағынбай, жеке-жеке қолданыла аларлық қасиетте келген. Сөйтіп, жай сөйлемдер бір-бірімен әрі сабақтаса байланысып, бірі екіншісіне бағынып, соның нәтижесінде бірінің баяндауышы тиянақсыз тұлғада жұмсалып, әрі салаласа байланысып, жай сөйлемдер бір-біріне бағынбай, тең дәрежеде, яғни баяндауыштары тиянақты тұлғада қолданылған. Сондықтан (жай сөйлемдер әрі сабақтаса, әрі салаласа байланысатындықтан) аралас құрмаластың құрамында үш және одан да көп жай сөйлем болады.

2-§ Салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, өзара бір-бірімен тең дәрежеде байланысқан құрмаластың түрін **салалас құрмалас сөйлем** дейміз. Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен бағынбай, тең дәрежеде байланысып баяндауыштары тиянақты тұлғада келетіндіктен, ол жай сөйлемдерді жеке-жеке де қолдануға болады. Мысалы: *Салыққирман басына келіп, Жүзбай қарттың үйінен шай ішіп қызара бөртіп, терлеп-тепшіп отыр еді, водовозбен салып ұрып Саиа Гармош деген комбайншы жетіп келді* (Ш.Мұртаза) деген құрмаластың екі жай сөйлемін бөлек-бөлек айтуға болады. *Салық қирман басына келіп, Жүзбай қарттың үйінен шай ішіп, қызара бөртіп, терлеп-терлеп отыр еді*. Сөйлемді осы баяндауышпен аяқтап, бітіруге болады, өйткені баяндауышы *отыр еді*

тиянақты тұлғада қолданылған. Салаластың екінші сыңары да өз алдына жеке сөйлем бола алады: *Водовозбен салып ұрып Саша Гармош деген комбайншы жетіп келді.*

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара бір-бірімен екі түрлі жолмен байланысады:

1)Интонация арқылы мағыналарының жақындығына қарай іргелес байланысады. Мысалы:*Сырбайдың қыш кесектен соққан үш бөлмелі үйі бар екен, соның біреуі қонақ жайына арналған екен. Малдары не күн көретінін білмеймін, қора маңында бір шошақтан артық шөп көрінбейді.* Алғашқы мысалда құрмаластың құрамындағы бірінші жай сөйлем жалпылық мәнде қолданылып, екінші жай сөйлем ол ойды нақтылап тұр: бірінші жай сөйлемде *Сырымбайдың үш бөлмелі үйі бар екені* жайында болса, екінші жай сөйлемде *сол үш бөлменің біреуі қонақ жайына арналғаны* айтылып тұр. Екінші мысалда бірінші жай сөйлеммен екінші жай сөйлем бір-бірімен мағыналық жағынан себеп-салдарлық қатынаста жұмсалған: құрмаластың құрамындағы екінші жай сөйлем бірінші жай сөйлемде айтылған ойдың себебін білдіреді. Сөйтіп,іргелес келген екі я одан да көп жай сөйлем бір-бірімен өзара белгілі мағыналық қатынаста айтылады да, әрқайсысының баяндауыштары тиянақты тұлғада келсе де, бірінші жай сөйлем аяқталған тұста дауыс ырғағы бәсеңдеп бітіп қалмай, көтеріңкі қалыпта айтылады да, интонация тиянақсыз болады, одан кейін кідіріс(пауза) жасалып, екінші жай сөйлеммен ұласа байланысып тұрады;

2) Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады. Жай сөйлемдердің арасындағы мағыналық қатынасқа қарай оларды байланыстыратын мынадай жалғаулық шылауларды көрсетуге болады:

1) Ыңғайлас мәндіда, де, та, те, әрі, және, мен жалғаулық шылаулары;

2)Қарсылық мәндібірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтседе, сөйткенмен, ал тәрізді жалғаулық шылаулары;

*3) Себеп-салдар мәнді*өйткені, себебі, сол себепті, сондықтан, неге десеңіз тәрізді жалғаулық шылаулары;

*4) Талғау мәнді*не, немесе, я, яки, не болмаса, яки болмаса, әлдетәрізді жалғаулық шылаулары;

*5) Кезектес мәнді*кейде, бірде, біресе тәрізді жалғаулық шылаулар. Мысалы: *Қазір тұрыңдар деген белгі берілді де, дос-жарандарым түгел түрегелді. Адам даусы екені анық, бірақ не айтып жатқанын айыру мүмкін емес. Дәметкеннің жүрегі бұл кезде ерекше тулап кетті, өйткені, оның ойынша, осы тоқтаған тракторда немересі Күлжан болуға тиіс.*

3-§ Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара белгілі мағыналық қарым-қатынаста айтылады. Араларында мағыналық қарым-қатынас болмаса, жай сөйлемдер бір-бірімен құрмаласпас та еді. Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қатынасы әр түрлі болады. Бірде екі жай сөйлемдегі ой мезгілдес, ыңғайлас болып, белгілі ортақ қасиеттері арқылы құрмаласса, енді бірде бір жай сөйлем білдіретін ойға екінші сөйлемдегі ой қарама-қарсы мәнде айтылады. Келесі бірде жай сөйлемнің бірі екіншісіндегі берілген ойдың болу себебін не салдарын білдіреді, енді бірде бірі екіншіде айтылған ойдың мазмұнын аша түседі, тағы бірде екі сөйлем білдіретін ойдың біреуі ғана жүзеге асатындығына болжам жасауды білдіреді, енді бірде жай сөйлемдер білдіретін ой кезектесіп жүзеге асатындығы байқалады. Міне, құрамына енген жай сөйлемдердің өзара бір-бірімен осы сияқты мағыналық қарым-қатынаста жұмсалыуына қарай салалас құрмалас сөйлем мынандай алты түрге бөлінеді: *ыңғайлыс салалас, қарсылықты салалас, себеп-салдар салалас, іліктес салалас, талғаулы салалас, кезектес салалас.*

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем. Құрамындағы жай сөйлемдер білдіретін ой өзара мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде, қарым-қатынаста

айтылған салаластың түрін **ыңғайлас салалас** дейміз. Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдер білдіретін ой қатарлас; бір мезгілде, бір мәнде болып жатады я олар бірінен соң бірі болатын іс-әрекетті білдіреді.

Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар (*және, да, де, әрі*) арқылы да, жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып та байланыса береді. Осыған қарап оны **жалғаулықты ыңғайлассалалас** және **жалғаулықсыз ыңғайлас салалас** деп екіге бөлеміз. Мысалы: *Өнерді түсінбейтін инженер – нашар инженер, қиялдай алмайтын конструктор-конструктор емес, музыканы сезінбейтін және поэзияның кереметін түсінбейтін ғалым - әншейін өзін жұбатқан адам. Винтовканың шаппасын тежеп қойғанда затвордың серіппесі сығылады да, потенциялық энергия жиналады* (Ш.Мұртаза) дегенде, бірінші құрмаласта ыңғайлас мәндегі үш жай сөйлем бір-бірімен ешбір жалғаулықсыз, іргелес байланысқан: олардағы ой - *өнерді түсінбейтін, қиялдай алмайтын, музыканы сезіне алмайтын инженер, конструктор, ғалым* туралы да, екінші салаласта *винтовканың шаппасын тежеп қойғанда, біріншіден, затвордың серіппесі сығылуы, екіншіден, потенциялық энергияның жиналуы* жайында айтылып, ол екеуі де жалғаулық шылау арқылы байланысқан. *Әрі, да, де* жалғаулық шылаулар кейде әр жай сөйлем сайын қайталанып келіп те, қайталанбай бір-ақ рет қолданылып та ыңғайлас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырады, ал *және* жалғаулық шылауы ешбір қайталанбай бір-ақ рет қолданылып, жай сөйлемдерді салаластыра байланыстырады. Кейде ыңғайлас салалас екеу емес, одан да көп жай сөйлемнен де құралып, жай сөйлемдер әрі жалғаулық шылау арқылы, әрі жалғаулықсыз іргелес байланысады. Мысалы: *Хауыздың бетіндегі фонтандардың көлеңкесі дір ете түсті де, кипаристердің жапырақтары сыбдырлады, осы сәтте сән-салтанаты тілмен айтып жеткізгісіз сарайдың есігі баяу ашыла берді* (Қазақ әдебиеті) деген салаластың бірінші және екінші жай сөйлемдері бір-бірімен де жалғаулық шылауы арқылы байланысқан да, екінші және үшінші жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықсыз, іргелес байланысқан.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем. Құрамындағы жай сөйлемдердің бірінде айтылған ой екіншісіндегі ойға қарсы мәнді білдіретін салаластың түрін **қарсылықты салалас құрмалас сөйлем** дейміз. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар (*бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де, сөйткенмен*) арқылы да, жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып та байланыса береді. Осыған қарап оны **жалғаулықты қарсылықты салалас** және **жалғаулықсыз қарсылықты салалас** деп екіге бөлеміз. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрмаластағы жай сөйлемдердің арасына үтір және сызықша қойылады. Мысалы: *Жоғары қарай өсе алмады, сонда да бұтақтары көп. Біз бұл кезде жер бетінде қанша тұрғын адам болғанын да білмейміз, бірақ халық неғұрлым жиі мекендеген кейбір жерлерде адамдар тамақтың үнемі жетімсіздігін сезіне бастауы ықтимал. Әрі түртінектеді, бері түртінектеді, - түк таппады* (Қ. Найманбаев) дегендегі бірінші және екінші салаластар-жалғаулықты қарсылықты салалас, олардың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен *сонда да* және *бірақ* деген жалғаулық шылаулар арқылы байланысқан да, үшінші құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулықсыз, іргелес тұрып байланысқан. Қайткен күнде де әр салаласта бірінші жай сөйлемде айтылған ойға екінші жай сөйлемдегі ой қарсы мәнде келіп отырады. Бірінші салаласта бірінші жай сөйлемдегі ой *жоғары қарай өсе алмауы* болса, екінші жай сөйлемде солай болса тұрса да, *бұтақтарының көп екендігі* айтылады. Екінші салаласта бірінші жай сөйлемдегі ой жер бетіндегі тұрғын адамның санын білмеу болса, екінші жай сөйлемде соған қарама-қарсы *халық жиі мекендеген кейбір жерлерде адамдар тамақтың жетімсіздігін сезіне бастауы ықтимал* екендігі айтылады. Үшінші салаласта бірінші жай сөйлемдегі әрекет (*әрі түртінектеді, бері түртінектеді*) екінші жай сөйлемде ешбір нәтиже бермегендігі (*түк таппады*) көрсетілген.

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем. Құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдіретін

салаластың түрін *себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем* дейміз. Себеп-салдар салаласта бір жай сөйлем екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдірсе, екіншісі білдіретін ой оның салдары болып табылады. Сөйтіп,салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бірі себеп мәнді де,екіншісі салдар мәнді болады.Бірде себеп мәнді жай сөйлем бұрын тұрып,салдар мәнді жай сөйлем кейін тұрса,бірде, керісінше, салдар мәнді сөйлем бұрын тұрып,себеп мәнді жай сөйлем кейін тұрады.

Себеп-салдар салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар (*сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені*) арқылы да, жалғаулықсыз, іргелес тұрып та байланысады.

Жалғаулықты себеп-салдар салаластар *өйткені, себебі* деген шылаулар арқылы құрмаласқанда, алдыңғы жай сөйлем салдар мәнді болып келеді де, екінші жай сөйлем ондағы ойдың болу себебін білдіреді.Жалғаулықты себеп-салдар салаластар *сондықтан,сол себепті* шылаулары арқылы құрмаласса,алдыңғы жай сөйлем екінші жай сөйлемдегі ойдың болу себебін білдіріп, себеп мәнді болып келеді де, екінші жай сөйлем салдар мәнді болады. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің де бірде біріншісі себеп мәнді,екіншісі салдар мәнді болса,бірде біріншісі керісінше салдар мәнді,екіншісі себеп мәнді болып та қолданылады.Жазуда олардың айырмашылығы тыныс белгісінен байқалады:егер біріншісі себеп мәнді жай сөйлем,екіншісі салдар мәнді жай сөйлем болса, олардың арасына үтір қойылады,ал себеп мәнді жай сөйлем кейін келіп,салдар мәнді жай сөйлем бұрын тұрса,бірінші жай сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады.

Мысалы:*Тегі,бұл шоқу көз ағызудың ғана тәсілі болмау керек,себебі көзі аққан жылан тулап бетімен лағады да,ақыры өледі.Әдетте, оруды ең құрметті кісі бастауға тиіс,сондықтан көпшілік бұл құрметін Сырбайға көрсетпек болды.Ботаны ағыс алып кетер деп қауіптеніп отыра Сырбай оның ноқтасының бауын босатып жіберді:басын тартса,құлағына су кетіретін деп ойлады.Құмның ыси бастауынан қашан аң біткен Бетпақтың даласына қарай өтіп кетсе керек,таңертеңнен бері не бір қарақұйрық,не бір*

киік кездеспеді аңшыға(С.Мұратбеков)дегенде,алғашқы екі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен *себебі,сондықтан*деген жалғаулық шылаулары арқылы құрмаласқан да,соңғы екі салалас жалғаулықсыз,іргелес байланысқан.Үшінші салаластың бірінші жай сөйлемі салдарлық мәнде жұмсалған(*Ботаның ноқтасының бауын Сырбайдың босатып жіберу*)да,екінші жай сөйлем оның себебін білдіреді(*себебі - егер өйтпесе,ботаның құлағына су кетеді* деп ойлауы),сондықтан бұл жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады.Соңғы салаластың бірінші жай сөйлемі екінші жай сөйлемдегі ойдың себебін білдіріп тұр (*Құмның ыси бастауынан аң біткеннің Бетпақтың даласына қарай өтіп кетуі*),екінші жай сөйлем оның салдары болып тұр(*сондықтан не бір қарақұйрық,не бір киік аңшыға кездеспеді*).Бұл жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады.

Іліктес салалас құрмалас сөйлем. Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы жалпы мәнді білдіріп, соңғысы оны аша түсетін, түсінік беретіндей қарым-қатынасты білдіретін салаластың түрін ***іліктес салалас құрмалас сөйлем***дейміз. Іліктес салаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара бір-бірімен ешбір жалғаулық шылаусыз, іргелес орналысып, интонация арқылы байланысады. Кейде бірінші жай сөйлемнің құрамында іліктес мәнді түсінік беретіндей мағыналық қарым-қатынасты білдіретін *сонша, сондай, соншалық, сол, мынау, мынадай* сияқты сілтеу есімдіктері болып, олар, көбіне, бірінші жай сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарып тұрады.Мысалы:*Артқы тракторлардың жарығынан жұрт енді ғана шамалады:әр трактордың артында кішігірім үйдей боп ұбақ-шұбақ сүйретілген бірдемелер келеді. Ашуланғаны сонша-өңінде ызың ұшқындары шашырап тұрды.*Бірінші салаластағы алғашқы жай сөйлемде *жұрттың артқы трактор жарығынан енді ғана шамалағаны* жайында айтылса,келесі жай сөйлемде оның не екендігі, яғни *әр трактордың артында кішігірім үйдей боп ұбақ-шұбақ сүйретілген бірдемелер келетіні* нақтылана баяндалған.Екінші салаластағы бірінші жай сөйлемде *ашуланғаны сонша болып*,оның мәні, түсінігі келесі жай сөйлемде ғана ашылады:*өңінде ызаның ұшқындары шашырап тұрды.*

Талғаулы салалас құрмалас сөйлем. Құрамындағы жай сөйлемнің біреуіндегі ғана іс-әрекет, қимылдың жүзеге асатындығына болжам жасауды білдіретін салаластың түрін талғаулы салалас дейміз. Талғаулы салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен, әдетте, *не, немесе, болмаса, не болмаса, я болмаса, я, яки, әйтпесе, әлде* шылаулары арқылы құрмаласады. Бұлардың ішінде *не, немесе, я, яғни, әлдешылаулары* бір-ақ рет қолданылып та, қайталаныпта, жұмсала береді. Мысалы: *Көзге ілінетін ұзын шидің басын, селдір қамысты талшық етеді, немесе анда-санда кездесетін тікенді шеңгелді, қарайғанның басын түйелер үзіп-жұлып талшық етеді. Сіз менің жалақымды беріңіз, әйтпесе біз қоштасамыз.* Бұл салаластардың бірінші жай сөйлемдерінде айтылған ой жүзеге асса (*Көзге ілінетін ұзын шидің басын, селдір қамысты талшық ету және Сіздің менің жалақымды беруіңізді*), екінші жай сөйлемдегі айтылған ой жүзеге аспас еді, -ол-тек бірінші жай сөйлемдегі ой жүзеге аспаса ғана болатын іс-әрекет. Кейде талғаулы салалас үш жай сөйлемнен құралады да, олардың алғашқы екеуі *ма, ме* сұраулық шылауымен қолданылып, соңғы жай сөйлем алғашқыларында болжал, тұспал жасалған ойдың, іс-әрекеттің қорытындысын, түйінін білдіреді. Мысалы: *Сол шабыс қосылды ма, болмаса өзінің бала көңлінің сенделуі осындай ма-Абай бір уақытта жылау үстінде лоқсып-лоқсып булығып кеп құсып-құсып жіберді* (М.Әуезов).

Кезектес салалас құрмалас сөйлем. Құрамындағы жай сөйлемдер білдіретін ойдың кезектесіп келуін көрсететін салаластың түрін **кезетес салалас** дейміз.

Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдер, әдетте, бір-бірімен *кейде, бірде, біресе* деген кезектес мәнді шылаулардың қайталанып қолданылуы арқылы құрмаласады. Мысалы: *Бірде көк ала қамысты көлдер қалып жатыр, бірде сары ала тон белестер кездесіп жатыр* деген сөйлемде *бірде көлдердің қалып жатуы, енді бірде белестердің кездесіп жатуы* бірінен кейін бірі кезектесіп болып отыр.

Көп құрамды салалас құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің құрамында кейде екі ғана жай сөйлем болмай, одан да көп жай сөйлем болуы мүмкін. Ондайда жай сөйлемдердің арасындағы мағыналық қарым-қатынас бір текті, бірыңғай болуы да, әр түрлі болуы да мүмкін. Салаластың құрамына енген жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасы әр түрлі, байланысу жолы әрі жалғаулықтар арқылы, әрі жалғаулықсыз, іргелес болып келсе, ондай салаласты көп құрамды салалас дейміз. Мысалы: *Өкпелі адамша Олжабекке тура қарай қойған жоқ, екі көзі бораздада: ішкі өгіздің бірі аяғын шалыс басып еді, шыбырытқысы шарт етті, өгіз бір қайқаңдап, бораздаға түсе қойды.* Құрмаластың құрамында 5 жай сөйлем бар. Бірінші жай сөйлем мен екінші жай сөйлем бір-бірімен өзара ыңғайлас мәнде байланысқан, үшінші мен төртінші және төртінші мен бесінші сөйлемдер өзара себеп-салдар (алдыңғысы себеп те, кейінгісі салдар) мәнде байланысқан. Бұл жай сөйлемдер бір-бірімен өзара іргелес, ешбір шылаусыз құрмаласқан.

4-§ Сабақтас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемнің біреуінің, көбіне, алғашқысының баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, екіншісіне бағына байланысқан құрмаластың түрін **сабақтас құрмалас** дейміз.

Сабақтас құрмаластың құрамындағы бірінші сөйлем баяндауышы тиянақсыз тұлғада келетіндіктен, ол өз бетімен жеке тұрып сөйлем бола алмай, келесі жай сөйлемге бағына байланысады.

Мысалы: *Айнаштың жіңішке саусақтары жығылып жатқан күріштің сабақтарын жыпылдатып жинап үлгергенше, оң қолына ұстаған өткір орақ қолдың уысындағы сабақтарды қырқып та үлгірді.* (С.Мұқанов) деген құрмалас екі жай құрмалас сөйлемнен құралған. Бірінші жай сөйлемнің бастауышы – *саусақтары (несі?)* да, баяндауышы – *жинап үлгергенше (саусақтары не істегенше?)*, екінші жай сөйлемнің бастауышы – *орақ (не?)*, баяндауышы – *қырқып та үлгірді (орақ не істеді?)*. Бұл құрмалас сөйлемнің бірінші жай сөйлемін өз алдына бөлек алуға келмейді, өйткені оның

баяндауышы тиянақсыз тұлғада айтылған: *Айнаштың жіңішке саусақтары жығылып жатқан күріштің сабақтарын жыпылдатып жинап үлгіргеніше...* Құрмаластың құрамындағы мұндай жай сөйлемді **бағыныңқы сөйлем** дейміз. Ал құрмаластың құрамындағы екінші жай сөйлем тиянақты болады да, өздігінен дербес айтыла алады: *оң қолына ұстағанөткір орақ сол қолдың уысындағы сабақтарды қырқып таулгірді.* Құрмаластың құрамындағы мұндай жай сөйлемдерді **басыңқы сөйлем** дейміз. Сөйтіп, сабақтас құрмалас сөйлем **бағыныңқы** (шартты белгісі) және **басыңқы** (шартты белгісі) жай сөйлемдерден құралады. Сабақтас құрмаластың жасалу жолдары бағыныңқы жай сөйлемнің баяндауыш тұлғаларына қарай белгіленеді. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары етістіктің **көсемше, шарттырай** тұлғалары мен **есімше тұлғаларына кейбір жалғау, жұрнақ үстелін,** немесе **септеулік шылаулар** тіркескен түрінен болады. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бастауышымен қиыса байланыспайды: бастауыш әр түрлі жақта тұрса да, баяндауыш өзгеріссіз болады: Тек бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің шартты рай тұлғасынан болғанда ғана, ол бастауышпен жақ жағына және жекеше, көпше түрде қиыса байланысады.

5-§ Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері

Сабақтас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен, бір жағынан, бағыныңқы сөйлемнің баяндауыш тұлғасының тиянақсыз болып келуімен құрмаласса, екінші жағынан олардың өзара мағыналық қарым-қатынасы арқылы да құрмаласады. Бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынасы әр түрлі болады. Сондықтан да басыңқы сөйлемнен бағыныңқы сөйлемге сұрақ қоюға болады. Сабақтастың құрамындағы бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемнің мағыналық қарым-қатынасына қарай сабақтас құрмалас **шартты бағыныңқылы, қимыл-сын бағыныңқылы, мезгіл бағыныңқылы,**

қарсылықты бағыныңқылы, себеп бағыныңқылы, мақсат бағыныңқылы сабақтас болып алты түрге бөлінеді.

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас. Бағыныңқы сөйлем басқа сөйлемдегі ойдың болу шартын білдіретін сабақтастың түрін **шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз. Шартты бағыныңқылы сөйлем *қайтсе?, не етсе?, қайткенде?, не еткенде?, қайтпей?, не етпей?, қайтпейінше?, не етпейінше?* деген сұрақтарға жауап береді.

Шартты бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) етістіктің шартты рай түрінен болады: Осындай қалың жұрт батысқа қарай ағылып бара жатса, ол көптің бірі боп біз қандай оп-оңай араласып кетер едік. (Ғ.Мүсірепов).

ә) болымсыз етістік пен –й тұлғалы көсемше түрінен болады: Өткен мәдениеттегі өміршең атаулының барлығы бойға дарытып алмай, жарқын жаңа мәдениет жасау мүмкін емес (Ә.Кекілбаев).

б) жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады: Қара теке - Әзімбай болғанда, осы текенің әкесі – сары теке қатар тұр еді (М.Әуезов).

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрін **қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз. Қимыл-сын бағыныңқылы сөйлем *қалай?, қайтін?, не етіп?* деген сұрақтарға жауап береді.

Қимыл-сын бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) -а, -е, -й және –ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеден болады: Бір бүйірі қызарып, пісуге жақындап қалып еді. Осынша қуаңшылыққа қарамай, жылан биыл да түлеген (Ш.Мұртаза).

ә) есімше тұлғасына –дай, -дей жұрнағы жалғанып жасалады: Өзгелері қос атпен тартқандай, қосалқы мұғалім жалдаумен ілігіп келеді (Ғ.Мүсірепов).

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мезгілін білдіретін құрмаластың түрін ***мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем*** дейміз. Мезгіл бағыныңқылы сөйлем *қанша?, қашаннан бері?, қашанға шейін?* деген сұрақтарға жауап береді.

Мезгіл бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады: Екеуі ымырт үйіріле үйден шыққанда, қонақтардың соңы әлі тараған жоқ-ты (Ғ.Мүсірепов).

ә) есімше тұлғалы етістік пен кезде, күнде, шақта, уақытта деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесуінен болады: *Күн ұясына төніп келген кезде, Амангелдіге тағы он шақты адам кездеседі* (Ғ.Мүсірепов).

б) барыс және шығыс септік тұлғасындағы есімше мен шейін, дейін және кейін, соң, бері, бұрын шылауларының тіркесінен болады: *Сейіттің әкешесі даланың бір айналсоқ қырғыны обадан өлгеннен кейін, Игілік қалған мал-мүлкін жинап алғысы кеп жетім баланы өз қолына алдырған.* (Ғ.Мүсірепов).

в) -ша, -ше тұлғалы есімшеден болады: Ол жұрт кейін мекенге қайтып, малын сұрағанша, қолдан-жолдан қосылған жеті мың жылқы таңбаланып та қалған да еді (Ғ.Мүсірепов).

г) көсемшенің –ғалы, -гелі, -қалы, -келі тұлғасынан болады: Шынында да Барластар келгелі, Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес. (М.Әуезов).

з) етістіктің шартты райынан да болады: Осындай қарбалас күндердің бірінде Ерлан түс ауа шеберханаға келсе, Жақып жігіттермен жоқ. (С.Бәкіров).

е) –ысымен (-ісімен) қосымшалы етістіктен болады: Бүгін қара жел басталысымен, қирышықтап қар да түсе бастады. (М.Әуезов).

Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас. Басыңқы сөйлем білдіретін ой бағыныңқыда айтылған ойға немесе бағыныңқыдағы ой

басыңқыдағы ойға қарсы қойыла айтылатын сабақтастықтың түрін **қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз. Қарсылықты бағыныңқылы сөйлем *қайтсе де?, не істесе де?, қайткенмен?, не еткенмен?, қайтпесе?* деген сұрақтарға жауап береді.

Қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) шартты райлы етістікке да, де шылауының тіркесуінен болады: Мен қаниша тесіле қарасам да, Маржан менің сағынышымды көктем хабаршысындай көре алмады (Ө.Тауасаров).

ә) болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райынан болады: Мотор үні өшті демесең, екпіні басылмаған винт ақырын ғана айналып тұр. (Ө.Әлімжанов).

б) көмектес септік тұлғасындағы есімшеден болады: Бұл атыраптың күні ыстық болғанымен, түні салқын (З.Қабдолов).

в) –ша, -ше тұлғалы есімшеден болады: Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл (Мақал).

г) көсемше тұлғалы күрделі етістіктен болып, көмекші етістік тұра тұрып сөзі болады: Патша қатесін мойнына алып кешірім сұрағанын біле тұрып, Рүстем батыр қаһарлы райынан қайтпады (М.Қаратаев).

ғ) шығыс септік тұлғасындағы болымсыз есімше түрінен болады: Алексей Мересьев аяқтары үсігеніне немесе мылжаланғанына қарамастан, орман мен балшықты аралап күндіз-түні еңбектеді (Б.Полевой).

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемде айтылған ойдың себебін білдіретін сабақтастың түрін **себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз. Себеп бағыныңқылы сөйлем *неліктен?, не себепті?, неге?, не деп?* деген сұрақтарға жауап береді.

Себеп бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) -дықтан, -діктен қосымшасы үстелген есімшеден жасалады: Артиллерия дайындығы жеткіліксіз болғандықтан, жаудың атыс қарулары жанды қимылдап, бет қаратпады (С.Бақб.)

ә) есімше тұлғалы етістікке соң шылауы тіркесінен жасалады: Балуан аяңға көшкен соң, қалғандары да тақым сауыта бастады («Қазақ әдебиеті»).

б) болымсыз етістіктің көсемше тұлғасынан болады: Ол өзін-өзі тоқтата алмай, мәуені тағы да жеуге кірісті. (Б.Полевой).

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мақсатын білдіретін сабақтастың түрін **мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз. Мақсат бағыныңқылы сөйлем *не мақсатпен?, не етпек болып?, не үшін?, неге?* деген сұрақтарға жауап береді.

Мақсат бағыныңқылы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

а) мақсатты келер шақ (-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) етістікпен болып көмекші етістігі тіркесінен болады: Бүгін бірер керек кітабын алып шықпақ болып, өзі жалғыз кіріп еді (М.Әуезов).

ә) тұйық етістік пен үшін шылауының тіркесінен болады: Төбені шытынатпай тұтас ұстау үшін, төбеге арқалықтар тегіс тиіп тұру керек (Мұстафин).


б) шартты, бұйрық және қалау рай тұлғалы етістік пен деп көмекші етістік тіркесінен болады: Сол шаңқыл тына қалар ма екен деп, Көпей самауырды есік алдына шығарды (Ғ.Мүсірепов)

6-§ Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Құрамында екі я одан көп бағыныңқылы сөйлем бар сабақтасты **көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмаласта бір ғана басыңқы болады да, бірнеше (екі я одан көп)

бағыныңқылы сөйлем болады. Бағыныңқы сөйлемдердің өзін бағынған сөйлеммен байланысу ерекшелігіне қарай **жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас** және **сатылы көп бағыныңқылы сабақтас** деп екіге бөлеміз.

Бағыныңқы сөйлемдердің әрқайсысы басыңқы сөйлеммен тікелей байланысқан сабақтасты **жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас** дейміз. Мысалы: *Уайым ойламаса да, қаланың ыстық шағында тұншығып бұлыққандай боп жатқандықтан, Абай тамақ іше алмайды* (М.Әуезов). Бұл құрмалас үш жай сөйлемнен құрылған. Бірінші бағыныңқылы сөйлем басыңқы сөйлеммен қарсылықты мәнде тікелей байланысқан, сондықтан бұл құрмаласты екі ғана жай сөйлеммен (бағыныңқы-басыңқы) құрауға әбден болады: *уайым ойламаса да, Абай тамақ іше алмады*. Екінші бағыныңқы сөйлем де басыңқымен себеп мәнде тікелей байланысып тұр: *қаланың ыстық шағында тұншығып бұлыққандай боп жатқандықтан, Абай тамақ іше алмады*. Сөйтіп, бұл бағыныңқылар әр түрлі мағыналық қарым-қатынаста басыңқы сөйлеммен тікелей байланысады. Оны мына схемадан былай көрсетуге болады.



Бағыныңқы сөйлемдер басыңқымен тікелей байланыспай, өзара бір-біріне бағынып барып құрмаласқан сабақтасты **сатылы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем** дейміз. Сатылы көп бағыныңқылы сабақтаста жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтастағы сияқты бағыныңқы сөйлемнің бірін түсіріп айтуға болмайды. Өйткені сөйлем арасындағы мағыналық қарым-қатынас бұзылып, өзара байланыс үзіліп, құрмалас сөйлемдік қасиеттен айрылады. Мысалы: *Екі- үш жыл кісіге жалданып, інісі ер жеткен соң, жалдануды тастап, үйінде отырды* (М.Балақаев) деген құрмалас төрт

сөйлемнен тұрады. Бірінші бағыныңқы сөйлем екінші бағыныңқымен ғана байланысқан, онда да тікелей байланыспайды: *екі-үш жыл кісіге жалданып, үйінде отырды* деуге болмайды, *екі-үш жыл кісіге жалданып, інісі ер жеткен соң...*деп қана айтуға болады. Сондай-ақ екінші бағыныңқы үшінші бағыныңқы сөйлеммен байланысқан: *інісі ер жеткен соң, жалдануды тастап...*Енді осыдан кейін ғана үшінші бағыныңқы басыңқы сөйлеммен байланысқан: *жалдануды тастап, үйінде отырды*. Сөйтіп, оны схемадан былай көруге болады:



7-§ Аралас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрін ***аралас құрмалас сөйлем*** дейміз. Демек, аралас құрмаластың құрамында кем дегенде үш жай сөйлем болады да, оның біреуі бағыныңқы, оның баяндауышы тиянақсыз болып, қалған екеуінің баяндауышы тиянақты болады. Сонда жай сөйлемдердің өзара байланысы ***бағыныңқы – басыңқы – басыңқы*** немесе ***басыңқы - бағыныңқы – басыңқы*** болуы мүмкін. Сөйтіп, бағыныңқы сөйлем аралас құрмаластың құрамында сөйлемнің басында да, сөйлемнің ортасында да қолданыла береді. Аралас құрмалас кейде үш қана жай сөйлемнен емес, одан да көп жай сөйлемнен құрылуы мүмкін. Ондайда бір я екі сөйлем бағыныңқы болады да, екі я үш сөйлем басыңқы болады. Аралас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынастары, байланысу тәсілдері сабақтас құрмалас пен салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердей болып келеді: бағыныңқы мен басыңқы сөйлемдер арасындағы байланыс сабақтас та, басыңқы мен бағыныңқы, басыңқы мен басыңқы сөйлемдердің арасындағы

байланыс салалас болып келеді. Мысалы: *Доктор кеткен соң, әйелі операция істеуге көндірмекші болып жылап-сықтап жалынып еді, - Михаил оған жұдырығын түйді* (Горький) деген құрмаластың бірінші сөйлемі - бағыныңқы, баяндауышы есімше тұлғалы етістік пен *соң* септеулік шылауының тіркесінен болып, екінші сөйлеммен мезгілдік қатынаста байланысқан. Екінші сөйлем - басыңқы, баяндауышы тиянақты (*жалынып еді*), үшінші сөйлеммен – салаласа қарсылықты мәнде жалғаулықсыз байланысқан. *Қабен болса жөнді білмейді, - білгісі келеді, ал Тайман білгенін ашып айтпайды, Қабен сұрай бастаса-ақ табанына тікен қадалғандай безек қағады* (З.Қабдолов) деген құрмаласта бес жай сөйлем бар. Бірінші және екінші жай сөйлемдер қарсылықты мәнде жалғаулықсыз, салаласа байланысқан, 1-сөйлемнің баяндауышы тиянақты; екінші және үшінші сөйлемдер де қарсылықты мәнде *ал* деген жалғаулық мәндегі сөз арқылы салаласа байланысқан, 2-сөйлемнің баяндауышы да тиянақты; үшінші және төртінші жай сөйлемдер ыңғайластық мәнде іргелесе байланысқан, 3-сөйлемнің баяндауышы да тиянақты. Төртінші бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы етістіктің шартты райынан болған, 5-сөйлем - басыңқы.

Аралас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің арасына ретіне қарай сабақтас құрмаластың және салалас құрмаластың ішіндегі жай сөйлемдердің арасына қойылатын тыныс белгілері қойылады.

«Құрмалас сөйлем» тақырыптары бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлем недеп аталады?

А. Жай сөйлем.

В. Құрмалас сөйлем.

С. Аралас сөйлем.

Д. Атаулы сөйлем.

2. Құрамындағы жай сөйлемдерінің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысатын құрмалас қай қатарда берілген?

А. Сабақтас құрмалас.

В. Салалас құрмалас.

С. Аралас құрмалас.

Д. Хабарлас құрмалас.

3. *Жақсыға ұстаздық етсең, болашақтан тірек табасың* - сабақтастың қай түрі?

А. Шартты бағыныңқы.

В. Мезгіл бағыныңқы.

С. Мақсат бағыныңқы.

Д. Себеп бағыныңқы сабақтас.

4. *Ат өнері білінбес, бәйгеге түсіп жарыспай* - шартты бағыныңқының баяндауышы қалай жасалған?

А. Етістіктің шартты райынан.

В. Көсемшенің болымсыз түрінен.

С. Есімшеден.

Д. Еліктеу сөзден.

5. Шартты райдың *–са, -се* жұрнақтары арқылы сабақтастың қай түрі жасалады?

А. Себеп бағыныңқы.

В. Шартты бағыныңқы.

С. Мезгіл бағыныңқы.

Д. Қарсылықты бағыныңқы

6. *Аяғын баса алмаған соң, еңбектеп есікке келді* – деген сөйлем сабақтастың қай түріне жатады?

А. Себеп бағыныңқы.

- В. Мақсат бағыныңқы.
- С. Ыңғайлас бағыныңқы.
- Д. Қарсылықты бағыныңқы.
7. Себеп бағыныңқының сұрақтары қандай?
- А. Қандай?, қайтсе?
- В. Қашан?, қайтіп?
- С. Неліктен?, неге?, не деп?
- Д. Қандай?, қай?, неге?
8. Мезгіл бағыныңқы сабақтасқай қатарда дұрыс берілген?
- А. Қалаға ол, күн көтерілген соң жетті.
- В. Егінсіз болса, жер мұңлық.
- С. Бұрын көрмегендіктен, таңдана қарады.
- Д. Не ексең, соны орасың.
9. *Үйдегілер тысқа шықса, таң аппақ боп атқан екен* - деген сөйлем сабақтастың қай түрі?
- А. Мезгіл бағыныңқы.
- В. Шартты бағыныңқы.
- С. Қарсылықты бағыныңқы.
- Д. Қимыл-сын бағыныңқы.
10. Бағыныңқысы басыңқыдағы істің, амалдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрін қандай сабақтас дейміз?
- А. Қимыл-сын бағыныңқы.
- В. Мезгіл бағыныңқы.
- С. Шартты бағыныңқы.
- Д. Қарсылықты бағыныңқы.

ТӨЛ СӨЗ БЕН ТӨЛЕУ СӨЗ

1-§ Төл сөз бен төлеу сөз туралы түсінік

Кейде сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің де сөзін, айтқан ойын келтіріп отырады. Сөйтіп, бір сөйлемнің ішінде екі адамның сөзі, пікір, ойы қолданылады. Мысалы: *Жұман көштің алдына түсіп алып: “Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін”, - деп келе жатыр еді* (Ғ.Мүсірепов).

Бұл мысалда *Қайтсем Игіліктің жанына қаттырақ батырар екенмін»* деген Жұманның сөзі өзгеріссіз сөйлемнің ішіне енген. Міне, осындай біреудің сөзін бұлжытпай, өзгертірілмей өз сөзінің ішінде берілуін **төл сөз** дейміз.

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана сақтап беруін **төлеу сөз** дейміз. Жоғарыдағы сөйлемді былай да құруға болады:

Жұман көштің алдына түсіп алып, қайтсе Игіліктің жанына қаттырақ батыруды айтып келе жатыр еді. Бұнда Жұманның сөзі өз аузынан шыққан қалпындай беріліп тұрған жоқ. Мысалы: *Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, комиссар Мұхамедияров менің осы ротаға политрук болып тағайындалғанымды айтты* (Ғ.Мүсірепов) деген комиссар Мұхамедияровтың сөзі сол күйінде емес, сөйлем ішінде мазмұны сақталып берілген.

Төл сөзді төлеу сөзге және, керісінше, төлеу сөзді төл сөзге айналдыруға болады.

2-§ Төл сөз бен автор сөзі және олардың орын тәртібі

Төл сөзді де, төлеу сөзді де жеткізіп оған түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзін **автор сөзі** дейміз. Жоғарыдағы мысалдарды: *Жұман көштің алдына түсіп алып... деп келе жатыр еді және Амандық-саулық сұрасқаннан кейін, комиссар Мұхамедияров..., айтты* дегендер автор сөзі болады.

Сөйтіп, автор сөзі төл сөздің кімнің сөзі екенін, кімге қаратылып айтылатындығын, қандай жағдайда айтылғандығын айқындап белгілеп тұрады.

Төл сөз бен автор сөзі айтылуда белгілі дауыс ырғағы арқылы, жазылуда тыныс белгілері арқылы ажратылады да, төлеу сөз бен автор сөзі олай ажыратылмай, тұтас бір сөйлем құрамында жұмсалады.

Төл сөз бен автор сөзі, әдетте, автор сөзінің құрамында қолданылатын *де* (*деді, деп, дейді, деген, дегендей*) көмекші етістігі арқылы байланысады.

Төл сөзбен автор сөзінің орналасу тәртібі төрт түрлі болады:

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: *“Дені сау кісіге қарап отыру қиын ғой, - деп Жамал даусын солғындау шығарады* (Ф.Мұстафин).

2.Төл сөз автор сөзінен кейін тұрады. Мысалы: *Жиреніе шешен сөз таба алмай ұялып қалды: “Ұят болды. Өзім де өкіндім”* (М.Әуезов).

3. Төл сөз автор сөзінің ортасында тұрады. Мысалы: *Келді де: “Абай шырағым, сені әкең шақырып жатыр”, - деді.* (М.Әуезов).

4. Төл сөз автор сөзінің екі жағында тұрып, автор сөзі төл сөздің ортасында орналасады: *“Өз өлеңім емес, - деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, - бағана, кешке Шәжәні көріп ем, соның өлеңі”* (М.Әуезов).

Кейде төл сөз бен автор сөзінің көп құрамды күрделі түрі де кездеседі:*Ол сабырлы, момын пішінмен: “Шүкірлік, әке, - деп біраз тұрды да: Ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатихасын алып қайттым”, - деді* (М.Әуезов).

Төл сөз бен автор сөзі бір–бірінен арнаулы тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөз, әдетте, тырнақшаға алынады да, төл сөз хабарлы сөйлем болса, үтір (сөйлем бітсе нүкте), лепті сөйлем болса, леп белгісі, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі қойылады.

Төл сөздің алдында тұрған автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады да, төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдына сызықша қойылады. Оны схемамен былай көрсетуге болады:

1. **“төл сөз”,** - автор сөзі.

2. автор сөзі: **“төл сөз”**,

3. автор сөзі: **“төл сөз”**, - автор сөзі

4. **“төл сөз”**, - автор сөзі, - **“төл сөз”**,

Кейде төл сөз тырнақшағы алынбай, төл сөз сызықшамен басталып жазылады. Схемасы былай:

автор сөзі: - **төл сөз**, - автор сөзі - **төл сөз**, - автор сөзі

3-§ Төлеу сөз

Сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертіп, мазмұнын ғана сақтап беруді **төлеу сөз** дейміз. Ондайда басқа біреудің сөзі автор сөзімен тұтасып айтылады.

Төл сөзді төлеу сөзге айландырып қолдануға да болады: *Абай бұған күлді де: “Шыңғыс деген белгісі хан аты ғой”, - деді (М.Әуезов) деген сөйлемді төлеу сөзге айналдырсақ, былай болар еді: Абай бұған күлді де, Шыңғыс деген белгісі хан аты екенін айтты.*

Төл сөз төлеу сөзге айналғанда, мынадай өзгерістер болады:

1. Төл сөздегі бастауыш төлеу сөзге айналғанда анықтауыш немесе басқа тұрлаусыз мүшелердің біріне айналып кетеді. Мысалы: *“Биік мансап – биік жартаc”*, - дейді Абай. Мансап – бастауыш.

Төлеу сөзге айналдырайық: *Абай биік мансаптың биік жартаc екенін айтады.*

2. Төл сөздің автор сөзімен байланысуы үшін, мәтінде жоқ болса да, төлеу сөзде *айтты, хабарлады, бұйырды, өтінді, сұрады* сияқты етістіктер қажет болып отырады.

Төл сөз

1. Ол менен:

Төлеу сөз

1. Ол менен қайда баратынымды

- Сен қайда барасың?- деп (қайда баратыным жөнінде) сұрады.
сұрады:

2. Асан: 2. Асан әкесінің көп жылдардан
- Әкем көп жылдан бері бері фермердің жылқысын
фермердің жылқысын бағатынын айтты.
бағады, - деді (С.Бақ.).

4. Төл сөздің құрамындағы баяндауыш қызметіндегі сөз немесе сөздер тобы төлеу сөзге айналғанда, толықтауыш, бастауыш сияқты сөйлемнің басқа мүшелеріне айналып кетеді. Мысалы: “Жұмысқа күнде кешікпей келуге міндеттісіңдер” – деді басшымыз (міндеттісіңдер – баяндауыш).

Төлеу сөз:Басшымыз біздің жұмысқа күнде кешікпей келуге міндетті екендігіміз туралы айтты.

- Жұмысшылардың жалпы жиналысы болады, - деді Рамазан (Н.Ғабдуллин).

Төлеу сөз:Рамазан жұмысшылардың жалпы жиналысы болатындығын айтты.

4-§ Диалог

Көркем әдебиетте екі я одан да көп адамдардың тікелей бір-бірімен сөйлескен сөзі беріледі. Ондай екі кісінің бір-бірімен тікелей сөйлескен сөзін **диалог** дейміз.

Диалогта әрбір кісінің сөзінің алдынан сызықша қойылып, жаңа жолдан бастап жазылады.

- Баймақан итті елеместен сөйлеп тұр:
- Жолдас Ахмет Борантаев, сіз әскерде болдыңыз ба ?
- Жоқ.
- Мичуринді де оқыған жоқсыз ба ?
- Оқымасам да, хабарым бар (Ф.Мұстафин).

«Төл сөз бен автор сөзі» тақырыптары бойынша

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.- *Сен қай ауылдың баласысың?* - деп сұрады Бейсен қарт. Төл сөз қандай сөйлемнен құралған?

А.Сұраулы сөйлем.

В. Лепті сөйлем.

С. Хабарлы сөйлем.

Д. Бұйрықты сөйлем

2. *Мағжан Жұмабайұлы қазақ тілі туралы: «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім», - деді.* Төл сөз сөйлемнің қай жерінде орналасқан?

А. Басында.

В. Ортасында.

С. Соңында.

Д.Орналаспаған.

3. Біреудің сөзін автор тарапынан өзгеріске ұшырап берілуін қандай сөз дейміз?

А. Автор сөз.

В. Төл сөз.

С. Төлеу сөз.

Д. Қыстырма сөз.

4. Төл сөзбен байланысты айтылған сөйлеушінің өз сөзін не дейміз?

А. Автор сөзі.

В. Төлеу сөз.

С. Төл сөз.

Д. Қыстырма сөз.

5. Төл сөзбен автор сөзі қандай көмекші етістік арқылы байланысады?

А. Отыр, жүр.

В. Деп, деді, деген.

С. Еді, деп, отыр.

Д. Отыр, тұр.

6. *Келді де: «Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр», - деді.* Төл сөз қай жерде орналасқан?

А. Сөйлем басында.

В. Сөйлем соңында.

С. Сөйлем ортасында.

Д. Орналаспаған.

7. *«Ғылым таппай мақтанба», - деді Абай* - деген сөйлемнің сызбасын анықта.

А. «Төл сөз», - автор сөзі.

В. Автор сөзі: «төл сөз», - автор сөзі.

С. Автор сөзі: «төл сөз».

Д. «Төл сөз», - автор сөзі - «төл сөз».

8. Төл сөз бен төлеу сөзді де жеткізіп, оған түсінік беретін сөзді не дейміз?

А. Төл сөз.

В. Төлеу сөзі.

С. Автор сөзі

Д. Шылау сөз.

9. *Пай-пай! Шіркін, қазақтың келіндері-ай!* Берілген сөйлем одағайдың қай мағыналық түрі?

А. Шақыру.

В. Көңіл-күй.

С. Жекіру.

Д. Еліктеу.

10. Екі адамның сөйлескен сөзін не дейміз?

А. Монолог.

В. Диалог.

С. Шылау.

Д. Полилог.

11. Монологта еше адам қатысады?

A. 1.

B. 2.

C. 3.

Д. Ешқандай адам қатыспайды.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары

«Тіл туралы мәлімет» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
В	А	С	А	В	А	А	С	С	В

«Фонетика» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	С	А	С	В	С	А	В	А	С

«Лексика» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	С	Д	В	С	С	А	В	В	С

«Сөздердің жасалуы» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
С	А	В	А	В	В	Д	А	С	С

«Зат есім» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Д	С	В	Д	Д	А	С	В	Д	В

«Сын есім» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
В	Д	А	Д	В	С	В	Д	Д	В

«Сан есім» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Е	Д	Д	С	С	Д	Д	Д	А	А

«Есімдік» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары :

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Д	А	Д	В	Д	С	С	С	В	Д

«Етістік» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Д	А	В	С	А	С	В	А	В	А

«Етістіктің шақтары» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	А	Д	С	Д	С	Д	В	А	А

«Етістіктің райлары » тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	С	А	С	Д	В	В	А	Д	Д

«Етіс», «Тұйық етістік» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	В	Д	Д	С	С	Д	А	В	С

«Есімше», « Көсемше » тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
С	В	А	А	В	С	Д	В	С	В

«Үстеу» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары :

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	Д	А	С	С	Е	Е	С	А	В

«Шылау» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары :

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
В	В	С	А	С	В	С	В	В	С

«Одағай»,« Еліктеу сөз» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	Е	В	С	В	В	Д	Д	В	Д

«Синтаксис» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
С	А	В	Д	В	С	Д	С	Д	Д

«Жай сөйлем» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	В	Д	С	С	А	С	А	С	Д

«Сөйлем мүшелері» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
С	С	В	С	В	А	В	В	В	С

«Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» тақырыбы тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
В	Д	В	А	В	С	Д	С	В	С

«Құрмалас сөйлем» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
В	В	А	В	В	А	С	А	А	А

«Төл сөз бен автор сөзі» тақырыбы бойынша тест сұрақтарының жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
А	В	С	А	В	С	А	С	Д	В

ӘДЕБИЕТТЕР:

I

1. Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. // Баркамол авлод — Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. — Т.: Шарқ, 1997.
2. Каримов И.А. Өзбекстан тәуелсіздікке жету босағасында. — Т.: Ўзбекистон, 2011.
3. Каримов И.А. Жоғары руханият — жеңілмес күш. — Т.: Маънавият, 2008.
4. Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасы // Баркамол авлод — Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. — Т.: Шарқ, 1997.
5. Жалпы орта білімнің мемлекеттік білім стандарттары және оқу бағдарламасы // Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігінің ақпараты, 7-арнаулы нөмір, Т.: Шарқ, 1999.

II

Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. Алматы, 1992;

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993;
2. Болғанбаев Ә, Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997;
3. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. Алматы, 1999;
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. - А.: Атамұра, 1991;
5. Хасенов Ә. Тіл білімі. - А.: Атамұра, 2003;
6. Тұрбалиева Г. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесі. - А.: Фолиант, 2007;
7. Ибрагимов Қ. Шың-кітап. - Алматы, 2010;
8. Балақаев М, Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 2009;
9. Балақаев М, Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 2008;
10. Исаев С. Қазақ тілі. - А.: Өнер, 2007;

11. Бектұров Ш. Қазақ тілі «Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис» -
А.: Атамұра, 2006.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Ана тілінің маңызы мен қоғамдық қызметі	5
1-§ Тіл- адамдар арасындағы қатынас құралы.....	6
2-§ Қазақ тілі- қазақ халқының ана тілі.....	6
3-§ Қазақ тілінің туыстас тілдер ішінде алатын орны.....	8
«Тіл туралы мәлімет» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	11
Фонетика	
1-§ Фонетика туралы түсінік.....	13
2-§ Дыбыс пен әріп.....	14
3-§ Дауысты дыбыстар.....	15
4-§ Дауысты дыбыстардың емлесі.....	16
5-§ Дауыссыз дыбыс.....	18
6-§ Дауыссыз дыбыстардың емлесі.....	18
7-§ Буын және оның түрлері.....	20
8-§ Тасымал және екпін туралы.....	21
9-§ Үндестік заңы. Буын және дыбыс үндестігі.....	23
10-§ Орфография және орфоэпия.....	24
Ана тілінің фонетика саласы бойынша тест сұрақтары.....	26
Лексика	
1-§ Лексика туралы жалпы түсінік.....	28
2-§ Қазақ тілінің сөз байлығы туралы түсінік.....	30
3-§ Сөз және оның мағынасы.....	30
4-§ Сөздердің тура және ауыспалы мағыналары.....	32
5-§ Көп мағыналы сөз.....	33
6-§ Омонимдер және паронимдер.....	33

7-§ Синонимдер мен антонимдер.....	35
8-§ Жалпылама қолданылатын сөздер мен терминдер.....	36
9-§ Басқа тілдерден енген сөздер.....	37
10-§ Диалект және кәсіби (профессионалдық) сөздер.....	37
11-§ Көнерген сөздер мен неологизмдер.....	38
12-§ Тұрақты тіркестер.....	39
«Лексикология» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	41
Сөздердің жасалуы	
1-§ Сөзжасам туралы түсінік.....	43
2-§ Сөздердің жасалу жолдары мен сөздік құрамы.....	43
3-§ Түбір мен қосымша.....	44
5-§ Дара сөздер мен күрделі сөздер.....	45
6-§ Біріккен сөздер.....	46
7-§ Қос сөздер.....	47
8-§ Қысқарған сөздер.....	48
9-§ Тіркесті сөздер.....	49
«Сөздердің жасалуы» бөлімі бойынша тест сұрақтары.....	50
Сөз таптары. Сөз таптары туралы түсінік.....	
1-§ Зат есім. Зат есім туралы түсінік.....	52
2-§ Зат есімнің жасалуы.....	53
3-§ Зат есімнің жалғаулары.....	54
4-§ Зат есімнің сөйлемдегі қызметі.....	56
«Зат есім» сөз табы бойынша тест сұрақтары.....	58
Сын есім	
1-§ Сын есім туралы түсінік.....	60
2-§ Сын есімнің жасалуы.....	60
3-§ Сын есімнің мағыналық түрлері.....	61

4-§ Сын есімнің шырайлары.....	62
5-§ Сын есімнің емлесі мен сөйлемдегі қызметі.....	63
«Сын есім» сөз табы бойынша тест сұрақтары.....	65
Сан есім	
1-§ Сан есім туралы түсінік.....	67
2-§ Сан есімнің түрлері және оның емлесі.....	67
3-§ Сын есімнің сөйлемдегі қызметі.....	69
«Сан есім» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	70
Есімдік	
Есімдік, оның емлесі және сөйлемдегі қызметі.....	72
«Есімдік» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	74
Етістік	
1-§ Етістік туралы түсінік.....	76
2-§ Негізгі етістік пен көмекші етістік.....	78
3-§ Дара етістік пен күрделі етістік.....	79
4-§ Болымды және болымсыз етістік.....	79
5-§ Сабақты және салт етістіктер.....	80
«Етістік» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	81
Етістіктің шақтары	
1-§ Етістіктің шақтары туралы түсінік.....	83
2-§ Осы шақ және оның түрлері.....	85
3-§ Келер шақ және оның түрлері.....	87
4-§ Өткен шақ және оның түрлері.....	89
«Етістіктің шақтары» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	93
Етістіктің райлары	
Етістіктің райлары туралы түсінік.....	95
«Етістіктің райлары» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	97
Етіс.....	99

Тұйық етістік.....	99
«Етіс», «Тұйық етістік» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	100
Есімше.....	102
Көсемше.....	103
«Есімше», «Көсемше» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	103
Үстеу	
1-§ Үстеу туралы түсінік.....	105
2-§ Үстеудің құрамдық түрлері.....	106
3-§ Үстеудің мағыналық түрлері.....	108
4-§ Үстеудің емлесі мен сөйлемдегі қызметі.....	110
«Үстеу» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	111
Шылау	
1-§ Шылау сөздер туралы түсінік.....	113
2-§ Септеулік шылаулар.....	114
3-§ Жалғаулық шылаулар.....	116
4-§ Демеулік шылаулар.....	117
5-§ Шылаулардың емлесі.....	119
«Шылау» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	119
Одағай	
1-§ Одағай сөздер туралы түсінік.....	121
2-§ Одағайдың түрлері.....	122
Еліктеу сөз	
1-§ Еліктеу сөздер туралы түсінік.....	123
2-§ Еліктеу сөздердің түрлері.....	123
«Одағай», «Еліктеу сөз» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	125
Синтаксис	
Синтаксис туралы түсінік.....	127

1-§	Сөздердің байланысу тәсілдері мен	127
түрлері.....		
2-§	Сөз тіркесі.....	129
«Синтаксис» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....		130
Жай сөйлем синтаксисі		
1-§	Сөйлем туралы	132
түсінік.....		
2-§	Сөйлемнің түрлері.....	133
«Жай сөйлем синтаксисі» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....		135
Сөйлем мүшелері.....		137
1-§	Бастауыш және оның жасалуы.....	137
2-§	Баяндауыш және оның жасалуы.....	139
«Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» тақырыбы бойынша тест сұрақтары....		140
Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері		
1-§	Толықтауыш.....	142
2-§	Анықтауыш.....	143
3-§	Пысықтауыш.....	144
4-§	Сөйлемнің біріңғай мүшелері.....	145
5-§	Айқындауыш.....	146
6-§	Үйірлі мүше.....	147
7-§	Оқшау сөздер.....	148
8-§	Жай сөйлемнің түрлері.....	149
«Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері» тақырыбы бойынша тест сұрақтары..		151
Құрмалас сөйлем		
1-§	Құрмалас сөйлем туралы жалпы түсінік.....	153
2-§	Салалас құрмалас сөйлем.....	156
3-§	Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері.....	157
4-§	Сабақтас құрмалас	163
сөйлем.....		

5-§ Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері.....	165
6-§ Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас.....	169
7-§ Аралас құрмалас сөйлем.....	170
«Құрмалас сөйлем» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	172
Төл сөзбен төлеу сөз	
1-§ Төл сөзбен төлеу сөз туралы түсінік.....	174
2-§ Төл сөзбен автор сөзі және олардың орын тәртібі.....	174
3-§ Төлеу сөз	176
4-§ Диалог....	177
«Төл сөзбен төлеу сөз» тақырыбы бойынша тест сұрақтары.....	178
Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары.....	180
Пайдаланған әдебиеттер тізбегі.....	184